

ДУНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ

ХРЕСТОМАТИЯ

Жалпы білім беретін мектептің
9-сыныбына арналған оқу құралы

Өндөлген үшінші басылымы

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы “Мектеп” 2013

УДК 373.167.1
ББК 63.3(0)я72
Д87

Құрастыргандар:

**К. Қожахметұлы, Ә. Шүпеков,
М. Ғұбайдуллина, Р. Бекіш**

Д87 **Дүниежүзі тарихы: Хрестоматия.** Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқу құралы / Құраст.: К. Қожахметұлы, Ә. Шүпеков, М. Ғұбайдуллина, Р. Бекіш. — Өнд. З-бас. — Алматы: Мектеп, 2013. — 168 б.

ISBN 978—601—293—897—5

Д 4306020600—112 24(3)—13
404(05)—13

УДК 373.167.1
ББК 63.3(0)я72

© Қожахметұлы К., Шүпеков Ә.,
Ғұбайдуллина М.,
Бекіш Р., (құраст.) 2005
© “Мектеп” баспасы, көркем
безендірілуі, 2013
Барлық құқықтары қоргалған
Басылымның мұліктік құқық-
тары “Мектеп” баспасына тиесілі

ISBN 978—601—293—897—5

I бөлім. ЕУРОПА ЖӘНЕ АМЕРИКА ЕЛДЕРІ (1914—1939 жж.)

АҚШ

ФЕДЕРАЛДЫҚ КОНСТИТУЦИЯГА ТҮЗЕТУЛЕР

XIX түзету

Құрама Штаттар азаматтарының сайлауга қатысу құқығын олардың жынысына байланысты АҚШ-тың өзі де, сондай-ақ штаттар да бұзып, не шектей алмайды.

1. Конституцияга он тоғызыныш түзетуді 1919 жылдың 4 маусымында 66-конгресс ұсынып, сол күні Сенат қабылдады. Өкілдер палатасы мақұлдағаннан кейін түзету 1920 жылдың 18 тамызында бекітілді.

XX түзету

1-бөлім. Президент пен вице-президенттің өкілеттік мерзімі жиырмасыныш қантар күні тұс кезінде бітеді, ал сенаторлар мен өкілдердің өкілеттік мерзімі үшінші қантарда тұс кезінде бітеді, осы кезден бастап олардың мұрагерлерінің өкілеттік мерзімі басталады.

2-бөлім. Конгресс жылына кем дегенде бір рет жиналады, ал оның мәжілістері, егер конгресс заңмен басқа күнді белгілемесе, үшінші қантар күні түсте басталады...

2. Конституцияга жиырмасыныш түзетуді 1932 жылдың 2 наурызында 72-конгресс ұсынып, Сенат пен Өкілдер палатасы мақұлдады. Түзетуді бекіту 1933 жылдың 23 қантарында аяқталды.

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. М., 1996. Т. 2.
С. 298.

Ф. Д. РУЗВЕЛЬТТИң КОНГРЕСКЕ ЖОЛДАУЫ

17 мамыр, 1933 жыл.

Конгрестің арнайы сессиясы аяқталғанша мен біздің ұлттық науқанымызда бұдан байлай халықты жұмыспен қамтамасыз ету жөніндегі екі шараны ұсынбақшымын.

Менің бірінші ұсынысым — конгресс тиесілі жалақыны сақтай отырып, бүкіл индустрия саласы бойынша (адамдарды жұмысқа негұрлым көп тарту мақсатында) жұмыс алтасын қысқартуды келісімді жүргізуге және өділетсіз бәсеке мен өнімдерді артық шығаруды болдырмауға қажетті механизмдерді жасауды қамтамасыз етсе...

Келесі ұсынысым аткарушы билікке “тікелей жұмыспен қамтамасыз етудің” кең көлемді бағдарламасына кірісуге өкілдептік береді. Зерттеулер аса маңызды әрі қолайлы қоғамдық құрылышқа 3 300 млн доллар жұмсауға, сөйтіп барынша көп адамдарға жұмыс беруге мүмкіндік бар екендігіне менің көзімді жеткізіп отыр.

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. М., 1996. Т. 2. С. 302-303.

ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ САУЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ ЗАҢ

Ұлттық өнеркәсіптің сауықтыру, таза бәсекелестіктің көтермелегу, қогамга пайдалы жұмыстарды үйымдастыру және басқа да кейбір мақсаттарға жету туралы заң

16 шілде, 1933 жыл.

...Сөйтіп, елімізде қыншылық туып, жұмыссыздық бұрынғыдан да кең етек жайып, өнеркәсіптे берекесіздік орнады, өз кезегінде бұлар штатаралық және сыртқы саудаға ауыртпалық салып, халықтың әл-ауқатына үлкен зиянын тигізді. Америка халқының тұрмыстық деңгейінің төмендегені мойындалды. Сонымен қатар конгресс алдағы уақытта штатаралық және сыртқы сауданың еркін дамуына кедері болып отырған қыншылықтарды жою, өнеркәсіпті үйымдастыру мен әртүрлі көсіптік топтар-

дың бірлескен қимылдарын қолдау арқылы бұқараның тұрмыс жағдайын жақсарту және еңбек пен көсіпкерлердің біріккен іс-қимылдарын олардың екеуін де үкімет тарарапынан терезелері тен деп тану және басқару негізінде жігерлендіру мен қолдау; өндірісті қажетсіз тежеулерден құтқару; халықтың сатып алушылық қабілетін көтеру арқылы өндіріс пен ауылшаруашылық өнімдерін тұтынуды арттыру; жұмыссыздықты азайтуға; сондай-ақ өнеркәсіпті жандандырып, табигат байлықтарын сақтауға бағытталған саясат жүргізуге үмтүлады деп мәлімдейді.

Қоғамдық жұмыстарды төменше федералдық басқару.

Әкім президенттің жарлықтарына байланысты қоғамдық жұмыстарды жүргізуінде кеңейтілген бағдарламасын жасайды, ол басқа жұмыстармен бірге міндетті турде мына төмендегі жұмыстарды қамтуы тиіс:

а) тасжолдар мен магистральдар, қоғамдық ғимараттар мен басқа да мемлекеттік көсіпорындар және коммуналдық құрылыштарды салу, жөндеу және жақсарту жұмыстары;

б) табигат байлықтарын сақтау мен оларды өндіруді ұлғайту, суды пайдалану мен тазалауды бақылау, топырақ және жағалаулар эрозиясының алдын алу; су энергетикасын дамыту, электр қуатын жеткізу, өзен және порт құрылыштарын салу және су тасқынына жол бермеу.

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. М., 1996. Т. 2.
С. 305—307.

МАҚТА МАТА ТОҚЫМА ӨНЕРКЕСІБІНДЕГІ ӘДІЛЕТТИ БӘСЕКЕ ТУРАЛЫ КОДЕКС

17 шілде, 1933 жыл.

...Мақта мата тоқыма өнеркәсібінің барлық көсіпкерлері өздерінде жалданып жұмыс істеушілерге, шекірттерге олардың алты апталық үйренуші мерзімінде, мақта тазалаумен айналысадын және маусымдық жұмысшылардан басқаларына 40 сағ жұмыс күні үшін онтүстік белдеуде аптасына кем дегенде 12 долл, солтүстік белдеуде кем дегенде 13 долл жалақы төлеуге міндетті.

...Мақта мата тоқыма өндірісінің кәсіпкерлері жөндеу жұмысшылары, механиктер, электриктер, өртсөндірушілер, қызметкерлерден... басқа жалданып жұмыс істеушілердің барлығының жұмыс күндерін алтасына 40 сағтан аспайтындағы етіп жоспарлауга міндетті.

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. М., 1996. Т. 2. С. 307-308.

ҰЛЫБРИТАНИЯ

ХАЛЫҚ ӨКІЛЕТТІП ТУРАЛЫ АКТ

1928 жыл.

1-бап. 1) Кез келген тұлға, егер ол кәмелетке толған және өзінің құқыққабілеттілігінен ешқандай түрде айырылмаған болса, сонымен бірге:

- а) тұрган мекенінде тиісті мамандығы бар болса;
- б) іскерлік мақсатқа қажетті мамандығы бар болса;
- в) немесе өзінің іскерлік мақсатқа қажетті мамандығы барлығы себепті тізімге енгізілуге құқықты тұлғаның ері немесе әйелі болып саналатын әрбір адам университеттік немесе басқа сайлау округінің біріне парламент сайлаушысы ретінде тізімге тіркелуге құқылы.

2-бап. Кәмелетке толған және қандай жағдайда болсын өзінің құқыққабілеттілігінен айырылмаған, бүкіл сайлау округін немесе оның бір бөлігін құрайтын университетте немесе оның секцияларының бірінде атақ алған — егер ол құрметті атақ болмаса, кез келген тұлға... университеттік сайлау округінің парламенттік сайлаушыларының тізіміне тіркелуге құқылы.

8-бап. 1) Қандай да бір сайлау округінің парламенттік сайлаушысы ретінде тізімге енгізілген тұлға (оның жынысына немесе некеде бар-жоғына қарамастан) парламентте осы округтің атынан өкілдік ететін парламент мүшесін сайлауга дауыс беруге құқылы...

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. Т. 2. С. 322-323.

ТӘЖ МИНИСТРЛЕРІ ТУРАЛЫ АКТ

(Ұзінды)

1937 жыл.

1. (1) Жыл сайын төленетін жалақы:

а) осы актінің бірінші тізімінің бірінші бөлігінде көрсегілген Тәж министрлерінің өркайсысына, оның дәрежесін ескере отырып, бес мың фунт стерлинг;

б) Қаржы министрлігінің бас хатшысына және мемлекеттік министрлерге — қазынаның бірінші лорды ретіндеге осындай сомадағы жылдық жалақы, бірақ қандай да бір жағдайда бес мың фунт стерлингтен жоғары болмайдындей;

г) қауымдар палатасындағы көшпілік партияларда партиялық “қамшыға” (парламенттік партиялық үйымдастыруышыға) — жылына екі мың фунт стерлинг.

(3) Осы бөлімде аталған министрлік лауазымдар үшін аса жоғары еңбекақы мөлшері төленетін тұлғалар саны мынадай:

а) мемлекеттік хатшылар лауазымдары үшін — тоғыздан көп емес;

б) мемлекеттік министрлік лауазымдары үшін — он тоғыздан көп емес;

в) Қаржы министрлігінің хатшылары үшін — екіден көп емес;

г) Қаржы министрлігінің хатшыларынан басқа парламент хатшылары лауазымдары үшін — отыз алтыдан көп емес;

д) үкімет “қамшылары” лауазымдары үшін (басқарушы партиялардың парламенттік үйымдастыруышылары) — алтыдан көп емес. Лауазымдық қызметтер үшін талап етілген үй-жайға ие болады. (2) Талап етілген отырықшылыққа немесе округте лауазымдық үй-жайға ие болады; (а) ер адам мамандану кезеңінің соңғы күнінде округ аумағында тұрады немесе онда лауазымдық қызметтер үшін үй-жайды иеленеді; және (б) округте бүкіл мамандану кезеңінде тұрды немесе онда лауазымдық қызметтер үшін үй-жайды иеленді... (в) “лауазымдық қызметтерге арналған үй-жай” деген сөз лауазымдық немесе көсіби мақсаттарда тіркелген тұлға иеленген, жылына 10 фунт стерлингтен кем төленбейтін жер немесе үй-жайды білдіреді.

1. Бірінші тізімнің бірінші бөлігіне: қазына канцлері, мемлекеттік хатшылар, Адмиралтействоның бірінші лорды, сауда министрі, ауылшаруашылық және балық аулау министрі, ағарту министрі, деңсаулық сактау министрі, еңбек министрі, көлік министрі, қорғаныстың үйлестіру жөніндегі министр кіреді.

2. Сол кезден бастап жалақы мөлшері өзгерді, бірақ оны белгілеу принципі толығымен сақталды.

Современные зарубежные конституции.
М., 1992.

ПАРЛАМЕНТ ТУРАЛЫ
АКТИНІ ӨЗГЕРТУ ЖӨНІНДЕГІ
1949 ЖЫЛҒЫ 16 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЗАҚ

(Үзінді)

1911 жыл.

1) Осы заң 1949 жылғы Парламент туралы Заң ретінде аталауы мүмкін.

2) Осы заңға және 1911 жылғы Парламент туралы Заңға бір заң ретінде түсінік берілуі тиіс және 1911 жыл мен 1949 жылғы Парламент туралы Зандар ретінде оған сілтемелер бірлесіп жасалуы мүмкін. 1911 жылғы Парламент туралы Зандың 1-тармак, 4-бабына сәйкес (осы заңға келісті Ұлы мәртебелі ұсынған заң жобасына енуге тиісті заңды күшіне енгізу туралы шартты дәлмендөл анықтайдын), “1911 жылғы Парламент туралы Заң” сөзі “1911 және 1949 жылдардағы Парламент туралы Заң” сөзімен алмастырылып қолданылатын болады.

1949 жылғы бірінші Заң мен лордтар Палатасындағы билльдерді талқылау ұзақтығы екі жылдан бір жылға дейін азаяды (іс жүзінде одан да аз). 1963 жылғы Заң арқылы пәр титулын мұрага иеленуші қауымдар Палатасына сайлануға құқық алу үшін, сонымен бірге белсенді саяси қызметпен айналысу үшін одан бас тарта алады. 1914 жылдан бастап, осы күнге дейін лордтар тек бірнеше жағдайлардаға (мәселен, 1949 жылы) парламенттік билльдерді қабыл алмады, бірақ қауымдар Палатасы олармен келіспеген кезде өздерінің түзетулерін енгізуіне аса ынталылық көрсете қойған жок.

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. М., 1996. Т. 2. С. 348.

ФРАНЦИЯ

ХАЛЫҚТЫҚ МАЙДАН ЗАҢДАРЫ

Өндірісте, саудада, еркін мамандықтарда,
үй қызметінде және ауыл шаруашылығында жыл
сайынғы ақылы демалыс белгілейтін заң

20 маусым, 1936 жыл.

54f-бап. Өндірісте, сауда және еркін мамандықтармен
немесе кооперативтік серіктестіктерде қызмет ететін өрбір
жұмысшы, қызметкер және тәлімгер, сонымен бірге
колөнершілер шеберханаларындағы шебердің жәрдемші-
лері мен шекірттері көсіпорында бір жыл үздіксіз еңбек
еткеннен кейін кем дегендеге 14 кундік, оның 12-сі жұмыс
күндері, ақылы демалысқа шығуға құқылыш...

54d-бап. Жұмысшы, қызметкер, шебердің көмекшісі
және тәлімгер демалысқа шыққанда сыйақы алады...
Демалыс күндері үшін сыйақы белгілегендеге көпбалалы
отбасылар үшін, сондай-ақ қосымша және заттай берілетін
төлемдер қосылуы қажет.

Хрестоматия по всеобщей истории
государства и права. М., 1996. Т. 2.
С. 444.

ӨНДІРІСТЕ ЖӘНЕ САУДА КЕСІПОРЫНДАРЫНДА
40 САҒ-ТАҚ ЖҰМЫС АПТАСЫН БЕЛГІЛЕЙТИН ЖӘНЕ
ЖЕРАСТЫ КЕН ОРЫНДАРЫНДА ЕҢБЕК УАҚЫТЫНЫҢ
ҰЗАҚТЫҒЫН БЕКІТЕТІН ЗАҢ

(Үзінделі)

27 маусым, 1936 жыл.

Екінші еңбек кодексі кітабының 1-титулының II тарауы
(еңбек мерзімінің ұзактығы) төмендегідей болып өзгерілген.

6-бап. Өнеркәсіп, сауда, колөнер көсіпорындарында
және кооперативтік немесе қосалқы өндірістерде... көп-
шілік не жекеменшіктік, қоғамдық немесе діни, сонымен
бірге қайырымдылық мекемелерінде және кәсіби мектеп-
терде жұмысшылар мен қызметкерлер үшін жынысына

не жасына қарамастан жұмыс мерзімінің ұзактығы аптасына 40 сағ-тан аспауы керек.

8-бап. Жерасты кен орындарында әр жұмысшының жер астында болу мерзімінің ұзактығы аптасына 38 сағ 40 мин-тан артық болмауы қажет.

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. М., 1996. Т. 2. С. 445.

ГЕРМАНИЯ

ЖҰМЫССЫЗДАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАРЛЫҚ

13 қараша, 1918 жыл.

1. Империя қауымдар мен қауымдар одактарына жұмыссыздарға көмек көрсету үшін қаржы беледі.

2. Қауымдар кедейлерге берілетін көмекті алуға құқығы жоқ, жұмыссыздарға қамқорлық жасауга міндепті...

8. Жұмыссыздар ұсынылған жұмыстан, тіпті олар бұрынғы мамандығына сәйкес келмесе де және тұратын жерінен басқа жерде болса да, тіпті қысқартылған жұмыс күні жағдайында да бас тартпаулары керек, себебі ұсынылыш отырган жұмыс осы жердегі реєсми жалақыға сай, денсаулыққа зиянды емес және үйлі-барапандыларға отбасына қамқорлық жасауга кедергі етпейді.

Жұмыс орнына барып-келу тегін. Ақысын түрғылықты жеріндегі жұмыссыздарға қамқорлық жасау қорының есебінен қауым төлейді.

9. Жәрдемақының мөлшері мен тағайындау әдісі қауым не қауымдар одагының қарауына беріледі.

... Ақшалай жәрдемнің орнына заттай көмек беруге (азық-тұлік, пәтер) болады.

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. М., 1996. Т. 2. С. 441.

ГЕРМАН ИМПЕРИЯСЫНЫҢ (ВЕЙМАРЛЫҚ) КОНСТИТУЦИЯСЫ

11 тамыз, 1919 жыл.

I тарау. Империяның құрылышы мен міндеттері

Бірінші бөлім. Империя¹ және облыстар²

1-бап. Герман империясы — республика. Мемлекеттік билікті халық құрайды.

2-бап. Державаның аумағы герман облыстарынан құрада-лады. Басқа аумақтар, егер олардың халық өз тағдырын өзі шешу принципінің негізінде тілек білдірсе, империя заңымен оның құрамына қабылдануы ықтимал...

17-бап. Өрбір облыстың республикалық Конституциясы болуы қажет. Халық өкілдігі Герман империясының азаматтары — ерлер мен әйелдердің тепе-тең өкілеттілігі негізінде жалпыға бірдей, тең, тікелей және жасырын — жабық сайлау құқығына... сәйкес сайлануы қажет. Облыстың үкімет халық сеніміне ие болуы керек...

Екінші бөлім. Рейхстаг

20-бап. Рейхстаг герман халқының депутаттарынан құралады.

22-бап. Депутаттарды тең өкілеттілігі негізінде жалпыға бірдей, тең, тікелей және жасырын дауыс беру жолымен жасы 20-ға жеткен ерлер мен әйелдер сайлайды. Сайлау жексенбі немесе көпшілік демалатын демалыс күндері өткізілуі тиіс...

Үшінші бөлім. Империя президенті және империя үкіметі

41-бап. Империя президентін бүкіл герман халқы сайлайды. Президенттікке жасы 35-ке толған әрбір ұлты неміс азамат сайланана алады...

¹ “Империя” термині (*das Reich*) бұл жерде мемлекет деген ұғымда. — (*Кұраст.*)

² Облыстар (жерлер) — Пруссия, Бавария, т.б. — (*Кұраст.*)

43-бап. Империя президенті 7 жылға сайланады. Қайта сайлауға рұқсат етіледі...

П т а р а у. Немістердің негізгі құқықтары мен міндеттері

Бірінші бөлім. Жекетүлға

109-бап. Заң алдында барлық неміс теңқұқылы... Ақсүйектік атақтар тек тегінің бір бөлігі ретінде ғана қарастырылады да, бұдан былай берілмейді. Әртүрлі атақтар тек лауазымы мен мамандығын білдіретін белгілер есебінде ғана беріледі...

118-бап. Өрбір неміс өз пікірін жалпы зандар шенбөрінде ауызша, жазбаша, баспасөз бетінде, бейнелеу және басқаша түрде еркін білдіруге құқылы... Цензураға рұқсат етілмейді, алайда кинематография үшін заң ерекше қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ порнографияға қарсы қурес пен көпшілік көрмелер мен қойылымдарда жастарды қорғау мақсатында заң аясындағы шараларға рұқсат етіледі...

Екінші бөлім. Қоғамдық өмір

124-бап. Барлық немістер қылмыстық зандарға қайшы келмейтін одақтар мен үйымдар күргуга құқылы...

125-бап. Сайлау бостандығы мен құпиясы қамтамасыз етіледі. Егжей-тегжейі сайлау заңымен анықталады...

Төртінші бөлім. Ағарту ісі және мектеп

145-бап. Жалпыға бірдей мектепте оқу міндетті... Оны жүзеге асыру үшін жалпы ережеге сәйкес 8 жылдық мерзімді халықтық мектептер жұмыс істейді, содан кейін оқу 18 жасқа дейін білім беретін екінші басқыш мектептерінде жүргізіледі. Халықтық мектептер мен екінші басқыш мектептерінде оқу мен оқу құралдарын пайдалану тегін...

149-бап. Дінді оқыту уағызыдауға жатпайтын мектептерден (зайырлы) басқа мектептердің бағдарламасына кіреді. Дінді оқыту және шіркеу жоралғыларын жасау мұғалімдердің келісіміне байланысты. Ондай оқушылардың

дін сабактарына келуі және шіркеу мекемелері мен діниң жоралғыларына қатысуы балаға діни білім беру-бермеу мәселеін шектейтін адамдардың еркінде болады...

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. М., 1996. Т. 2. С. 328 — 343.

ӨНДІРІСТІК КЕҢЕСТЕР ТУРАЛЫ ЗАҢ

4 ақпан, 1920 жыл.

I. Жалпы ережелер

1. Жалданушылардың (жұмысшылар мен қызметкерлердің) және көсіпкерлердің ортақ шаруашылық мүдделерін қамтамасыз ету және көсіпорынның шаруашылық міндеттерін орындауда жалдаушыға көмек көрсету үшін 20 жалданушыдан кем істемейтін барлық көсіпорындарда өндіріс кеңестері құрылуы тиіс.

6. Көсіпорынның жұмысшылары мен қызметкерлерінің шаруашылық мүдделерін қамтамасыз ету үшін барлық көсіпорындарда, құрамында жұмысшылар мен қызметкерлер ұсынылған өндірістік кеңестерде жұмысшылар кеңестері және қызметкерлер кеңестері құрылуы қажет.

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. М., 1996. Т. 2. С. 344.

ҮЛТТЫҚ ҚАЙТА ЖАЦАРУ ҮКІМЕТІН ҚАСТАНДЫҚТАРДАН ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЗАҢ

21 наурыз, 1933 жыл.

...Кімде-кім қасақана империяның немесе жекелеген герман жерінің игілігіне немесе империя жеке жерлер үкіметінің, үкімет партияларының не жеке бірлестіктердің беделіне зор нүқсан келтіретін, шындыққа сай келмейтін, не шындықты бүрмалайтын пікірлерді айтып немесе таратса, егер осы қылмысы үшін одан да ауыр жаза тиісті болмаса, онда ол екі жылға дейін қамау жазасына кесіледі. Егер пікір көпшілік алдында айтылып немесе таратылса, онда үш айға дейін қамауға алынады.

Егер қылмысты әрекет империяға зор зиян келтірсе, онда айыпкер каторгага айдалу жазасына кесіледі.

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. М., 1996. Т. 2. С. 344—345.

ЖАҢА ПАРТИЯЛАРДЫ ҚҰРУҒА ҚАРСЫ ЗАҢ

14 шілдө, 1933 жыл.

1. Германияда бірден-бір саяси партия ретінде Германияның ұлттық-социалистік жұмысшы партиясы өмір сүруде.

2. Егер кімде-кім басқа бір саяси партияның ұйымдық құрамын жасақтауға немесе жаңа саяси партия құруға әрекет жасаса, оның бұл қылмысы басқа зандар бойынша қатаң жазаға тартылмайтын болған жағдайда 3 жыл мерзімге дейін жуасыту үйлеріне жабылады немесе 6 айдан 3 жылға дейінгі қамау жазасына кесіледі.

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. М., 1996. Т. 2. С. 345.

ГЕРМАН ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ЖОГАРҒЫ БАСШЫСЫ ТУРАЛЫ ЗАҢ

1 тамыз, 1934 жыл.

1. Империя президентінің қызметі рейхсканцлердің қызметімен бірліктіріледі. Сол себепті осы уақытқа дейін белгіленген империя президентінің заң күші көсеміміз (фюрер) өрі рейхсканцлер Адольф Гитлердің қолына көшеді. Ол өз орынбасарын тағайындауды.

2. Бұл заң империя президенті фон Гинденбург қайтыс болған күннен бастап өз күшіне енеді.

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. М., 1996. Т. 2. С. 344.

ПАРТИЯ МЕН МЕМЛЕКЕТТИҢ БІРЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТУРАЛЫ ЗАҢ

1 желтоқсан, 1933 жыл.

1934 жылғы 8 шілдедегі заң бойынша енгізілген өзгертулерге қосымша.

1. 1) Үлтшыл-социалистік революцияның женісінен кейін Үлтшыл-социалистік герман жұмысшы партиясы герман мемлекеттік ақыл-ойының иесі және таратушысы болып табылады, сондықтан да мемлекетпен мызғымас бірлікте.

2) Ол (партия) көшпілік құқығының корпорациясы болып табылады. Оның жарғысын көсем (фюрер) бекітеді.

3. 1) Үлтшыл-социалистік герман жұмысшы партиясы мен шабуылшы отрядының (оларға бағынатын бөлімдерді қоса) мүшелеріне үлтшыл-социалистік мемлекеттің бастауышы және жетекші күштері ретінде көсемге, халыққа және мемлекетке қатысты қотеріңкі міндеттер жүктеледі.

2) Өз міндеттерін бұзғаны үшін олар ерекше партия сотына тартылады.

4. Үлтшыл-социалистік герман жұмысшы партиясының құрамына, құрылымына және маңызына зиянын тигізетін барлық іс-әрекеттер мен қателік, өсіреле тәртіп пен реттілікті сақтамау тәртіпбұзуышылық деп танылады.

5. Бұл үшін әдеттегі қызмет бабындағы жазалаудан тыс қамауға алу және түрмеге отырғызу қолданылады.

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. М., 1996. Т. 2.
С. 345-346.

КЕҢЕСТИК РЕСЕЙ. КСРО

БУРЖУАЗИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТТІҢ ҚҰРАМЫ

(Уақытша үкіметтің құрамы мен міндеттері
туралы декларациядан)

3 наурыз, 1917 жыл.

1917 жылы 27 акпанды Петроград Кеңесінің құрылымен бір мезгілде Мемлекеттік Думаның Уақытша комитеті құрылды. Оның құрамына буржуазия өкілдерімен қатар Әсер Керенский кірді.

Мемлекеттік Думаның Уақытша комитеті революцияны құлатуға әрекеттегенімен, оған күштері жетпеді.

Революцияның женіп, ал Петроград Кеңесінің қошбасшылары оның жағында екенине көздері жеткен буржуазия мемлекеттік билікке дәмелерін ашықтан-ашық мәлімдеді. Мемлекеттік Думаның Уақытша комитетінің мүшесі

лері эсерлермен — Петроград Кенесінің меньшевиктік жетекшілерімен буржуазиялық Уақытша үкімет құру туралы келіссөздер бастады. 1917 жылы 2 наурызда буржуазиялық Уақытша үкіметтің құрамы жөнінде жарияланды.

Сонымен, Ресейде Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясының ерекшеліктерінің бірі болып табылатын қос әкімет пайда болды. Алайда нақты билікке Петроград Кенесі ие болды. Оның қарамағында тек Кенестерді ғана мойындаған Петроград гарнizonының әскери бөлімдері болды.

Азаматтар!

Мемлекеттік Дума мүшелерінің Уақытша комитеті астана әскерлері мен тұрғындарының жәрдемі мен жанашырлығы жағдайында қазіргі кезеңде есکі жүйенің қара тунек күштеріне қарсы қарасты айтарлықтай жеңіске жетіп, атқаруышы билікті берік негізде қайта құруға мүмкіндік алды.

Осы мақсатпен Мемлекеттік Думаның Уақытша комитеті өздерінің ішіндегі бұрынғы қоғамдық және саяси қызметтерімен көшпілік сеніміне ие болған мына тұлғаларды бірінші қоғамдық кабинеттің министрлері етіп тағайындауды:

Сыртқы істер министрі — *П. Н. Милюков*.

Соғыс және теңіз министрі — *А. И. Гучков*.

Қатынас жолдары министрі — *Н. В. Некрасов*.

Сауда және өнеркәсіп министрі — *А. И. Коновалов*.

Каржы министрі — *М. И. Терещенко*.

Ағарту министрі — *А. А. Мануилов*.

Қасиетті синодтың обер-прокуроры — *В. Л. Лъвов*.

Егін шаруашылығы министрі — *А. И. Шингарев*.

Заң министрі — *А. Ф. Керенский*.

Революционное движение в России
после свержения самодержавия. Документы и материалы. С. 419-420.

В. И. ЛЕНИН АЗАМАТ СОҒЫСЫНЫҢ ШЫҒУ СЕБЕПТЕРИ ТУРАЛЫ

Бұл соғыстың бізге еріксіз әкеп таңылғаны жүрттың бөріне мәлім. 1918 жылдың басында біз бұрынғы соғысты бітірген едік, ал жана соғысты бастаған жоқпыз, сонда миллиондаған ақшасын онды-солды шашқан Антантаның көмегі арқасында ғана ақ гвардияшылардың батыста, онтус-

тікте, шығыста бізге қарсы аттанғанын жүрттың бәрі біледі...

Ленин В.И. Успехи и трудности Советской власти.//Полн. собр. соч. Т. 38. С. 51.

КЕҢЕСТИК РЕСЕЙГЕ ҚАРСЫ ИНТЕРВЕНЦИЯНЫ ҮЙЫМДАСТАРУДАҒЫ АНТАНТАНЫҢ РӨЛЛ ТУРАЛЫ ЧЕРЧИЛЛЬДІҢ ЕСТЕЛКТЕРИНЕН

Бас штабтың кеңесімен 1919 жылдың шілде айынан бастап Англия оған (Деникинге) басты көмек көрсетті, сөйтіп Дарданелл мен Қара теңіз арқылы 250 мынцай мылтық, 200 зенбірек, 30 танк, аса көп қару-жарак пен снарядтар Новороссийскіге жөнелтілді. Бірнеше жүздеген британ армиясының офицерлері мен еріктілер, кеңесшілер, нұсқаушылар, коймалардың сактаушылары есебінде, тіпті бірнеше үшқыштар Деникин армиясын құруға көмектесті...

Сол жылдардың ішінде біз майданда большевиктерге қас орыстардың мүддесі үшін соғыстық, деп есептеу қателік. Керісінше орыс ақ гвардияшылары біздің мүдделеріміз үшін соғысты. Бұл ақтар армиясы талқандалып, шексіз орыс империясында большевиктер үстемдігі орнаған кезде, ашы да болса шындыққа айналды.

Партия в период иностранной военной интервенции и гражданской войны (1918—1920 гг.). М., 1962. С. 237.

КЕҢЕС РЕСПУБЛИКАСЫН СОҒЫС ЛАГЕРІ ДЕП ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ

(БОАК-тің 1918 жылғы 2 қыркүйектегі қаулысынан)

1918 жылдың жазынан бастап тылда соғыс мақсаттарына бейімдеп қайта құру басталды. Партия жауымызды жену үшін тылда майдан мүдделеріне қызмет етуді қалады.

...Жұмысшы, шаруа, қызыл өскер және казак депутаттары Кеңестерінің Орталық Атқару Комитеті қаулы етеді:

- Кеңес Республикасы соғыс лагеріне айналдырылады.
- Барлық майдандар мен соғыс мекемелерінде басшылық бір қолбасшысы бар Революциялық Кеңестің қолына өтеді.
- Социалистік республиканың бар күші мен қаражаты зорлықшыларға қарсы қарулы күрестің қасиетті ісінің қарамағына беріледі.

— Барлық азаматтар жасына жөне қызметіне қарамастан, елімізді қорғау жөнінде өздеріне Кеңес үкіметі тапсырған міндеттерін сөзсіз орындаулары қажет.

— Еліміздің бүкіл еңбекші халқының қолдауымен жұмысшы-шаруа Қызыл армиясы Кеңес Республикасының топырағын талтап жатқан империалистік жыртқыштардың тас-талқанын шығарып, қуып тастайды.

Из истории гражданской войны в СССР. Сб.: документов и материалов. М., 1960. Т. 1. С. 204—205.

КЕҢЕС РЕСПУБЛИКАЛАРЫНЫҢ ӘСКЕРИ-САЯСИ ОДАҒЫ

Ақ гвардияшылар мен басқыншыларға қарсы шайқастарда кеңес халқының әскери-саяси одағы нығая түсті.

Кеңестік республикалар жоғарғы органдарының барлық күшті Кеңес өкіметінін жаууларына қарсы қарулы құрес жолында біріктіру туралы тілектерінің негізінде БОАК “Ресей, Украина, Латвия, Литва, Белоруссия кеңестік республикаларын дүниежүзілік империализмге қарсы құреске біріктіру туралы” декрет жариялады. Кейінірек Ресей, Украина, Латвия, Литва, Белоруссия әскери одағы пайда болғаннан бастап басқа да кеңес республикалары қосылды.

Азамат соғысы Орта Азияда, Закавказье мен Қызыл Шығыста аса қын жағдайларда өтті. Өздерінің шетте орналасқандықтарына байланысты олар империалистік мемлекеттер тараپынан басқыншылыққа бірінші болып үшінады жөне басқыншылар еліміздің басқа аудандарына қарағанда бұл жерлерде ұзағырақ кідріді. Жұмысшы табы санының аздығына байланысты Ресейдің шет аймақтарының еңбекші бұқарасы жергілікті буржуазиялық ұлтшылдардың үлкен ықпалында болды...

**“РЕСЕЙ, УКРАИНА, ЛАТВИЯ, ЛИТВА, БЕЛОРОУССИЯ
КЕҢЕСТИК РЕСПУБЛИКАЛАРЫН ДҮНИЕЖҮЗІЛІК
ИМПЕРИАЛИЗМГЕ ҚАРСЫ ҚҰРЕСКЕ БІРІКТИРУ ТУРАЛЫ”
БОАК-тің ДЕКРЕТИНЕН**

7 маусым, 1919 жыл.

Барлық... Кеңестік социалистік республикалардың әскери одағы ортақ жаууларымыздың шабуылына алғашқы жауап болуы тиіс. Сондықтан да Украина, Латвия, Литва,

Белоруссия мен Қырым еңбекші бұқарасының тәуелсіздігін, бостандығы мен өзін-өзі басқаруын мойындай отырып... Кеңестердің Бүкілресейлік Орталық комитеті аса тығыз бірігуді қажет деп санайды:

Ресей, Украина, Латвия, Белоруссия және Қырым Кеңестік Социалистік Республикаларының: 1) өскери үйымдар мен өскери басшылықтарын; 2) халық шаруашылығы кеңестерін; 3) шаруашылық пен теміржол қатынастарын басқаруды; 4) қаражатты; 5) еңбек комиссариаттарын біріктіру жогарыда айтылған шаруашылық салаларын басқаруды бірегей алқалардың қол астына топтастыруға мүмкіндік береді.

Бүкілресейлік Орталық

Атқару Комитетінің Төрағасы

М.И.Калинин

Из истории гражданской войны в
СССР. Т. 2. С. 789—790.

**ТҮРКІСТАН МАЙДАНЫ ӘСКЕРЛЕРІНІҢ
ҚОЛБАСШЫСЫ М.В.ФРУНЗЕНИҢ БҰХАРА ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ
ӘМІРДІҢ ЕЗГІСІНЕН АЗАТ ЕТІЛУІ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІНЕ
ҚЫЗЫЛ АРМИЯНЫҢ ҚӨМЕК ҚӨРСЕТУІ ТУРАЛЫ
БҮЙРЫҒЫ**

Түркістаннан басқа Орта Азия аумағында аса артта қалған феодалдық-деспоттық екі мемлекет — Хиуа мен Бұхара болатын.

1920 жылы тамыз айының соңында Бұхара еңбекшілері әмірге қарсы көтеріліске шықты. Уақытша революциялық кеңес құрылыш, ол Кеңес үкіметінен қомек сұрады. Фрунзенің қолбасшылығымен Түркістан майданының әскерлері көтеріліспілерге қомекке аттанды. Үш күндік кескілескен ұрыстардан кейін көтеріліспілер мен Қызыл Армия бөлімдері Бұхараның есکі бекінісін шабуылмен женіп алды. Әмір қашып кетті. Халықтық революцияның женісінен кейін Бұхара кертараппалық пен контрреволюцияның тірегінен Кеңес үкіметінің шығыстағы алдыңғы шептерінің біріне айналды.

БАРЛЫҚ ШТАБТАРҒА, БУХАРА, ШАРДЖОУ ЖӘНЕ
1-АРМИЯНЫҢ КОМАНДИРИНЕ

31 тамыз, 1920 жыл.

Бұхарадағы революциялық қозғалыс өрістеп келеді. Бұхарадағы езілген халықтың Қеңестік Ресейден туысқандық көмек сұрайтын уақыты келді.

Барлық қарулы бөлімдерге Бұхараның езілген халықна көмек көрсетуді бүйірамын.

Барлық қызыл өскерлер, командирлер мен комиссарлар өздерінің революция алдындағы Бұхара еңбекшілерін азат ету жолындағы борыштарын орындайтын болсын.

Қызыл қеңестік Бұхара жасасын!

Түркістан майданының
қолбасшысы

M. B. Фрунзе

Иностранная военная интервенция
и гражданская война в Средней Азии.
Алма-Ата, 1964. Т. 2. С. 9.

ӘЗІРБАЙЖАН ҚЕҢЕСТІК ТӨҮЕЛСІЗ РЕСПУБЛИКАСЫ ӘСКЕРИ
РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ҚЕҢЕСТІК РЕСЕЙГЕ ҮНДЕУІ

28 сәуір, 1920 жыл, Мәскеу, Ленинге.

Қызыл Армияның Деникинді талқандауы, Солтүстік Кавказдың азат етілуі Закавказье еңбекшілерінің басқыншылар мен буржуазиялық-ұлтшыл үкіметтерге қарсы күресін өрістете түсті. Бұл күресте Закавказье халықтарына РКФСР өте үлкен көмек көрсетті.

Бірінші болып көтеріліске шыққан жұмысшылар мен шаруалар мусаваттарының¹ буржуазиялық-ұлтшыл үкіметтің құлатқаннан кейін ораған Әзіrbайжанның Уақытша Қенес үкіметі көмек сұрады. 1920 жылдың 28 сәуірінде 11-армияның бөлімдері Бакуғе кіріп, көтеріліске шыққан жұмысшылардың жеңісін нығайтуға көмектесті.

Образование и развитие Союза Советских Социалистических Республик (в документах). М., 1973. С. 143.

¹ *Musavatpar* — “Мусават” (“Тенденция”) — 1911—1920 жж. Әзіrbайжандағы саяси партия.

**РКФСР МЕН ӘКСР АРАСЫНДАҒЫ ЕКІ РЕСПУБЛИКАНЫҢ
ӘСКЕРИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҒЫ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМІНЕН**

30 қыркүйек, 1920 жыл.

Әзіrbайжан Қеңестік Социалистік Республикасының үкіметі, бір жағынан, Ресей Қеңестік Федеративтік Социалистік Республикасының үкіметі, екінші жағынан, Әзіrbайжан мен Ресей еңбекшілері бұқарасының мақсаттары ортақ екендіктерін сезіне отырып және екі туысқан республиканың барлық күштерін толық біріктіру ғана оларға ортақ жаулары — империалистік буржуазияға қарсы ауыр күресте женіске жетуге мүмкіндік беретіндігін ескере отырып, осы келісімді жасауға шешім қабылдады, оны жасасып қол қою үшін мыналарды өкіл етіп тағайындағы... (өкілдердің тізімі келтірілген).

Аталған өкілдер өздерінің өкілдіктерін өзара таныстырып, олар тиісті формага сөйкес жасалған деп табылғаннан кейін мыналарға келісті:

1. Әзіrbайжан мен Ресей өзара тығыз әскери және қаржылық-экономикаллық одак құрды.

2. Әзіrbайжан Республикасы мен РКФСР үкіметі қысқа мерзім ішінде 1) әскери ұйымдар мен әскери басшылықты; 2) халық шаруашылығы мен сыртқы сауданы басқаратын органдарды; 3) жабдықтау органдарын; 4) төміржол және су көлігі мен пошта-телеграф ведомство-ларын; 5) қаржы ведомстволарын біріктіреді...

Образование СССР. Сб. документов (1917—1924 гг.) М.—Л., 1949. С. 247.

**РКФСР-дің ҚИЫР ШЫҒЫС РЕСПУБЛИКАСЫМЕН БІРГҮІ
ТУРАЛЫ БОАК-тің ДЕКРЕТИНЕН**

15 қараша, 1922 жыл.

1922 жылдың қазан айында Халықтық-революциялық армиясы бөлімдері мен партизан жасақтары бүкіл Приморье аймағын түгелге жуық ақ гвардияшылардан тазартты. 1922 жылды қазанда олар Владивостокқа келіп кірді. 1922 жылды 14 қарашада Қиыр Шығыс Республикасының Халық жиналышы бүкіл Қиыр Шығыста Қенес үкіметін жарияладап, БОАК-ке оны РКФСР-ге қосу туралы отініш жасады.

Жапондықтармен мүмкіндігінше соғысты болдырмау және Қыры Шығысты төзірек азат ету мақсатымен партияның Орталық Комитеті мен Кенес үкіметі Қыры Шығыс республикасы түрінде мемлекеттік құрылым ұйымдастыруды тиімді деп тапты. Республикадағы басшылық тізгіні коммунистердің қолында. Оны қорғау үшін Халықтық-революциялық армия құрылды.

Бүкілресейлік Орталық
Атқару Комитетінің Төрағасы

М. И. Калинин

Образование СССР. Сб. документов
(1917—1424 гг.). М.—Л.. 1949. С. 269.

КЕҢЕСТЕРДІҢ БҮКІЛРЕСЕЙЛІК VII СЪЕЗІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРЫНАН

5 желтоқсан, 1919 жыл.

... Кеңестердің Бүкілресейлік VII съезі өзінің үдайы бейбітшілікке үмтүлушылығын тағы да дәлелдей отырып, Антанта мемлекеттеріне: Англияға, Францияға, АҚШ, Италия мен Жапонияға — барлығына бірге немесе жеке-жеке бітім туралы тез арада келіссөз бастауды ұсынады және БОАК-ке, Халық Комиссарлары Кеңесі мен Сыртқы Істер Халық Комиссариатына уздіксіз бейбітшілік саясатын жүргізіп, оның табысты болуы үшін барлық шараларды қолдануды тапсырады.

Кеңестердің Бүкілресейлік
VII съезінің Төрағасы

М. И. Калинин

Партия в период иностранной военной
интервенции и гражданской войны
(1918—1920 гг.). М., 1962. С. 381-382.

ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТҚА ҚӨШУ

1921 жыл.

Біздің еліміздің соғыстан бейбітшілікке өтуіне байланысты партияның алдында жаңа құрделі әлеуметтік-экономикалық және идеялық-саяси мәселелер тұрды. Саясат пен экономикаға басшылықтың өскери-коммунистік әдістерінен, Азамат соғысы жылдарында жауды жену үшін

қажет болған, бірақ бейбіт жағдайда өте қауіпті болатын әдістерден бас тартуы керек болды. “Әскери коммунизм” жүйесінің шаруашылық және саяси дағдарысы Кенес мемлекетінің экономикалық саясатының түбегейлі өзгеруін, жаңа экономикалық саясаттың (ЖЭС) кідіріссіз енгізілуін талап етті.

1921 жылдың наурызында болып өткен РК(б)П-ның X съезінде партия В. И. Ленин талдап жасаған “соғыс коммунизмі” саясатынан жаңа экономикалық саясатқа өтуді жүзеге асырды. “Жаңа экономикалық саясаттың мәні, — деп жазды В. И. Ленин, — ол пролетариат пен шаруалардың одағы, пролетариат авангардының кең шаруа қауымымен бірлесуінде”. Жаңа экономикалық саясат капитализмнен социализмге өтудің бүкіл өтпелі кезеңіне есептелген болатын.

Ленин В.И. IX Всероссийский съезд Советов. 23—28 декабря 1921 г. // Полн. собр. соч. Т. 44. С. 322.

АЗЫҚ САЛҒЫРТЫН ЗАТТАЙ САЛЫҚПЕН АЛМАСТЫРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ ТУРАЛЫ

*(Вологда губерниясы Панфилов болысы
шаруаларының хатынан)*

Қазір біздің болыстың шаруаларының барлығынан дерлік астық, мал, шөп, шикізат алынып бітті. Қолөнер құлдырады. Шаруаға айна 18-ден 30 фунтқа дейін ғана азық қалдырылды.

Көктемгі егіске бізде ешқандай түқым қалмады. Оны алуға бізде шама жоқ — өте қымбат...

Егер шаруаларға азық салғыртының орнына ақшалай емес, астық күйінде салық салмаса, көктемгі егіс науқанын өткізудің қажеті шамалы.

Салықты жердің құнарлышығына қарай, мысалы, біздің солтүстік өлкеде себілген егістін әрбір десятинасынан 10—15 пүттай астық қолемінде есептеп салу керек. Сонда ғана әрбір шаруа өзінің төлейтін салық мөлшерін және оны өткізу мерзімін біледі. Сонда әрбір болыста ондаған азық агенттерін үстаудың қажеті болмайды.

Беднота. 9 марта 1921.

**АЗЫҚ САЛҒЫРТЫН ЗАТТАЙ САЛЫҚПЕН
АЛМАСТЫРУ ТУРАЛЫ**

(РК(б)П X съезінің қарарларынан, наурыз, 1921 жыл)

... Шаруашылықта дикандар өзінің шаруашылық қорлары мен шаруа қожалықтарын нығайту және оның өнімділігін арттыру, дұрыс және байсалды жүргізуіді қамтамасыз ету, дикандардың үлесіне тиетін мемлекеттік міндеттемелерді дәл белгілеу мақсатында азықты, шикізат пен жемшөпті мемлекеттік дайындау өдісі ретінде азық салғырты табиғи салықпен алмастырылсын...

КПСС в революциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК. М., 1983. Т. 2. С. 570.

**КЕҢЕСТИК СОЦИАЛИСТИК РЕСПУБЛИКАЛАР
ОДАҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ**

(В.И. Лениннің Украина жұмысшылары мен шаруаларына хатынан)

28 желтоқсан, 1919 жыл.

Біз үлттардың ерікті одағы болуын, бір үлттың екінші үлтқа зорлық жасауына ешбір жол бермейтін одақ болуын, мейлінше толық сенімге, туысқандық бірлікті айқын түсінушілікке, толық ерікті ынтымаққа негізделген одақ болуын тілейміз.

Ленин В. И. Полн. собр. соч. Т. 40.
С. 43.

**КЕҢЕСТИК СОЦИАЛИСТИК РЕСПУБЛИКАЛАР ОДАҒЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫ**

**Бірінші бөлім. Кеңестік Социалистік Республикалар
Одағын құру туралы Декларация**

30 желтоқсан, 1922 жыл.

Халықтардың үлттық даму бостандығын жуық арада өздерінің Кеңестерінің съезіне жинальш, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын құру туралы шешімді бірауыздан қабылдаған, Кеңестік Республикалар халықтарының еркі, яғни бұл одақта әрбір республиканың Одақтан

еркін шығу құқығы қамтамасыз етілген, Одаққа кіруге барлық Қенестік Социалистік Республикаларға жол ашық болатын жана одақтық мемлекет халықтардың туысқандық ынтымақтастығы мен бейбіт қатар өмір сүру негізін 1917 жылдың қазан айында-ақ орнатумен лайықты аяқталған, дүниежүзілік капитализмге қарсы сенімді тірек және Қенестік Социалистік Республикаға барлық елдердің енбекшілерін біріктіру жолында шешуші қадам болатын, теңқұқылы халықтардың еркін бірлестігі болып табылатын сенімді кепілдік болады.

Бұкіл өлемнің алдында осылардың барлығы туралы мәлімдей отырып және Қенестік Социалистік Республикалар Конституциясында Қенес өкіметінің беріктігін салтанның түрде жариялай отырып, осы республикалардың делегаттары бізге берілген өкілдегілік негізінде Қенестік Социалистік Республикалар Одағын құру туралы шартқа кол қоюға қаулы етеміз.

Екінші бөлім. Қенестік Социалистік Республикалар Одағын құру туралы келісімшарт

Ресей Қенестік Федеративтік Социалистік Республикасы (РКФСР), Украина Қенестік Социалистік Республикасы (УКСР), Беларусь Қенестік Социалистік Республикасы (БКСР) және Закавказье Қенестік Федеративтік Социалистік Республикасы (ЗКФСР); Грузия, Әзіrbайжан Қенестік Социалистік Республикасы және Армения Қенестік Социалистік Республикасы бір одақтас мемлекетке — Қенестік Социалистік Республикалар Одағына бірігеді.

1. Қенестік Социалистік Республикалары Одағының атынан оның жоғарғы органдарының қарауына мыналар беріледі:

а) Одақ атынан халықаралық қарым-қатынастарда өкілдік ету, дипломатиялық қатынастар жүргізу, басқа мемлекеттермен саяси және басқа да келісімдер жасасу;

б) Одақтың сыртқы шекараларын өзгерту және одақтас республикалар арасындағы шекаралар жөніндегі мәселелерді реттеу;

в) Одақ құрамына жаңа республикалар қабылдау туралы келісімдер жасасу;

г) соғыс жариялау және бітім жасасу;

д) Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі жөне сыртқы қарыздары жөнінде келісімдер жасасу жөне одақтас республикалардың сыртқы жөне ішкі қарыздары туралы мәселелерді шешу;

е) халықаралық келісімдерді мақұлдау...

Образование и развитие Союза Советских Социалистических Республик.
Сб.: документов. М., 1973. С. 317-318.

РК(б)П-ның ХАЛЫҚ АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

(РК(б)П-ның VIII съезінде қабылданған бағдарламасынан)

Халық ағарту саласында РК(б)П 1917 жылғы Қазан төңкерісінен басталған істі соңына дейін жеткізуді өзінің міндепті деп санай отырып, яғни мектептерді буржуазиялық таптық үстемдік құралынан босатып, қоғамды таптарға бөлуді толығымен жою құралынан коммунистік қайта өзгерту құралына айналдыру... Бұл жолдағы таяу уақыттардың ішіндегі басты міндеп — Кеңес өкіметі белгілеген мектеп жөне ағарту ісінің мына төменгідей негіздерін одан өрі дамыта тусу:

1) екі жыныстағы 17 жасқа дейінгі балалардың ақысыз жөне міндепті жалпы политехникалық... білім алуының іске асуы;

2) қоғамдық тәрбиені жақсарту жөне әйелдердің жағдайын жеңілдету мақсатында бөбекхана, балабақшалар, т.б. да мектепке дейінгі мекемелердің жүйесін құру;

3) ана тілінде оқыту, үл-қызы балаларды бірге оқыту, діни ықпалдардан азат, коммунистік қоғам мүшелерінің жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін бірыңғай еңбек мектебінің принциптерін толық жүзеге асуру;

7) жұмысшылар мен шаруалардың өздігінен білім алғып, сана-сезімін өсіруіне мемлекет тарарапынан жан-жақты (мектептен тыс оқыту мекемелерінің жүйесін құру, кітапханалар, ересектерге арналған мектептер, халық үйлері мен университеттері, курстар, дәрістер, кино көрсету жолымен) көмек көрсету;

8) 17 жастан асқандар үшін кәсіпкерлік білімді кеңінен дамыту... ;

9) жоғары мектеп аудиторияларында оқуға ықыласы барларға, алдымен жұмысшылар үшін кең жол ашу;

жоғары мектептерде сабак беруге шамасы келетіндердің бөрін тарту; жаңа ғылыми құштер мен кафедра арасындағы барлық жасанды тосқауылдарды жою... ;

10) еңбекшілердің барлығы үшін өзара тең жағдайда өнер қазыналарына кең жол ашу және қол жетерлік жағдай туғызу... ;

11) коммунистік идеяларды насиҳаттауды барынша кеңінен өрістету және ол үшін мемлекеттік биліктің аппараты мен қаржысын пайдалану.

КПСС в резолюциях и решениях
съездов, конференций и пленумов ЦК.
Т. 2. С. 81—83.

**ӨЗБЕК КСР КЕҢЕСТЕРИ 1 СЪЕЗИНДІ ӨЗБЕК КЕҢЕСТИК
СОЦИАЛИСТИК ОДАҚТАС РЕСПУБЛИКАСЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ
ДЕКЛАРАЦИЯСЫНАН**

17 ақпан, 1925 жыл.

Орта Азияның негізгі ұлттары — түрікмендер, өзбектер, тәжіктер, қазақтар мен қыргыздар аумағы жағынан бытыранғы болып келді. Аталған ұлттардың еңбекшілер бұкарасы өздерінің ұлттық мемлекеттік құрамдарын үйімдастыру жөніндегі табанды тілектерін ескере отырып, Бұхара және Хорезм Республикаларының жоғары орындары және Түрікмен АКСР Орталық Атқару комитеті бүкіл Орта Азияда ұлттық-аумақтық межелеу жүргізуге шешім қабылдады.

Бұл межелеудің нәтижесінде түрікмен, өзбек, тәжік, қазак және қыргыз халықтары көп орналасқан аумақтар бөлініп, тиісті ұлттық республикаларының құрылудына өкеп соқты.

*Кириченко М. Г. Единое союзное много-
национальное государство. М., 1978. С. 39.*

**РКФСР ХАЛҚЫНЫҢ АРАСЫНДА САУАТСЫЗДЫҚТЫ
ЖОЮ ТУРАЛЫ**

(Халком декретінен)

26 желтоқсан, 1919 жыл.

Патша самодержавиесі артынан кеселі мол келенсіздік қалды — Ресейдің 70%-дан аса халқы сауатсыз болды. “Мұндай жабайы ел, — деп жазды В. И. Ленин 1913 жы-

лы, — бұқара халық білім беру, білім-ілімде соншама тоналған — Еуропада Ресейден басқа мұндаи бірде-бір ел жоқ”.

Сауатсыздықты жою туралы жұмыстар Қазан төң-керісінің женісінен кейін бірден басталды. Бірақ ол әсірепе Халкомкеңестің “РКФСР халықтарының арасындағы сауатсыздықты жою туралы” декреті шыққаннан кейін кең қулаш алды. 1920 жылы 19 шілдеде үкімет шешімімен сауатсыздықты жою ісіне қунделікті басшылық жасау үшін арнаулы үйим — сауатсыздықты жою туралы бүкілреспейлік төтенше комиссия (ВЧК ликбез) құрылды.

Республиканың барлық халқына елдің саяси өміріне саналы түрде қатысу мүмкіндігін беру мақсатында Халық Комиссарлар Кеңесі қаулы қабылдады:

1. 8-ден 50 жасқа дейінгі оқып, жаза білмейтін республиканың барлық тұрғын халқы қалауы бойынша ана тілінде немесе орыс тілінде сауаттарын ашуулары керек...

3. Халық ағарту комиссариатына және оның жергілікті үйімдарына сауатсыздарды оқытуға еңбек міндеттілігі тәртібімен әскерге шақырылмаған, елдің барлық сауатты тұрғындарын тарту құқығы беріледі...

5. Жалданып жұмыс істеушілерге сауат ашу кезінде жұмыс күні екі сағатқа қысқарады және оқу уақытындағы еңбекақысы сақталады.

6. Сауатсыздықты жою үшін Халық ағарту комиссариаты органдарына халық үйлерін, шіркеулерді, клубтарды, жекеменшік үйлерді, фабрика, зауыт, кеңес мекемелеріндегі лайықты үй-жайларды пайдалану ұсынылады.

Комиссарлар Кеңесінің
Төрағасы

B. Ульянов (Ленин)

Декреты Советской власти. М., 1974.
Т. 7. С. 50-51.

**БК(б)П XV СЪЕЗІ — АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫГЫН
ҮЙЫМДАСТАРЫРУ БАҒЫТЫНДА**

(ОК-нің есебі бойынша партияның XV съезінің
қарапларынан)

19 желтоқсан, 1927 жыл.

БК(б)П XV съезі ауыл шаруашылығының деңгейі өлі де болса өте төмен деп есептейді... съезд Орталық Комитетке ауыл шаруашылығын көтеруді қүшету үшін практикалық шараларды қабылдауды тапсырады... Өрі карай кооперативтедіру негізінде бірінші кезектегі міндеттер ретінде ортақтастырылған (қоғамдастырылған) ауыл шаруашылығы еңбек өскінін барынша қолдан, дем бере отырып, ұсақ шаруа шаруашылығын ірі өндіріс рельсіне (егін шаруашылығын механикаландыру мен қарқыннату негізінде жерді ұжымдық өндеу) біргіндеп өтуді қою. Ауыл шаруашылығын көтерудегі мұндай қүш шаруалардың негізгі бұқарасының өл-ауқатын арттыру мұддесіне, ірі өнеркәсіп үшін рынокты (өнім мен шикізат өндірісін) ұлғайту мұддесіне, деревнядағы капиталистік элементтерді женуге, деревняны социалистік кооперативтедіру және техникалық қайта құру мұддесіне қажет.

КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК. Т. 4. С. 261.

**ҰЖЫМШАР ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ ПАРТИЯ БАҒЫТЫН
БҮРМАЛАУШЫЛЫҚПЕН КҮРЕС**

(БК(б)П ОК-нің 1930 жылғы 14 наурыздагы қауалысынан)

14 наурыз, 1930 жыл.

Аймақ бойынша жаппай ұжымдастыруды аяқтаудың белгілі мерзімдері қойылғанмен, іс жүзінде бұл мерзімдер бұзылған; ұжымдастыру деңгейі жоспарлы пайымдаудан едәуір асып кеткен. Шын мәнісінде жедел ұжымдастыруга бағыт алынған. Бұл жағдайда оның қатаң түрдегі еріктілігі туралы, зорлық пен асығыстыққа жол бермеу туралы лениндік нұсқаулар, партия шешімдері естен шығарылды.

Деревнядағы ахуалдың асқыннуы жөнінде көптеген хабарлар алған БК(б)П ОК-і асыра сілтеулерді жоюға

арналған шаралар қабылдады. И. В. Сталиннің “Табыстан бас айналу” атты еңбегінде жеделдеть туралы нұсқау жоғарыдан болғанына қарамастан, асыра сілтеулер мен бүрмалаушылықтар үшін барлық кінө жергілікті үйимдарға тағылған. 14 наурызда БК(б)П ОҚ-и “Ұжымшар қозғалысындағы партия бағытын бүрмалаушылықпен күресу туралы” қаулы қабылдады.

Ұжымшар қозғалысының барысы туралы партияның Орталық Комитетінде алынған мәліметтер, ұжымдастырудың нақты әрі байыпты табыстарымен қатар КСРО-ның әртүрлі аудандарында партия бағытын бүрмалау фактілері де байқалғанын көрсетіп берді.

Ең алдымен, ұжымшар құрылышындағы еріктілік принципі бұзыльып отыр. Біrsызыра аудандарда кулак ретінде тәркілеу, сайлау құқықтарынан айыру үрейімен және тағы басқалармен еріктілік ұжымшарларға зорлап кіргізу әдісімен ауыстырылып отыр. Осының салдарынан “кулак ретінде тәркіленгендердің” ішіне кейде орташалардың және тіпті кедейлердің бірсызырасы еніп кетіп отырды, оның бер жағында кейбір аудандарда “кулак ретінде тәркіленгендердің” пайызы 15-ке дейін барады, ал сайлау құқығынан айырылғандардың пайызы 15—20-ға дейін жеткен. Кейде ішке еніп кеткен контролреволюцияшыл элементтердің арандатуының құрбаны болып кетіп отырған кейбір төмөнгі қызметкерлер тараапынан халыққа дере-кілік, озбырлық жасау, қылмысты іс істеу (талан-таражға салушылық, мұлікті бөліп әкетушілік, орташаларды және тіпті кедейлерді қамауға алушылық, т.б.) байқалады. Осы ретте бірқатар аудандардағы ұжымдастыру жөніндегі өзірлік жұмысы және кедейлерге, сондай-ақ орташаларға партия саясатының негіздерін асықпай түсіндіру жұмысы, көп істелген цифр мәліметтерін төрешілдікпен, шенеунікпен жоғарыдан декреттеу және ұжымдастыру процесін әдейі асырып көрсету ісімен ауыстырылып отырған (кейбір аудандарда ұжымдастыру бірнеше күннің ішінде 10-нан 90%-ға дейін жетеді).

Сөйтіп, Лениннің ұжымшарлар еріктілік негізінде тусағана, олар өмірлі және баянды болады деген белгілі нұсқауы бұзылып отыр...

Осындағы бүрмалаушылықтармен қатар кейбір жерлерде істі жүргізу үшін жол берілуге тиісті емес және

зиянды болып табылатын: еріксіз түрде түрғын үйлерді, ұсақ малдарды, құстарды құштеп ортақтастыру және осыған байланысты ұжымшар қозғалысының негізгі буыны болып табылатын ұжымшарлардың артельдік түрінен коммунаға басбұзарлықпен аттап өту өрекеттері байқалады...

Орталық комитет партия үйымдарына мынаны міндеттейді:

1. Шаруаларды еріктілік негізінде ұжымшарға тарту және қазіргі ұжымшарларды нығайту жөнінде бұдан былай да табанды жұмыс жүргізе отырып, бірқатар жерлерде байқалып отырган ұжымдастырудың күштеу өдісінің тәжірибесі жойылсын.

КПСС в резолюциях и решениях
съездов, конференций и пленумов ЦК.
Т. 5. С. 101—103.

**II бөлім. XX FАСЫРДЫҢ БІРІНШІ
ЖАРТЫСЫНДАҒЫ АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІ
(1918 — 1945 жж.)**

ЖАПОНИЯ

ТАНАКА МЕМОРАНДУМЫНАН

25 шілде, 1927 жыл.

...Дүниежүзінде осыншама орман байлығы, материалдық қорлар мен ауылшаруашылық өнімдерінің молшылығы (Маньчжурия мен Монголиядағы сияқты) басқа еш жерде жоқ.

Егер біз келешекте Қытайға бақылау жасауды өз қолымызға алғымыз келсе, біз АҚШ-ты қиаратымыз керек.

Ал Қытайды жаулап алу үшін біз, алдымен, Маньчжурия мен Монголияны жаулап алуымыз керек. Дүниежүзін жаулап алу үшін біз, алдымен, Қытайды және қалған Азия елдерін жаулап алуымыз керек. Үндістан және онтүстік теңіздегі елдер бізден қорқып, тізе бүгеді.

...Біз Үндістанды, онтүстік теңіздегі елдерді, содан соң Кіші Азияны, Орталық Азияны, ақырында Еуропаны жаулап алуға көшеміз.

Хрестоматия по новейшей истории
(1917—1939 гг.). Документы и мате-
риалы. М. 1961. т. 1. с. 753.

ҚЫТАЙ

1919 ЖЫЛДЫҢ 4 МАМЫРЫНДА ПЕКИНДЕ БОЛҒАН ДЕМОНСТРАЦИЯ КЕЗІНДЕ СТУДЕНТТЕР ТАРАТҚАН ҮНҚАҒАЗ

Таяудағы бітім конференциясында Жапония Циндаоны бөліп алу және Шаньдунге бақылау жасау құқығын талап етті және дегеніне қол жеткізді. Оның жеңісі біздің женелісімізді білдіреді. Жапонияға Шаньдунде билік ету құқығын беру Қытайдың тәуелсіздігін бұзып, елді апатқа әкеп тірдейді. Сондықтан да біз, студенттер, үйымдастырылған турде шетел елшіліктеріне барып, барлық елдерден қолдау, әділеттілік талап етеміз. Біз, жұмысшылар, саудагерлер, халықтың және басқа да топтары ұлттық жиналысты шақыру үшін, ұлттық тәуелсіздігімізді қорғап қалу үшін көтеріліп, қолдан келген шаралардың бәрін жасайды деп уміттенеміз. Қытайдың келешекте омір сүруі не құрып бітуі осыған байланысты. Барлық отандастарымыз еліміздің жерін бөлшектеуге болмайтындығын түсінуі керек, халықтың бас июіне жол бермеу керек. Елімізге қауіп төнді. Отандастар, құреске шығыңдар!

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.). Документы и материалы. М., 1960. Т. 1. С. 593—594.

ҚЫТАЙ КОММУНИСТИК ПАРТИЯСЫ VI СЪЕЗИНІН САЯСИ ҚАРАРЛАРЫ

Қытай революциясының қазіргі кезеңі өзінің сипаты жағынан буржуазиялық-демократиялық болып табылады. Қытай революциясының қазіргі кезеңі социалистік революцияға айналды және Қытай революциясын “үзіліссіз” революция деп есептеу қателік болар еді, себебі: а) елдің шын мәнісіндегі бірігуі аяқталған жоқ, ол әлі империалистік тепкіден азат етілген жоқ; б) помещиктік жер иелену жүйесі әлі жойылған жоқ, феодалдық қалдықтардың тамыры қыылған жоқ; в) қазіргі өкімет халықаралық империализмнің экономикалық және саяси қолдауына арқа сүйеген ұлттық буржуазияның көртартпа одағының өкіметі...

Сондықтан да Қытай революциясының қазіргі өзегі, оның негізгі және басты ортақ міндеттері мұнадай: а) империалистерді елден қуып, Қытайдың шын мәнісінде бірігүй аяқтау; б) помесчиктік жер иелену формасын жүйелі түрде және толық жою, аграрлық реформаны іске асыру, жер иелену жүйесін оның аяғына тұсау болып отырған барлық жартылай феодалдық қалдықтарынан толық тазарту.

Капиталистік өндіріс тәсілінің шенберінен шықпайтын бұл екі міндетті тек қана қарулы көтерілістің революциялық әдістерімен ғана, империалистік үстемдік пен помесчиктердің, соғысқұмарлар мен буржуазияның, Гоминданың саяси билігін жою жолымен, пролетариаттың басшылығымен жұмысшы шаруалардың демократиялық диктатурасын орнату жолымен ғана жүзеге асыруға болады.

Сондықтан да Қытай революциясының қазіргі буржуазиялық-демократиялық кезеңіндегі үшінші міндеті жұмысшылар, шаруалар мен солдаттар өкілдері жинальстарының (кенестерінің) билігін орнату үшін күресу болып табылады. Бұлар еңбекшілердің қалың бұқарасын мемлекетті басқаруға тарту мен қатыстырудың, жұмысшылар мен шаруалардың диктатурасын орнатудың ең жақсы түрі...

ҚЫТАЙ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ САЯСИ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қытай революциясының қазіргі кезеңіндегі басты ұрандары:

1. Империализм үстемдігін құлату.
2. Шетел капиталының қарамағындағы банктер мен кәсіпорындарды тәркілеу.
3. Қытайды біріктіру, халықтардың өзін-өзі басқару құқығын мойындау.
4. Гоминьдан соғысқұмарларының билігін құлату.
5. Жұмысшылар, шаруалар және солдат өкілдері жинальстарының (кенестерінің) билігін орнату.
6. 8 сағ-тық жұмыс күнін орнату, жалақыны көбейту, жұмыссыздарға көмектесу, қамсыздандыру, т.б.
7. Барлық помесчик жерін тәркілеу және оларды шаруаларға бөліп беру.

8. Жауынгерлердің жағдайын жақсарту, оларға жер жөне жұмыс беру.

9. Соғысқұмарлар енгізген барлық жергілікті алым-салықтарды жойып, бірыңғай үдемелі салықты енгізу.

10. Халықаралық пролетариатпен және КСРО-мен одақтасу.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.). Документы и материалы. М., 1960. Т. 1. С. 630.

МАО ЦЗЭДУН ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІ ТУРАЛЫ

Қазан төңкерісіне дейін қытайлар Ленин мен Сталин түгіл, тіпті Маркс пен Энгельсті де білмеген. Қазан төңкерісінің зенбірек дүмпілі бізге марксизм-ленинизмді жеткізді. Қазан төңкерісі бүкіл дүниежүзінің және Қытайдың ілгерілеушілік элементтеріне пролетарлық көзқараспен елдің тағдырын анықтауға және ел мәселелерін қайта қарауға көмектесті. Орыстардың жолымен журу керек деген қорытынды жасалды. 1919 жылы Қытайда “4 мамыр қозғалысы” пайда болды, ал 1921 жылы Қытай коммунистік партиясы үйімдастырылды. Сунь Ятсен үмітін үзген кезде Қазан төңкерісі болып, сонынан Қытай компартиясы құрылды. Ол Қазан төңкерісін, орыстардың қытайлықтарға көмегін және Қытай коммунистік партиясының өзімен ынтымақтастырының қолдады.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.). Документы и материалы. М., 1960. Т. 1. С. 55.

МАО ЦЗЭДУН “4 МАМЫР ҚОЗҒАЛЫСЫ” ТУРАЛЫ

“4 мамыр қозғалысы” дүниежүзілік революцияның, орыс революциясының, Лениннің үндеулеріне жауап ретінде дүниеге келді. Ол дүниежүзілік пролетарлық революцияның бір болігі болды. “4 мамыр қозғалысы” кезінде Қытай коммунистік партиясының құрылмағанына қарамастан, сол кездің өзінде-ақ зиялды қауымның көптеген өкілдері орыс революциясына ынтымақтас болып, коммунистік идеялармен таныса бастаған еді. “4 мамыр қозғалысы” 1921 жылы құрылған Қытайдың

коммунистік партиясын идеологиялық жағынан да, кадрлар жағынан да дайындауды.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.). Документы и материалы. М., 1960. Т. 1. С. 594.

КЕНЕС-ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСТАРЫ ТУРАЛЫ РЕСЕЙ ТЕЛЕГРАФ АГЕНТТИГІНІҢ ХАБАРЫ

27 қаңтар, 1923 жыл.

Шанхай, 27 қаңтар. Д-р Сунь Ятсен және Ресейдің Қытайдағы тұрақты өкілі төмендегі хабарды жариялауға өкілеттік берді.

Шанхайда болған кезінде РКФСР өкілі д-р Сунь Ятсенмен бірнеше рет өңгімелесті. Өңгімелесулер барысында олардың қытай-орыс катынастарына, әсіресе мына мәселелер төнірегінде көзқарастарының толық сәйкес келетіндігі анықталды:

1. Д-р Сунь Ятсен: “Қазіргі кезеңде Қытайға коммунистік құрылышты, тіпті кеңестік жүйені енгізуге болмайды, себебі мұнда коммунизм мен социализмді табыспен іске асыратын жағдайлар жок” — деп есептейді. Бұл көзқарасты РКФСР өкілетті өкілдігі толығымен құттайтыды, яғни Қытайдың ең қажетті және маңызды міндеттері — оның ұлттық бірігуі мен толық тәуелсіздігін алуды деп есептейді. “Осынау ұлты істе, — деп сендірді ол Сунь Ятсенді, — Қытай орыс халқының тараапынан ең ыстық ықыласқа ие және Ресейдің қолдауына сенуге болады”.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.). Документы и материалы. М., 1960. Т. 1. С. 606.

ЦЗИНГАНШАНЬДАҒЫ ҚЫЗЫЛ ТУ

1927 жыл.

1927 жылдың сонында біз Цзинганшань ауданына келдік. Біздің алдымызда жаңа база салуды бастау міндеті тұрды. Ең алдымен, Цзинганшань аймағында орналасқан Нинган, Юнсинь, Суйчуань, Лянъхуа, Чалинь, Ванъянь және Линсянь уездерінде партия үйымдары құрылышп,

жүртшылық аграрлық реформаны іске асыруға жұмылдырылды. Помещиктердің жерлері төркіленіп, кедей шаруаларға үлестіріліп берілді. Жергілікті революциялық қарулы қүштер — Қызыл Армия отрядтары, шаруалардың көтеріліс отрядтары, пионер отрядтары, т.б. үйымдастырылды. Бұл аудандарда біз Гоминьданың кертарапта үкіметін құлатып, халықтың өзінің үкіметін, яғни жұмысшы, шаруа және солдат үкіметтерін орнаттық. Халық бұқарасы, әрине, бұған риза болып, бізді қошеметпен қарсы алды.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.). Документы и материалы. М., 1960. Т. 1. С. 629.

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ БАЗАЛАРДЫҢ ЖҰМЫСШЫ-ШАРУА ҮКІМЕТИНІҢ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

10 қаңтар, 1933 жыл.

Қытай Кеңес үкіметі және жұмысшы-шаруа Қызыл Армиясының революциялық Кеңесі Қытай жүртшылығының алдында қазіргі кезеңде ұлттық-революциялық соғысты үйымдастыру және жүргізу қажеттігін жариялады. Қытай Қызыл Армиясы жапон империализміне қарсы бірігіп құресу үшін кез келген қарулы қүштермен мына төмендегідей жағдайларда өскери келісім жасасуға дайын:

- кеңестік аудандарға шабуылды дереу тоқтату;
- халық бұқарасына дереу демократиялық құқықтар (жиналыштар, үйымдар құру, сөз және баспасөз бостандығы, т.б.) беру;
- халық бұқарасын дереу қаруландыру, Қытайды корғау және оның тәуелсіздігін, бірлігі мен аумақтық тұтастығы үшін құресетін еріктілердің қарулы жасақтарын құру.

Біз, Қытайдың қалың бұқарасы мен солдаттары, осы үндеуге жауап ретінде Қытайдың тәуелсіздігі, бірігуі мен аумақтық тұтастығы үшін халықтық-революциялық соғыс үйымдастырады деп қүтеміз. Жапон және басқа да империалистерге қарсы, сонымен бірге олардың сатқын және тізе бүккен агентурасы — гоминьданға қарсы

қүреске, қарулы халықтық және ұлттық революциялық соғысты өрістетуге бірігіндер!

Қытай Қенес Республикасы
ОАҚ төрағасы

Mao Цзэдун

Революциялық соғыс кеңесінің
төрағасы және Қытай жұмысшы-шаруа
Кызыл Армиясының бас қолбасшысы

Чжу Дэ

Хрестоматия по новейшей истории
(1917—1939 гг.). Документы и мате-
риалы. М., 1960. Т. 1. С. 641-642.

**ҚЫТАЙ КОММУНИСТИК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТИНІҢ ҚКП МЕН ГОМИНЬДАН АРАСЫНДА
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ОРНАТУ ЖӨНІНДЕГІ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ**

1937 жыл.

Қымбатты отандастар! Қытай коммунистік партиясының ОК-і қазіргі еліміз үшін аса қыын-қыстау жағдайда ұлттымыздың тағдыры шешпелейін деп жатқан кезде біз отандастарымызды апattан сақтап қалуға үмтүлышп, Гоминьдан мен сыртқы жауға тойтарыс беру мақсатымен бейбітшілік, бірлік және топтасу негізінде өзара түсініс-кенімізді аса зор қуанышпен хабарлаймыз және елімізді сақтап қалу үшін бірлесіп қымыл жасаймыз...

Жаудың арам ойын іске асырмау үшін, барлық ізгі ниетпен адасушылардың құдігін сейілту үшін және өзінің ұлт-азаттық іске шын берілгендей дәлелдеу мақсатымен Қытай компартиясының ОК-і бүкіл ел алдында:

Компартия:

1) Қазіргі кезде Қытай үшін өте қажет болып тұрған Сунь Ятсеннің үш халықтық принципін жүзеге асыру үшін дәйектілікпен күреседі;

2) Гоминьдан өкіметін құлату үшін көтерілістер үйым-дастыру саясатын, кеңестендіру және помещик жерлерін құштеп тәркілеу саясатын тоқтатады;

3) Қазіргі кеңес үкіметін таратып, бүкіл елде бірыңғай билік жүйесі болсын деген мақсатпен демократиялық режим орнатады;

4) “Қызыл Армия деген атауды және оның бөлімдерінің сандарын өзгертіп, оны үлт-азаттық армиясы етіп қайта қурып, үлттық үкіметтің өскери кенесіне бағындырады және оның жапон басқыншыларымен курестің алдыңғы шебінде боламыз деп уәде беретін майданда күресуі туралы бұйрықты күтеді” деп тағы да салтанатты түрде мәлімдейді...

Жау елімізге тереңдеп еніп кетті! Қауіп-қатер күшейді!
Отандастар, күреке көтеріліндер, біргіндер!

Хрестоматия по новейшей истории
(1917—1939 гг.). Документы и мате-
риалы. М., 1960. Т. 1. С. 662-663.

ҚЫТАЙ КЕҢЕСТЕРІ ТУРАЛЫ

Сан жағынан басым және жақсы қаруланған қарсыласымен Азамат соғысы жағдайында Қытай Кеңестерінің қызметі қарулы күрестің басты мақсатына бағындырылды...

Қытай Кеңестерінің құжаттары Кеңестердің заң актілерінің көпшілігі Азамат соғысы жағдайында жүзеге асырылмағанына қарамастан, ел аумағының бір бөлігінде халық бұкарасының мақсаттарын көздейтін әлеуметтік өзгерістер болғандығын көрсетеді. Олар толығымен тек Орталық кенес ауданының көлемінде жүзеге асырылды. Қоғылыштың ұсақ кенес аймақтарының әлсіздігі, бір-бірінен бөлектігі, тұрақсыздығы мен олардың Орталық кенес аудандарымен байланысының нашарлығы, кенес қозғалысын жаңышп тастау қаупі күн сайын төніп тұрган жағдайда бірыңғай заңды іске асыруға және оны жергілікті жағдайларға сай реттеп отыруға мүмкіндік бермеді...

Қытай революциясының кеңестік дәүірінде Қытай компартиясы өзінің қарулы күштерін — Қызыл Армияны құрды, ол коммунистік партияның басшылығымен шаруаларды елдегі революциялық қозғалысты дамытудың маңызды құралы есебінде топтастырды.

Қызыл Армия бейбіт халықтың арасындағы ағарту және кенес партия кадрларын дайындау, жергілікті жерлердегі өкімет органдарын, кеңестерді қайта құру, ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізуге көмек, әлеуметтік-экономикалық шараларды жүргізуіді ұйым-

дастыру, саяси және әкімшілік жұмыстарын өз мойнына алды...

Кенес қозғалысы өнеркәсібі дамымаған, жұмысшы табы жоқ, артта қалған ауылдық жерлерде өрістеді. Сондықтан да революцияның басты қозғаушы күші шаруалар, анығырақ айтқанда, олардың кедей топтары болды. Батырақтар, кулактар, шағын қолөнершілер, кедей-шаруалар Қызыл Армияның, жергілікті революциялық әкімет органдарының негізін құрды. Коммунистік партия бізде, негізінен алғанда, сипаты жағынан шаруалық партия болды.

Майстро娃 З. Е. Становление революционной власти в советских районах Китая (1927—1937 гг.). Новосибирск, 1988. С. 121—124.

ШЭНЬСИ-ГАНЬСУ-НИНЬСЯ ШЕКАРАЛЫҚ АУДАННЫҢ ӘКІМШІЛІК ЖҮЙЕСІН ҚҰРУДЫҢ ЖАЛПЫ ПРИНЦИПТЕРІ

(1943 жылдың 25 сәуірінде қолданысқа енгізілді)

1. Шекаралық аудандағы ең жоғары әкімшілік органдары Халықтық-саяси кенестер болып табылады. Шекаралық аудандағы әртүрлі сатыдағы үкімет орындары тиісті сатыдағы Халықтық-саяси кенестердің шешімдеріне бағынады...

4. Шекаралық ауданның Халықтық-саяси кенесі сессияларының аралығында шекаралық жоғары әкімшілік үйымдары осы ауданның үкіметі болып есептеледі. Ол әкімшілік жұмыстарды жүргізу және басшылық жасау жөнінен Шекаралық ауданның Халықтық-саяси кенесі алдында жауап береді.

5. Уездік үкіметтер Шекаралық ауданда әкімшілік жұмыстарын жүргізуші негізгі үйым болып табылады.

6. Болыстық (қалалық) үкіметтер шекаралық аудан үкіметінің негізгі үйымдары болып табылады. Олар болыстағы (қаладағы) әкімшілік істерді жүргізуде өзінің үстінен қарайтын үкімет пен тиісті сатылардағы халықтық-саяси кенестердің алдында тікелей жауапты...

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.). Документы и материалы. М., 1960. Т. 1. С. 564, 585.

МОНГОЛИЯ

МОНГОЛИЯНЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ-РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ҮКІМЕТІ
МЕН БОҒДЫ ХАН АРАСЫНДАҒЫ СЕРТТІ КЕЛІСІМ

1 қараша, 1921 жыл.

1. Монгол мемлекетінің ханы — Чжебцзун-Дамба-хутухта — қасиетті сары діннің басшысы мемлекеттік жұмыстарға араласпайды, ал діни мәселелерде шексіз құқықтарға ие.

2. Чжебцзун-Дамба-хутухта конституциялық монархия түріндегі басқару жүйесі бар Монгол халық мемлекетінің ханы бола тұра, барлық мемлекеттік істерді халық үкіметінің төрағасы арқылы жүргізеді.

3. Үкімет бастамасы бойынша Монгол халық мемлекетінің негізін жақсарту мен нығайтуға бағытталған және халық иғілігіне арналған заң актілері Boғды ханға баяндалғаннан соңғана іске асырылады. Boғды хан ондай зандарды қабылдаусыз тастан алмайды. Басқа сипаттағы ұсынылған заң актілерін Boғды хан өзіне баяндалған кезде екінші рет талқылау үшін тек бір-ак рет қайтарып бере алады.

4. Мемлекеттік төңкеріс немесе басқа да іштей төртіп-сіздік басталса үкімет Boғды ханға баяндамай-ақ, маңызды шаралар қолданып, заң шығара алады.

Халықтық-революциялық үкімет пен Boғды хан келісімге қол қоя отырып, оны мұлтіксіз сақтауға серт береді.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.). Документы и материалы. М., 1960. Т. 1. С. 698, 699, 702.

МОНГОЛИЯДА РЕСПУБЛИКАНЫҢ ОРНАУЫ

13 маусым, 1924 жыл.

Халық үкіметі мен Boғды хан арасындағы сертті келісімнің тоқтатылуына байланысты (соңғысы қайтыс болғандықтан) республика жарияланды.

1. Boғды ханның мөрін сақтау үшін үкіметке тапсырылсын.

2. Елде мемлекет басшысы ретінде президентсіз республикалық құрылыш енгізілп, жоғары билік Ұлы Халық Хуралы мен ол сайлайтын үкіметке берілсін.

3. Монғол Халық Республикасының бір жылдығы Монғол мемлекетінің құрылған күнімен бірге өр жылда сол ай туған сәттің 6-сы күнінде мерекеленсін.

4. “Билгін көшпілік мойындаған” [хандықты] басқару жылы сол күні, осы жылдың 14-інен бастап “Монғол мемлекетінің жылы” деп өзгертілсін.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.). Документы и материалы. М., 1960. Т. 1. С. 698, 699, 702.

МОНГОЛ ХАЛЫҚ ҮКІМЕТІНІҢ ҚЫЗЫЛ АРМИЯ
ВӨЛПМДЕРІНІЦ ШІКІ МОНГОЛИЯ ЖЕРИНЕ КІРУІНЕ
БАЙЛАНЫСТЫ ЕҢБЕКШІ АРАТТАРҒА [МАЛШЫЛАРҒА]
АРНАҒАН ҮНДЕУІ

25 маусым, 1921 жыл.

Барлық монғол халқына!

Халық армиясы жағында Кеңестік Ресейдің Қызыл Армиясының өскерлері соғысада. Олардан қорықпандар, олар тонаушылықпен, кісіөлтірушілікпен айналысатын гаминдер немесе Унгернің ақ жендеттері емес. Қызыл Армия бүкіл дүниежүзінің езілген халықтарына ұлты мен дініне қарамастан олардың ұлттық азаттық алудына көмектесуде. Сондықтан да оларды басқалардың жерін, байлығын, мал-мұлқін талап алуға үмтүлательн империалистік елдердің қанқұмар өскерлерімен шатастыруға болмайды.

Қызыл Армия халық бұқарасының мүддесін бөрінен де жоғары қояды, ол қарақшы жендеттерді талқандау үшін құреседі және біздің еліміздің халқын тонауга ешқашан да жол бермейді.

Қызыл Армия Унгерніде талқандағаннан соң Ресейге қайта оралады. Біз халықты еш аландамай өз тіршілігін жасай беруге шақырамыз. Үрей таратып, мал-жанын тастап қашып кеткендер қатаң жауапкершілікке тартылады.

**5-АРМИЯНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ӘСКЕРИ КЕҢЕСІНІҢ
МОНГОЛ ХАЛҚЫНА ҮНДЕУІ**

2 шілде, 1921 жыл.

Монголдар! Сіздердің қалаларыңыз бен киіз үйлеріңіз, монастырьлар мен храмдарыңыз, малдарыңыз бен жайылымдарыңызға тиіспейміз. Біз сіздерге қалай өмір сұруді үйретпекші емеспіз, бұрын қалай өмір сүрсөніздер, қазір де солай өмір сүре берініздер. Өз елдерініздің Ұлы халық жиналышында бүкіл монгол халқы қалаған өмір жолын өздеріңіз таңдал аларсыздар.

Ұнгерн және оның қарақшылары талап алған мал-мұлік өзінің бұрынғы иелеріне қайтарылып беріледі. Біздің қызыл әскерлер Монгол халықтық-революциялыш үкіметтімен, Монгол халықтық-революциялыш Қызыл Армиясымен толық ынтымақтасып қымыл жасайтын болады.

5-армияның Революциялыш Әскери Кеңесі

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.). Документы и материалы. М., 1960. Т. 1. С. 696-697.

**МОНГОЛ ХАЛЫҚТЫҚ-РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫ
ОК-нің III ТӨТЕНШЕ ПЛЕНУМЫНЫҢ ШЕШІМІ**

Маусым, 1932 жыл.

Бүкіл партияның ынтасы мен жұмысы республиканы жаңа типтегі тәуелсіз мемлекет ретінде нығайтуға, оның өндіргіш күштерін барынша дамытуға, феодализмнің қалдықтарын тубіріне дейін жоюға, еліміздің шаруашылық дамуының міндеттеріне сай қанаушы элементтерді біртіндеп тежеуге, еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға, капиталистік емес жолмен дамуға көшудің негізін салуға бағытталуы тиіс.

**КЕҢЕСТЕР ОДАҒЫ МЕН МОНГОЛ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ
АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА КӨМЕК ТУРАЛЫ
ХАТТАМАДАН**

12 наурыз, 1936 жыл.

Кенестік Социалистік Республикалар Одағы мен Монгол Халық Республикасының үкіметтері осы хатта маға қойды.

1-бап. КСРО немесе Монгол Халық Республикасының аумағына үшінші бір мемлекеттің тарарапынан шабуыл жасау қаупі төнсө, КСРО мен МХР үкіметтері қалыптасқан жағдайды тез арада бірігіп талқылауға және өз аумағын қауіпсіздендіруге қажетті шаралардың барлығын қолдануға міндеттенеді.

2-бап. КСРО және МХР үкіметтері келісуші жақтардың біреуіне өскери шабуыл жасалған жағдайда бір-біріне кез келген, соның ішінде, өскери көмек көрсетуге міндеттенеді.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.). Документы и материалы. М., 1960. Т. 1. С. 705-706.

МОНГОЛ ХАЛҚЫНЫҢ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ ХАЛЫҚТАРЫНА ФАШИСТИК ГЕРМАНИЯГА ҚАРСЫ КҮРЕСІНДЕ КӨРСЕТКЕН КӨМЕГІ

1941—1945 жылдар.

Елде кенес армиясының жауынгерлеріне сыйлық жинау науқаны басталып, ол тез арада кен қанат жайды. Небәрі екі-үш айдың ішінде көптеген сыйлық жинальшы, 1941 жылдың қарашасында майданға алғашқы сыйлық тиеген эшелондар жөнелтілді... МХРП Орталық Комитетінің Пленумы (1941 ж., қарашада) КСРО-ны қорғау корына қаражат жинау және кенес армиясының жауынгерлеріне сыйлық жинауды одан өрі дамытуға шақырды. Монгол халқы бұл үндеуді қызу қарсы алды.

1943 жылы 12 қарашада Мәскеуге таяу жерде маршал Чойбалсан бастаған арнайы делегация кенес жауынгерлеріне монгол еңбекшілері жинаған қаражатқа соғылған “Революциялық Монголия” атты танк колоннасын тапсырды. Машиналарында “Чойбалсан”, “Хатан-Батор Махсаржаб”, “Арахангай” деген жазулары бар танк колоннасы КСРО қарулы күштерінің құрамынан еніп, 44-гвардиялық Бердичев танк бригадасын құрды. Бұл бригада жауынгерлерінің данқұты өскери жолы Берлинде Рейхстаг түбінде аяқталды. Жауынгерлік ерлігі үшін бригада 7 орденмен, оның ішінде, МХР-дің Жауынгерлік Қызыл Ту орденімен марапатталды. МХР еңбекшілері өз қаржыларына “Монголия араты” атты авиация эскадрасын

сатып алдып, Қызыл Армия жауынгерлеріне сыйға тартты. 1944 жылы кеңес армиясына сыйлық ретінде МХР-ден оның солдаттары мен офицерлеріне 10 мың жылкы, 127 вагон азық-түлік, киім-кешек, т.б. жіберілді.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.). Документы и материалы. М., 1960. Т. 2. С. 625.

МОНГОЛ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘҮЕЛСІЗДІГІ ТУРАЛЫ ПЛЕБИСЦИТИҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ЖӨНІНДЕ

20 қазан, 1945 жыл.

Күжаттарға сүйене отырып, Орталық комиссия дауыс беруге жергілікті комиссияларда тіркелген 494 960 кісі қатысуға тиісті деп тапты... Көрсетілген саннын себепті жағдайларға байланысты (жолаушылап кетулеріне, қатты науқастануына байланысты) 7 551 адам дауыс беруге қатыспады. Сайлауга 467 409 сайлаушы немесе плебисцитке қатысуға құқылы МХР азаматтарының 98,4%-ы, оның ішінде, дауыс беруге арналған 7-пунктте шетелдерде жүрген 395 азамат қатысты. МХР тәуелсіздігін жақтап 467 409 кісі, яғни плебисцитке қатысқан азаматтар түгелдей — 100% дауыс берді. Бірде-бір адам қарсы дауыс берген жоқ.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.). Документы и материалы. М., 1960. Т. 2. С. 330.

МОНГОЛ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІ МЕН КІШІ ХУРАЛЫНЫҢ ЖАПОНИЯҒА ҚАРСЫ СОФЫС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

10 тамыз, 1945 жыл.

Кіші хурал мен Монгол Халық Республикасының үкіметі монгол халқының өз бостандығына, тәуелсіздігі мен толық егемендігіне деген ғасырлар бойғы арманымен жігерленіп...

Біріккен Үлттар ортақ ісіне өз үлесін қосу мақсатымен Біріккен Үлттар жағына шығып, Жапонияға қарсы қасиетті соғыс аштындығын салтанатты түрде жариялады

және осы жылдың 8 тамыз күні Мәскеуде жарияланған
Кенес үкіметінің мәлімдемесіне толық қосылады.

Хрестоматия по новейшей истории
(1917—1939 гг.). Документы и мате-
риалы. М., 1960. Т. 2. С. 617, 626-627.

ИРАН

РКФСР ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ КЕҢЕСІНІҢ
ПАРСЫ ЕЛІНІҢ ТӨҮЕЛСІЗДІГІНЕ ҚАРСЫ
БАҒЫТТАЛҒАН БАРЛЫҚ КЕЛІСІМДЕРДІҢ
КУШИН ЖОЮ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

26 (16) қантар, 1918 жыл.

Петрографтагы парсы елшісіне
Азамат елші!

Парсы халқының арасында 1907 жылғы ағылшын-орыс
келісімінің келешек тағдыры туралы өртүрлі пікірлер
таратылуына байланысты, мен Ресей Республикасының
Кенес үкіметінің атынан Сіздің құзырыңызға мына төменгі-
лерді хабарлауды өзіме үлкен бақыт деп санаймын.

Халықаралық саясат принциптеріне сәйкес... Халық
Комиссарлары Кенесі тарарапынан, парсы халқының еркін
және тәуелсіз өмір сүру құқығын қандай да болсын
жағдайда шектеп, қысым көрсететін осы келісімнен бұрын
жасалған не кейін туындауы мүмкін барлық келісімдерді
жарамсыз және күшін жойған деп жариялайды...

РЕСЕЙ СОЦИАЛИСТИК ФЕДЕРАТИВТІК РЕСПУБЛИКАСЫ
МЕН ИРАН (ПАРСЫ) АРАСЫНДАҒЫ КЕЛІСІМ

(Ұзінділдер)

26 ақпан, 1921 жыл.

1-бап. Ресей Кенес үкіметі өзінің парсы халқына
байланысты саясатының негіздері туралы 1918 жылдың
14 қантары және 1919 жылдың 26 маусымындағы
ноталарында баяндалған декларациясына сәйкес, Ресейдің
Парсы жөніндегі жұмысшылар мен шаруалардың еркімен
құлатылған империалистік үкіметінің зорлықшыл сая-
сатынан үзілді-кесілді бас тартатындығын тағы да салта-
нatty түрде жария етеді...

...Ресей Кеңес үкіметі бұрынғы патша үкіметінің Парсымен жасаған және парсы халқының құқығын кемітүге әекеліп соққан барлық трактаттар, келісімдер, конвенциялар және шарттарды мөнгі күшін жойды деп жариялады.

3-бап. Келісуші Жоғары ЕKİ ЖАҚ Парсы мен Ресей шекарасын 1881 жылы шектеу комиссиясы белгілеген күйде мойындал, сактауга келіседі. Сонымен бірге Ресей Кеңес үкіметі бұрынғы патша үкіметінің басқыншылық саясатының жемісін пайдаланғысы келмей, Парсының Астрabad провинциясының жағалауына орналасқан Ашур Ада және де басқа аралдарды пайдаланудан бас тартып, оларды және 1893 жылдың 28 мамырындағы келісім бойынша Ресейге берілген Фирузе мекені мен тағы басқа да жерлерді Парсыға қайтарып берді. Парсы үкіметі өз тарапынан Орыс немесе Ески Серакс деген атпен белгілі Серакс қаласы Серакс езенімен шектелген аймағымен бірге Ресей құрамында қалатындығына келіседі...

9-бап. Ресей Кеңес үкіметі патшалық Ресейдің Парсыны экономикалық тәуелділікте ұстауга бағытталған қаржы мекемелерін пайдаланудан бас тартады. Соңдықтан да ол Парсының несие-қарызы банкінің ақша қаражаттары құндылықтарын, жалпы бүкіл актив-пассивін, сонымен бірге Парсы жеріндегі осы банктің барлық қозғалмалы және қозғалмайтын мұліктерін парсы халқының иелігіне береді.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.). Документы и материалы. М., 1960. Т. 1. С. 819—823.

ИРАН ҮКІМЕТИНІҢ ТОЛЫҚ БЕЙТАРАПТЫҚТЫ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ШЕШІМІ ТУРАЛЫ КСРО-дағы ИРАН ЕЛШІЛІГІНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

27 маусым, 1941 жыл.

Иранның Кеңес Одағындағы елшісі Мохамед Саид мырза өзінің осы жылдың 26 маусымдағы ауызша нотасында Сыртқы істер халық комиссариатына мынаны хабарлайды:

Иран елшілігі өз үкіметінің тапсыруы бойынша Германия мен Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының арасындағы соғыстан туған жағдайда Иран үкіметінің толық бейтарап сақтайтынын Сыртқы істер халық комиссариатына хабарлауды мәртебе деп санайды.

**КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІЦ ИРАН ҮКІМЕТИНЕ
ЖОЛДАҒАН НОТАСЫ**

25 тамыз, 1941 жыл.

1921 жылғы келісім күшіне енген 20 жылдың ішінде Кеңес үкіметі өзінің мұдделерін қорғау үшін 1921 жылғы келісімнің 6-бабына жүгінбегені белгілі.

Соған қарамастан соңғы кездерде, өсіреле гитлерлік Германияның Кеңес Одағына опасызыздықпен шабуыл жасағанынан бергі уақыттың ішінде Иран аумағындағы неміс-фашист қасқунемдік топтарының КСРО-ға қарсы бағытталған дүшпандық іс-әрекеттері қауіпті сипат алды. Иран мемлекетіндегі 50-ден аса басшы қызмет орындарына жайғасып алған герман агенттері Иранда тәртіпсіздік орнатып, Иран халқының бейбіт өмірін бұзуға, Иранды КСРО-ға қарсы қоюға, оны КСРО-ға қарсы соғысқа айдалап салуға тырысып бағуда.

Раданович, Гамотт, Майер, Вильгельм Сапов, Густав Бор, Генрих Келингер, Трапше және басқа да герман фашизмінің агенттері өздерінің әртүрлі герман фирмаларындағы (АЕГ, Ферроталь, Гарбер, Ортель, Лен, Шихау) қызметтерін бүркеніп, осы кезде өздерінің зиянкестік әрекеттерімен де шектен шығып барады. Олар бір жағынан, кеңестік Өзіrbайжанға, ең алдымен, басты кеңестік мұнай ауданы — Бакуғе, кеңестік Туркменстанға жөнелту үшін диверсиялық және ланкестік топтарды ұйымдастырса, екінші жағынан, Иранда әскери төңкеріс дайындауда... Герман агенттерінің қарамағында Иранның әртүрлі пункттерінде орналасқан қару-жарақ және ок-дәрі қоймалары бар. Жекелеп айтқанда, Иранның солтүстік бөлігінде Мианэ айналасында олар өздерінің болашақ қылмысты мақсаттары үшін 50 т-дан астам жарылғыш заттар дайындаған. Аң аулау сылтауымен олар Тегеран төңірегінде өздерінің герман азаматтарының арасынан шыққан қылмысты сыйбайластарының әскери дайындығын өткізуде. Иранның әскери көсіпорындарына инженерлер мен техниктер ретінде 56 герман барлаушысы орналасып алды...

Иран үкіметі, екінішке орай, герман агенттерінің Иран жерінде жүргізіліп жатқан қастандық әрекеттеріне тыйым салатын шараларды қолданудан бас тартты. Сол себепті Кеңес үкіметі кейінрек тиісті шаралар қолдануға мәжбүр

болды, сейтіп 1921 жылғы келісімнің 6-бабына сәйкес Кеңес Одағына берілген құқықты пайдаланып, өзін-өзі қорғау мақсатында Иран аумағына уақытша өз өскерін кіргізді.

6-бап. Екі жоғарғы келісуші жақтар үшінші күштер тарапынан қауіп төнген жағдайда алдын алу шараларын қолдануға келісті, егер Парсы аумағына сырттан басқыншылық жасалса немесе сыртқы күштер Парсы аумағын Ресейге қарсы өскери күш қолдануға пайдаланғысы келсе, сейтіп Ресей Кеңестік Федеративті Республикасы мен оған одақтас мемлекеттердің шекараларына қауіп төнсө жөне Парсы үкіметі ол әрекеттерді өз күшімен тойтара алмайтын жағдайда болса, ресейлік Кеңес үкіметі өзін-өзі қорғау үшін Парсы аумағына қажетті өскер күштерін кіргізуге, қауіп-қатер жойылғаннан кейін ресейлік Кеңес үкіметі өз өскерін Парсы аумағынан деру алып кетуге міндеттеме алады.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.). Документы и материалы. М., 1960. Т. 2. С. 696, 697, 699.

АУГАНСТАН

ӘМІР АМАНУЛЛАНЫҢ В. И. ЛЕНИНГЕ ӨЗІНІҢ АУГАНСТАН
ТАҒЫНА ОТЫРҒАНЫН ХАБАРЛАП ЖӘНЕ ОДАҚПЕН
ДОСТЫҚ ОРНАТУДЫ ҰСЫНЫШ ЖАЗҒАН ХАТЫ

Кабул, 7 сеуір, 1919 жыл.

Ұлы Ресей Республикасының президенті Ленин мырзага Ауганстан әмірі Аманулла хан достық сөлем және шынайы құрметтің жолдайды.

Халық пен діннің шам-шырағы, менің әкемнің мемлекетті аралу сапары кезінде белгісіз бір жауыздың қолынан қаза тапқандығы туралы қайғылы хабарды аса терең қайғы мен қасірет күйінде, менің жоғары мөртебелі досым, Сізге хабарлап отырмын.

Сонымен бірге 1919 жылдың 21 ақпанында тәж киіп, таққа отырганымды хабарлаймын және бүкілдүниежүзілік бірлік, адамзат итілігіне қамқорлық және бейбітшілік мақсатында одақтастық пен достықтың қажеттігін жариялауды жөн деп таптым.

Менің Сізге деген шын қошеметімді қабылдауыңызды өтінемін.

Сіздің досыңыз

Аманулла

В. И. ЛЕНИННИң АУҒАН ӘМПİRНЕ ЖАУАБЫ

Мәскеу, 27 мамыр, 1919 жыл.

Орыс халқымен тығыз байланыстар орнату жөніндегі Сіздің ниетінізді күптай отырып, Сізден өзініздің Мәс-кеудегі реесми өкілінізді тағайындауды өтінеміз және өз тарапымыздан Кабулға жұмысшы-шаруа үкіметінің өкі-лін жіберуге дайынбыз және оны кешіктірмей өткізу туралы Сіздің Ұлы мәртебенізден барлық үкімет орын-дарына жарлық беруінізді сұраймыз.

Екі ұлы халықтың арасында тұрақты дипломатиялық қатынастардың орнатылуы шетелдік жыртқыштардың тарапынан басқаның бостандығына қарсы қандай да бір болмасын қастандық жасаушыларға өзара бірігіп тойта-рыс беруге кең мүмкіншіліктер туғызады.

Ауған халқына осы сөлемімізді жолдай отырып, өзі-мізді аса бақыттымыз деп сезінеміз және Ұлы мәртебелі мырза Сізден мұны өз халықтың зиянкесін көрсеткен шынайы достық құрметіміз деп қабылдауызызды өтінеміз.

Ленин

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.). Документы и материалы. М., 1960. Т. 1. С. 805-806.

ТУРКИЯ

РКФСР МЕН ТУРКИЯ АРАСЫНДАҒЫ ДОСТЫҚ ЖӘНЕ
ТУЫСҚАНДЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

(Үзінділер)

16 наурыз, 1921 жыл.

4-бап. Келісуші екі жақ Шығыс халықтарының ұлт-азаттық қозғалысы мен Ресей еңбекшілерінің жаңа әлеуметтік құрылымын үшін құресін үйімдастыра отырып, ол халықтардың бостандық пен тәуелсіздікке құқығын, сонымен бірге олардың басқару түрін өздерінің тілектеріне сай таңдал алуға құқықты екендігін салтанатты түрде мойындайды.

6-бап. Келісуші екі жақ екі ел арасында осы уақытқа дейін жасалған барлық келісімдер екі жақтың да мақсат-

тарына сәйкес келмейді деп таниды. Сондықтан да олар ол келісімдерді қажетсіз деп танып және құштерін жоюға келіседі. РКФСР үкіметі Туркияны ертеде Туркия мен патша үкіметінің арасында жасалған халықаралық міндет-темелерінен азат деп есептейтіндігін жариялады.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.). Документы и материалы. М., 1960. Т. 1. С. 834.

АШАРДЫ ЖОЮ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРНЫНА ЖАҢА ЖЕР САЛЫГЫН ЕҢГІЗУ ТУРАЛЫ ЗАҚ

17 қаңтар, 1925 жыл.

1-бап. Ашар жүйесі жойылсын. 1341 (1925) бюджет жылынан бастап жер және орман шаруашылығы өнімдеріне осы заңыңың негізінде салық салынатын болды.

2-бап. Егін шаруашылығының өнімдеріне, сондай-ақ үн, қырмاغа осы күнге дейін салынып келген ашар салығының орнына осы өнімдердің порттагы немесе стансыдағы бағасының 10% мөлшерінде салық салынады. Артылған жерлерден 60 шақырым қашық орналасқан порттар не стансыларға келетін өнімдерге салынған салық өндірілген жерінде төленеді...

Стамбул, Пера, Скутары уалаяттарының ауылдық жерлерінен жеткізілген көкөністер мен жеміс-жидектер үшін бұл салық төленбейді.

3-бап. Жұзім, күріш, күнжіт сияқты егін өнімдеріне олардың құнының 8% мөлшерінде салық төленеді.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.). Документы и материалы. М., 1960. Т. 1. С. 834-835.

ҰЛТТЫҚ ҚОРҒАНЫС ТУРАЛЫ ЗАҚ

8 қаңтар, 1940 жыл.

1-бап. Төтенше жағдайларда мемлекеттің құрылымын экономикалық және ұлттық қорғану түрғысынан нығайту үшін Министрлер кеңесіне осы зақ белгілеген құрылым мен жағдайларға сәйкес тиісті құқықтар мен өкілдептіктер беріледі. Төтенше жағдайлар деп мыналар саналады:

- а) ішінара немесе жаппай жұмылдыру;
- б) елдің соғысқа кіру мүмкіндігі;
- б) Туркия Республикасына мұдделі шетелдер арасында соғыс жағдайы туған кезде...

Хрестоматия по новейшей истории (1939—1945 гг.). Документы и материалы. М., 1960. Т. 2. С. 697, 709.

ЖЕРДІ ШАРУАЛАРГА ҰЛЕСТИРУ ТУРАЛЫ ЗАҢ

11 маусым, 1945 жыл.

8-бап. Осы заңның ережелеріне сәйкес ұlestіруге мына жерлер жатады:

- а) қазынаның қарамағындағы және пайдалануындағы жерлер, арнайы иелік категориясына жатқызылған және қоғамдық қажеттілікке пайдаланбаған жерлер;
- б) бір немесе бірнеше село, елді мекендер мен қалалардың пайдалануында болған жер шаруашылығы министрлігі артық деп тапқан жерлер;
- б) иесіз жерлер;
- в) осы заңның қаулыларына сәйкес қайтарылып алынатын жерлер...

14-бап. Төменде көрсетілген жерлер оларда салынған ауыл шаруашылығын жүргізуге қажетті құрылыштарымен бірге жері аз және жері жоқ шаруаларға (ауыл шаруашылығы жұмысшыларымен қоса) бөліп беру үшін Жер шаруашылығы министрлігінің қарамағына алынады:

- а) барлық вакуф жер...;
- б) жергілікті басқармалар мен монополистердің басқаруында болып келген, бірақ қоғамдық мақсатқа пайдаланбаған жер;
- в) табиғи және жеке занды тұлғалардың меншігіндегі көлемі бес мың деңгөнан артық жер...

16-бап. Жері аз аудандарда орташа жер иеленушілерден 2 мың деңгөнан артық жер көлемі алынуы мүмкін. Бірақ бұл қаулы иесі өзі өндейтін, тәртілте ұстасытын және жергілікті жағдай мен мүмкіндіктерге сай келетін құрылыштары мен шаруашылық қурал-саймандары бар орта шаруашылықтарға тарамайды...

17-бап. Жерсіз немесе жері аз үлескерлер жалдаушылар немесе ауыл шаруашылығы жұмысшылары пайда-

ланып отырған жерлер иесіздендіріліп, жоғарыда атальған өңдеушілерге бөлініп беріледі, ал ол жердің иелеріне осы аудан үшін белгіленген мөлшерден үш есе артық мөлшерде қалған жері қалдырылады...

45-бап. Бөліп беру үшін қазынаға алынған жерлердің құны жер облигациялары деген атпен шығарылған мемлекеттік облигациялармен төленеді. Ол облигациялардың құны 20 жыл ішінде тең бөлшектерімен өтеледі де, әр келесі салымға жылына 4% өсім төленеді...

46-бап. Бөлініске тускен жерлердің, ондағы құрылыштар мен гимараттардың құны қарызға алғаннан кейінгі алтыншы жылдың қаңтар айынан бастап 20 жыл ішінде ол қарызға ешқандай өсім қосылмай тең үлеспен төленіп бітуі керек.

Хрестоматия по новейшей истории (1939—1945 гг.). Документы и материалы. М., 1961. Т. 3. С. 677-678.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

В. ВИЛЬСОННЫҢ “14 ТАРМАҒЫ”

8 қантар, 1918 жыл.

1. Ашық бітімгершілік келісімдері.
2. Бейбітшілік және соғыс кезіндегі теңіздің ашықтығы (бостандығы).
3. Кеден кедергілерін алып тастау.
4. Ішкі тәртіпті сақтауға қажет мөлшердегі жаппай қарусыздану.
5. Отарлық жөніндегі талаптарды жергілікті халық пен билікке үмтүлұшы мемлекеттің мұдделері тең дәрежеде ескерілетіндей етіп әділ реттеу.
6. Ресейдегі басып алынған аумақты азат ету.
7. Бельгияны босату және оны қалпына келтіру.
8. Францияның қираған облыстарын қалпына келтіру және оған Эльзас-Лотарингияны қайтарып беру.
9. Италияның шекарасын реттеу.
10. Австро-Венгрия халықтарына автономия беру.
11. Балқандығы шекараларды тубектің тарихи дамуы мен этнографиясын ескере отырып реттеу, Сербияға теңізге шығуға жол ашу.

12. Оттоман империясының халықтарына өзін-өзі басқару құқығын беру.

13. Теңізге шыға алатын тәуелсіз Польшаны құру.

14. Халықтардың жалпыға бірдей ассоциациясын құру.

Лан В. СПА от Первой до Второй мировой войны. ОГИЗ. М., 1947. С. 42.

ОДАҚТАСТАР МЕН ГЕРМАНИЯ АРАСЫНДАҒЫ КОМПЬЕНДЕ ЖАСАЛҒАН УАҚЫТША БІТІМ

11 қараша, 1918 жыл.

1-бап. Жердегі және өуедегі соғыс қымылдарын уақытша бітімге қол қойылғаннан кейін 6 сағ ішінде тоқтату.

2-бап. Басып алған Германия, Франция, Люксембург елдерін, Эльзас-Лотарингияны қоса тез арада босату, ол жерден өскерлерді өкетуді 15 күн ішінде аяқтау.

3-бап. Жоғарыда аталған облыстардың тұрғындарын кепілге алған адамдармен қоса кері қайтару.

4-бап. Герман армиясы мына төмендегідей өскери жабдықтарды: 5 мың зенбірек, 25 мың пулемет, 3 мың миномет және 1700 аэропланды одактастарға береді.

5-бап. Герман армияларымен Рейннің сол жағындағы жерді қайтару...

7-бап. Су жолдары, катынас және байланыс құралдарын бүлдіруге тыйым салу. Одактастарға 5 мың паравоз, 150 мың вагон және 5 мың жұқ машинасын беру...

12-бап. Соғысқа дейін Австро-Венгрияның, Румынияның және Түркияның бөлігі болып келетін аумақтарындағы барлық герман өскерлері тез арада Германияға өкетілуі тиіс...

22-бап. Одактастар мен АҚШ-ка барлық сұнгуір қайықтарды (крейсерлер мен миналық көліктерді қоса), барлық қару-жарақтарды одактастар мен АҚШ көрсеткен порттарда тапсыру.

23-бап. Одактастар мен АҚШ көрсеткен су үстіндегі Герман өскери кемелері кідіріссіз қарузыздандырылады.

34-бап. Уақытша бітім мерзімі 36 күн мөлшерінде белгіленді. Мерзімді ұзартуға болады.

Международная политика новейшего времени в договорах, нотах и декларациях. М., 1926. Ч. 2. С. 194.

ВЕРСАЛЬ ШАРТЫ

(Ұзінделер)

28 маусым, 1919 жыл.

1-бап. Барлық мемлекеттер, доминиондар немесе отарлар Лигаға мүше бола алады.

2-бап. Лиганың бүкіл қызыметін, осы статуста анықталғандай, жиналыс пен кеңес атқарады, олардың жаңында тұрақты хатшылық жұмыс істейді.

3-бап. Жиналыс Лига мүшелерінің өкілдерінен тұрады.

4-бап. Кеңес одактас және біріккен мемлекеттердің басты өкілдерінен, сондай-ақ Лиганың басқа 4 мүшесінен тұрады. Лиганың бүл 4 мүшесі жиналыстың шешімі бойынша және оларды сайлағысы келетін мерзім бойынша аталауды. Кеңесте ұсынылған Лиганың әр мүшесі тек бір дауысқағана ие бола алады және бір ғана өкіл болады...

7-бап. Лиганың орналасатын жері Женева болып белгіленді.

8-бап. Лига мүшелері бейбітшілікті сақтау ұлттық қауіпсіздікпен бірге ұлттық қаруысздандыруды ең төменгі мөлшерге дейін қысқарту қажеттігін және бірігіп қымылдауды қажет ететін халықаралық міндеттерді орындауды талап ететін мойындайды...

10-бап. Лига мүшелері Лиганың барлық мүшелерінің аумақтық тұтастығы мен саяси тәуелсіздігін құрметтеуге және оларды қандай да болсын сыртқы шабуылдан сақтауға міндеттенеді...

32-бап. Германия Бельгияның талас болып келген Морэне аумағына толық билігін орнатуын мойындайды...

51-бап. 1871 жылдың 26 ақпанында Версальда қол қойылған бітімге және 1871 жылдың 10 мамырындағы Франкфурт шартына байланысты Германия жағына кеткен аумақтар 1918 жылғы 11 қарашадағы уақытша бітім күнінен бастап Францияның қарамағына қайтарып берілсін...

80-бап. Германия Австрияның басты одактар және Біріккен мемлекеттер арасындағы жасалған шартта белгіленген аумағындағы тәуелсіздігін мойындайды және қатаң сақтайды.

81-бап. Германия Чехословакия мемлекетінің тәуелсіздігін толық мойындайды...

87-бап. Германия Польшаның тәуелсіздігін толық мойындайды...

119-бап. Германия басты одактастар мен Біріккен мемлекеттердің пайдасына өзінің барлық құқығынан және теңіздің аргы жағындағы барлық иеліктеріне деген құқықтарынан бас тартады...

160-бап. Германияны құрайтын мемлекеттік қарулы күштердің жалпы саны офицерлер мен сапқа жарамайтындарды қоса есептегендеге 100 мың адамнан аспауы керек және олар тек елде тәртіпті сақтау үшін шекара күзетіне пайдаланылады... Германияның Бас штабы және сол сияқты басқа да құрылымдары таратылады және қандай түрде болсын қайта қалпына келтірілмейді...

173-бап. Германияда жалпыға бірдей әскери қызметтің қандай түрінен болса да тыйым салынады. Герман әскери тек ерікті жалдану негізінде құрыла алады...

180-бап. Германияның Рейиннен шығысқа қарай 50 шакырым қашықтықтағы белдеуден батысқа қарай орналасқан барлық құрлықтағы бекіністері, қамалдар және бекіністі жерлер қарусыздандырылады және жойылады.

181-бап. Герман әскери флотының қүштері:

6 бронетасушы кемеден,

6 женіл крейсерден,

12 мина тасушы кемеге қарсы тұратын кемеден,

12 мина тасушы кемеден аспауы керек...

Олар ешқандай сұнгуір кемелер ұстамауы керек...

198-бап. Германияның әскери қүштері құрамында ешқандай әскери және теңіз бөлімдері болмауы керек.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.). Документы и материалы. М., 1960. Т. 1. С. 179—186.

В. И. ЛЕНИН КОМИНТЕРНДІ ҚҰРУ ТУРАЛЫ

Үстіміздегі 1919 жылды наурызда Мәскеуде коммунистердің халықаралық съезі болып отті. Бұл III съезд коммунистік интернационалдың барлық елдерде Кеңес өкіметін орнатуға ұмтылатын бүкіл дүниежүзі жұмысшылары одағының негізін қалады.

Маркс негізін қалаған Бірінші Интернационал 1864 жылдан 1872 жылға дейін өмір сүрді. Париждің қаһарман жұмысшыларының, атақты Париж коммунасының женилуі Интернационалдың ақыры болды...

Екінші Интернационал соғысқа дейін, 1889 жылдан 1914 жылға дейін өмір сүрді. Бұл уақыт капитализмнің

негұрлым тыныш және бейбіт дамыған кезеңі болды. Бұл уақыттың ішінде бірсыптыра елдерде жұмысшы қозғалысы нығайып, есейді...

Төрт жыл бойы жер бетін қанға бояған, капиталистер арасындағы пайданы бөлісу үшін, азғантай және әлсіз халықтарға өктемдік жүргізу үшін болған соғыс 1914 жылы басталған кезде, бұл социалистер өз үкіметтерінің жағына шығып кетті... Социализм деген байырғы сөзді социализмің опасыздары масқара етті.

Капитал езгісін құлату ісіне адалдықтан айнымаған жұмысшылар қазіргі күнде өздерін коммунистер деп атайды. Бұкіл дүниежүзінде коммунистер одағы көбейіп келеді. Бірсыптыра елдерде қазірдің өзінде Кенес өкіметі орналады... көп ұзамай біздер коммунизмің бүкіл дүниежүзінде тарағандығының қуәсі боламыз...

Ушінші Интернационал іс жүзінде 1918 жылғы оппортунизм мен социал-шовинизмге карсы құрестің көпжылдық үрдісі, өсіресе соғыс уақытында, бірталай үлттарда коммунистік партиялар құрылған кезде өмірге енді. Формалдық жағынан Ушінші Интернационал өзінің бірінші съезіндегі, 1919 жылғы наурызда, Мәскеуде құрылды. Ал бұл Интернационалдың ете ерекше белгісі, оның міндеті — марксизмің өсінеттерін орындау, іске асыру және социализм мен жұмысшы қозғалысының ежелден бергі мұратын жүзеге асыру, Ушінші Интернационалдың осы ете ерекше белгісі өзін бірден-ақ мынадан көрсетті: жаңа, ушінші, “Жұмысшылардың халықаралық қоғамы” қазірдің өзінде-ақ белгілі мөлшерде Кеңестік Социалистік Республикалар Одағымен деңгейлес болып отыр...

Ушінші Интернационал Екінші Интернационалдың істеген жұмысшының жемісін пайдаланды, оның оппортунистік, социал-шовинистік, буржуазиялық, жеке ұсақ буржуазиялық мерезін сұлып тастап, пролетариат диктатурасын жүзеге асыра бастады...

Латынның осы сөздері енді қазіргі Еуропаның барлық халықтарының тілдеріне аударылды. Ол — ол ма, дүниежүзінің барлық тілдеріне аударылды.

Дүниежүзілік тарихтың жаңа дәуірі басталды.

В.И. Ленин. Третий Интернационал и его место в истории. Полн. собр. соч. Т. 38. С. 254—255, 334-335.

КСРО, РУМЫНИЯ, ЧЕХОСЛОВАКИЯ, ТУРКИЯ ЖӘНЕ
ЮГОСЛАВИЯ АРАСЫНДАҒЫ БАСҚЫНШЫЛЫҚТА
АНЫҚТАУ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯДАН

4 шілде, 1933 жыл.

Кенестік Социалистік Республикалар Одағының Орталық Атқару Комитеті, Ұлы мәртебелі Румын королі, Чехословак Республикасының президенті, Түркия Республикасының президенті және Ұлы мәртебелі Югославия королі өз елдері арасындағы бейбітшілікті нығайту мақсатымен өздері қатысушы Бриан-Келлог пакті қандай да бір болсын басқыншылыққа тыйым салады деп санап, жалпыға бірдей қауіпсіздік мақсатында оны ақтауга ешқандай жол бермеу мақсатымен басқыншылық ұғымын мүмкіндігінше толық анықтау үшін; барлық мемлекеттер тәуелсіздікке, қауіпсіздікке, өз аумақтарын қорғауга және өзінің мемлекеттік құрылымының еркін дамуына теңқүқықтылығын көрсете отырып;.. өз елдері арасында басқыншылықты анықтайтын нақтылы ережелер енгізуге, олар жалпы мойындалған ережелерге айналғанша шешім қабылдап, осы мақсатпен мына конвенцияны қабылдады.

1-бап. Келісуші жоғары жақтардың әрқайсысы қалған елдердің әрқайсысымен өзара қатынастарында осы конвенцияның күшіне енген күнінен бастап басқыншылықтың анықтамасын басшылыққа алуға міндеттегенді...

2-бап. Осыған сәйкес халықаралық қақтығыстарда шабуылшы деп... мына төмендегідей әрекеттердің біреуін бірінші болып жасаган мемлекет есептеледі:

1. Екінші мемлекетке соғыс жарияласа.

2. Соғыс жарияламай қарулы күштері басқа мемлекеттің аумағына басып кірсе.

3. Өзінің құрлықтағы, теңіз және өве күштерімен соғыс жарияламай-ақ, басқа мемлекеттің аумағына және өве кемелеріне шабуыл жасаса.

4. Басқа мемлекеттің жағалаулары мен порттарын теңізден қоршауга алса.

5. Өзінің аумағында үйымдастырылып, басқа мемлекеттің аумағына басып кірген қарулы қаракшыларға көмек көрсетсе...

1933 жылдың 3 шілдесі күні басқыншылықты анықтау жөніндегі конвенцияға Польша қол қойды.

Документы внешней политики СССР.
М., 1970. Т. 2. С. 403—405.

БҰГАЗДАРДЫҢ РЕЖІМІ ЖӨНІНДЕГІ КОНВЕНЦИЯ

20 шілде, 1936 жыл.

Монтредегі (Швейцария) конференцияға қатысушылар—КСРО, Англия, Франция, Турция, Болгария, Греция, Румыния, Югославия және Жапония қол қойған бұгаздардың режимі жөніндегі конвенция 1923 жылғы Лозанна конвенциясын ауыстырды.

1-бап. Жоғары келісуші жақтар бұгаздар арқылы өту мен оларда еркін жүзудің құқықты принципін мойындауды және куәландырады.

I тарау. Сауда кемелері.

2-бап. Бейбіт кездерде сауда кемелері ешқандай кедергісіз, туы мен жүргіне қарамастан, күн демей, түн демей бұгаздар арқылы жүзіп өтуге толық құқылы...

4-бап. Соғыс жағдайында, егер Турция соғысушы жақ болмаған жағдайда да, сауда кемелері туы мен жүргіне қарамастан, бұгаздар арқылы еркін жүзіп өтуге құқылы.

5-бап. Соғыс кезінде, егер Турция соғысушы жақ болатын болса, онда Туркиямен соғыс жағдайында емес елдердің сауда кемелері, егер олар қарсы жаққа ешқандай көмек көрсетпейтін болса, бұгаздар арқылы еркін жүзіп өтуге құқылы.

II тарау. Әскери кемелер.

10-бап. Бейбітшілік уақытта су бетіндегі жеңіл кемелер, кішігірім әскери және қосалқы кемелер, олардың Қара теңіз жағалаулырындағы мемлекеттердікі ме, жоқ басқа мемлекеттердікі ме, қандай туы бар екендігіне қарамастан, бұгаздар арқылы еркін жүзіп өтуге құқылы...

12-бап. Қара теңіз жағалауындағы мемлекеттер өздерінің базасына қайтару мақсатында, егер Туркиямен сату немесе сатып алу туралы күнібұрын хабарландырылған жағдайда, осы теңізден тыс сатып алынған өзінің суасты қайықтарын бұгаздар арқылы өткізу құқығына ие бола алады. Осы немесе басқа жағдайларда суасты

қайықтарын күндіз су бетімен және бұғаз арқылы жеке-жеке откізе алады...

14-бап. Бұғаздар арқылы транзитте болатын қуатты штетелдік теніз отрядтарының барлық кемелерінің жалпы ауырлық салмағы 15 000 т-дан аспауы тиіс...

18-бап. 2. Қара теңізге кемелердің келуінің қандай да мақсаты болғанына қарамастан, жағалаудағы емес елдердің өскери кемелері онда 21 күннен артық қалуына болмайды.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.). Документы и материалы. М., 1960. Т. 1. С. 246—248.

КОМИНТЕРНГЕ ҚАРСЫ ПАКТ

25 қараша, 1936 жыл.

Ұлы Жапон империясының үкіметі мен Германияның үкіметі коммунистік интернационалдың (“Коминтерн” деп аталатын) мақсаты қарамағындағы барлық құралдарды пайдалана отырып, қазіргі Әмір сүріп отырган мемлекеттерге қарсы қастандық әрекет пен зорлық-зомбылық жасау екендігін сезіне отырып, коммунистік интернационалдың ұлттардың ішкі істеріне араласуына шыдамдылық көрсету олардың тыныштығына, әлеуметтік тіршілігіне және қоғамдық құрылышына ғана қауіп төндіріп қоймайды, сонымен қатар бүкіл дүниежүзіндегі бейбітшілік ісіне де қауіпті екендігіне толық сеніммен және өздерінің коммунистік қастандық әрекеттерге қарсы қорғану мәселесінде ынтымақтастық ниеттерін білдіре отырып, мына төмендегі мәселелерге келісті:

1-бап. Келісуші Жоғары ЕKİ ЖАҚ коммунистік интернационалдың іс-әрекеттері туралы бір-біріне мәлімет беріп отыруға, тиісті қорғау шараларын қабылдау туралы акылласып отыруға және ол шараларды іске асыруда тығыз байланыс орнатуға міндеттенеді...

2-бап. Келісуші Жоғары ЕKİ ЖАҚ ішкі қауіпсіздігіне коммунистік интернационалдың дүшпандық әрекеттері қауіп төндіріп тұрган үшінші мемлекетке осы келісім рухында қорғаныс шараларын қабылдауды немесе осы келісімге қосылу жөнінде бірігіп ұсыныс жасауға міндеттенеді.

3-бап. ... Осы келісім бес жыл мерзімге жасалды және қол қойылған күннен бастап күшіне енді. ЕKİ келісуші жақ өз уақытында, осы келісім күшінің жойылу мерзімі

келгенше, өздерінің одан әрі ынтымақтастығының сипаты жөнінде өзара түсіністікке жетуге міндетті.

Хрестоматия по новейшей истории (1917—1939 гг.). Документы и материалы. М., 1960. Т. 1. С. 184-185.

ИСПАНИЯДАҒЫ ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ БРИГАДАЛАР

Мен жеті интернационалдық бригаданың саны, құрылымы, үйімдастырылуы мен қымыл жасаған уақыты жөнінде мәліметтерді көлтіргім келеді. Франкистік “тарихшылар” бұл нақты мәліметтерді теріске шығарып көрсін...

Испанияда құрамында 23 батальоны және бір батареясы бар жеті интернационалдық бригада қымыл жасады, тағы бір батальон 86-испан бригадасының құрамына енді...

... Алғашқы интернационалистер 1936 жылдың 8 қарашасында соғысқа араласып, 1938 жылдың қазанында кері шақырылып алынды да, одан өз отандарына немесе Испанияға қай елден келсе, сол елге қайта бастады. Еріктілердің бөлімдері Халық армиясының қатарында 23 ай бойы бостандық үшін шайқасқанда олардың қатарынан 35 мынданай адам арғы жакқа өтіп, олардың 5000-ға жуығы Испан жерінде ерлікпен қаза тапты.

Бірнеше жұзеген интернационалистер өскердің басқа түрлерінде — авиация, артиллерия, инженерлік өскер, санитарлық белімдердің... құрамында болды. Солардың арасында кенес ұшқыштары мен танкішілері де болды. Кенестік ерікті ұшқыштар алғашқы рет 1936 жылдың 5 қарашасында ұрысқа қатысып, Мадрид түрғындарын Италия-Герман авиациясының айуандық бомбалаудын корғады, ал танкішілер сол жылдың 29 қазанында Сессения-Вальдемора секторында шайқасты. Одан басқа республикалық аймақта кенестік өскери кенесшілерінің бір тобы тамаша командирлер болды, олар бізге армияны үйімдастыру мен оның жауынгерлік дайындығында үлкен көмек көрсетті...

Интернационалдық бригадалардың құрамында өздерінің саяси-идеологиялық және әлеуметтік айырмашылықтарына қарамастан жалпы антифашистік сенімдерімен біріккен католиктер, протестанттар, еврейлер, атеистер, коммунистер, социалистер, буржуазиялық және прогресшіл партиялардың өкілдері, сонымен бірге ешқандай партияларға жатпайтын адамдар тізе қосып шайқасты.

Бригадаларда бүкіл Еуропа елдерінің, Латын және Солтүстік Америкалық үлкенді-кішілі мемлекеттерінің, Австралияның, Азия мен Африканың көптеген елдерінің өкілдері болды. Сөйтіп, интернационалдық бригадалар бүкіл дүниежүзі антифашистері ынтымақтастырының батыл да өткір көрінісі болды. Олар жұмысшы табы мен бейбітшілік үшін демократиялық қозғалыстың нағызы саналы күштерінің антифашистік интернационалдық одағының өкілдері. Олар дүниежүзі халықтарының, жұмысшы табы, шаруалар мен зиялыштардың 35 мың нағыз жауажүрек өкілдері болатын.

Энрике Листер. Наша война. М., 1969.
С. 95—98.

МЮНХЕН КЕЛІСІМІ

Германия, Біріккен корольдік, Франция және Италия Судет-неміс облысын беру туралы қол жеткізілген келісімге байланысты қайтарып берудің мына тәменгідей шарттары мен түрлөрі және оған қажетті шаралар туралы келісті; сондай-ақ осы келісімге сәйкес оны орындауға қажетті шараларды іске асыруға әрқайсысы жеке-жеке міндеттенді:

1. Көшіру 1 қазанда басталады.
2. ... Аумақты тазарту 10 қазанға дейін аяқталады және бар құрылыштардың ешқайсысы бұзылмауы тиіс. Чехословакия үкіметі көшіру кезінде ешқандай құрылыштардың бұзылмауына жауапты...
4. Неміс халқы басым аудандарға герман өскерлерінің біртіндеп орналасуы 1 қазаннан басталады...

Мюнхен, 23 қыркүйек, 1938 жыл.

*A. Гитлер
Э. Дарадье
Б. Муссолини
Н. Чемберлен*

Келісімге қосымша

... Чехословакиядағы поляк және венгр азшылықтары туралы мәселе реттелісімен Германия мен Италия Чехословакияға өз таралынан кепілдік береді.

Новые документы из истории Мюнхена.
М., 1958. С. 156—159.

А. ГИТЛЕРДІҢ ГЕРМАН АРМИЯСЫНЫң ЖОГАРЫ БАСШЫЛАРЫНЫң КЕҢЕСІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН

22 тамыз, 1939 жыл.

...Польшаны талқандау біздің бірінші міндетіміз. Мақсат — белгілі бір шепке жету емес, қуатты құштерді жою. Тіпті соғыс батыста басталса да, Польшаны талқандау біздің бірінші мақсатымыз болуға тиіс. Жыл мезгілін ескере отырып, шешім тез орындалуы қажет.

Насихат үшін мен соғыстың басталуының бір себебін ойлад табамын. Ол шын ба, өтірік пе, онда тұрган ешқандай мән жоқ. Женімпаздардан сен шын айттың ба, өтірік айттың ба деп ешкім сұрай алмайды. Соғыстың басталуы мен жүргізілуіне байланысты мәселені құқық емес, женіс шешеді.

Мейірімсіз болындар. Қатал, дөрекі болындар. Сексен миллион адам өзіне тиістісін алулары керек, оларды өмірге қажеттінің берімен қамтамасыз етуіміз керек. Зан құштінің жағында. Барынша қаталдық көрсету керек.

Тез шешім қажет, неміс жауынгеріне шексіз сену керек. Басшылардың жүйкесі босағанда гана жеңіліс табуға болады.

Бірінші мақсат — Висла мен Нарваға жету; біздің техникалық басымдылығымыз поляктардың психикалық жағынан мысын басады. Қарсы шыққан әрбір поляк армиясы табан астында талқандалуы керек, бұл соғыс тек қырып-жою, талқандау соғысы болуы керек...

Хрестоматия по истории южных и западных славян. Минск., 1991. Т. 3. С. 159—160.

ШАБУЫЛ ЖАСАСПАУ ТУРАЛЫ КЕҢЕС-ГЕРМАН ШАРТЫНА ҚОСЫМША ҚҰПИЯ ХАТТАМАДАН

Мәскеу, 23 тамыз, 1939 жыл.

Германия мен Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы арасындағы шабуыл жасаспау туралы келісімге қол қоярда екі жақтың төменде қол қоюшы өкілдері аса құпия жағдайда екі жақтың Шығыс Еуропадағы мұдделерін межелеу мәселесін талқылады. Бұл талқылау мына төмендегідей қорытындыға әкелді:

1. Балтық жағалауларындағы мемлекеттердің (Финляндия, Эстония, Латвия, Литва) құрамына кіретін облыстарды аумақтық-саяси жағынан қайта құрган жағдайда Литваның солтустік шекарасы бір уақытта Германия мен КСРО мүдделері аймақтарының шекарасы болады. Бұл арада Литваның Вильно облысы жөніндегі мүддесін екі ел де мойындаиды.

2. Польша мемлекетінің құрамына кіретін облыстарды аумақтық-саяси жағынан қайта құрган жағдайда Германия мен КСРО мүдделері аймақтарының шекарасы, шамамен алғанда, Нарва, Висла және Сана өзендерінің бойымен етеді.

Польша мемлекетінің төуелсіздігін сақтау екі елдің өзара мүдделеріне сай келе ме және бұл мемлекеттің шекаралары қандай болуы керектігі жөніндегі мәселе тек бұдан былайғы саяси дамудың барысында түпкілікті анықталуы мүмкін.

Қайткен күнде де бұл мәселені екі үкімет достық келісімдері негізінде шешетін болады...

4. Бұл хаттаманы екі жақ та өте құпия сақтайды.

КСРО мемлекетінің тапсыруы бойынша

B.M. Молотов

Герман үкіметінің атынан

I. Риббентроп

Международная жизнь. № 9. 1989.
C. 91-92.

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҰЗЛІК СОҒЫС (1939—1945 жж.)

ТУСІНІКСІЗ СОҒЫС

Алғашқы сегіз ай бойына, яғни немістердің 1940 жылдың 10 мамырындағы Бельгия, Голландия, Францияға шабуыльна дейін ағылшын-француз одақтастары немістерге жерде, өуеде шабуыл жасауға өрекет жасамады. Одақтық басшылық, шамасы, немістердің мазасын алудан корқып, оларға қарсы оқ атуға да бүйрек бермеді. Қарсыластар дауыс зорайтқыштармен бейпіл ауыз әзіл-оспақтар айтысып және женіл музыкамен бір-бірінің көңілдерін көтеріп жатты. Одақтастар мұнды неміс әндерін берсе, немістер париж шансонеткалары мен ағылшын-

дардың отырыс әндерін берді. Мұның барлығы да солдаттардың үйлеріне деген сағынышын басу үшін жасалды.

Д.Краминов. Правда о втором фронте. Записки военного корреспондента. М., 1958. С. 28.

ГЕРМАНИЯНЫҢ ФРАНЦИЯМЕН УАҚЫТША БІТІМ ШАРТТАРЫ

22 маусым, 1940 жыл.

1-бап. Соғыс қымылдарын дереу тоқтату...

3-бап. Басып алған жерлерде Германия жергілікті басқарудан басқа барлық басып алушы мемлекеттің құқықтарына ие болады...

8-бап. Француз соғыс, соғыс-теніз және соғыс-өуе күштері таратылып, қарузыздандырылады... Бұл өскерлердің саны мен қару-жарагын тиісінше Германия мен Италия белгілейді...

10-бап. ... Француз өскери қызметкерлеріне Франциядан кетуге тыйым салынады. Франция Англияға ешқандай материалдық бөлшектер бермеуге тиіс. Бірде-бір француз Германияға қарсы мемлекеттерге қызмет жасамауы керек.

11-бап. Бірде-бір француз сауда кемесі порттарды тастап кетпеуі тиіс...

12-бап. Бірде-бір француз үшагы өуеге көтерілмеуі тиіс...

14-бап. Француз аумағындағы барлық радиотарату стансылары жабылуға тиіс...

18-бап. Герман басқыншы армиясын жабдықтау шығындарын Франция жағы көтереді...

Мировое хозяйство и мировая политика. 1940. №7. С. 161-162.

ҮШ МЕМЛЕКЕТТИҢ КЕЛІСІМІ

27 қыркүйек, 1940 жыл.

1-бап. Жапония Германия мен Италияның Еуропаға жаңа тәртіп орнату жөніндегі күштерге басшылығын мойындал, құрметтейді.

2-бап. Германия мен Италия Жапонияның Ұлы Шығыс Азия кеңістігінде жаңа тәртіп орнату жөніндегі басшылығын мойындал, құрметтейді.

3-бап. Германия, Италия және Жапония жоғарыда атап көрсетілген негізде өзара ынтымақтастыққа келісті. Олар барлық саяси, шаруашылық және соғыс күштерімен, егер келісуші үш жақтың біреуі қазіргі Еуропадағы соғыс пен Қытай-Жапон қарулы қақтығысына қатыспаған елдердің біреуінің тарапынан шабуылға ұшыраса, бір-біріне қомектесуге міндеттенеді...

Германия, Италия және Жапония өкілдерімен Берлинде қол қойылған үштік пакт фашистік басқыншылық блокты қалыптастыруды аяқтады. Ол басқыншылықты кеңейтуге және Кеңес Одагына қарсы соғыс даярлауда маңызды кезең болды. Пактіге кейін Венгрия, Румыния, Болгария, Финляндия, Испания, Таи (Сиам), Хорватияның, Маньчжоу-го қыыршақ үкіметі және Қытайдағы Van Цзин-Вэннің “жапондық үкіметі” қосылды.

Мировое хозяйство и мировая политика. 1949. № 10. С. 117.

БАРБАРОССА ЖОСПАРЫ

18 желтоқсан, 1940 жыл.

Неміс қарулы күштері Англиямен соғыс аяқталмай тұрып-ақ қысқа мерзімді соғыс қымылдарының нәтижесінде Қеңестік Ресейді женуге дайын түрулары керек (Барбаросса нұсқасы)...

Кеңестік Ресейге шабуыл жасау туралы бұйрықты мен қажет болған жағдайда белгіленген операциядан сегіз апта бұрын беремін...

Жоғары бас қолбасшылықтың дайындық жұмыстары мына тәмендегі басты қағида негізінде жүргізілуі қажет:

Жалпы мақсат.

Ресейдің батыс бөлігінде орналасқан орыс армиясының жауынгерлері танк бөлімдерінің батыл қымылымен ішке теренде енү нәтижесінде талқандалуы керек. Орыс аумағында соғысқа жарамды бөлімдердің шегінуіне кедергі жасау керек.

Операцияның түпкі мақсаты — азиялық Ресейден Архангельск — Еділ жалпы шептері бойынша оқшаулану. Осылайша қажет болған жағдайда Ресейдің Оралдағы соңғы өнеркәсіпті облысы авиацияның қомегімен жойылады.

Болашақ одақтастар және олардың міндеттері:

1. Біз осындай операциямыздың нәтижесінде Румыния мен Финляндияның Қеңестік Ресейге қарсы соғысқа белсенді түрде қатысатынына үміттенеміз...

... Мәскеуге тез арада қол жеткізу. Бұл қаланы басып алу орыстардың маңызды теміржол торабынан айырылатындығын былай қойғанның өзінде, саяси тұрғыдан да, шаруашылық жағынан да шешуші женіс.

Келісім бергендер
Қол қойған

*Иодль, Кейтель
Гитлер*

Германия қолбасшысы “Барбаросса” операциясын 3-4 ай ішінде жүргізуді есептеген.

Нюрнбергский процесс. М., 1958. Т. 2.
С. 559—565.

ЛЕНД-ЛИЗ ТУРАЛЫ ЗАҢ

11 наурыз, 1941 жыл.

Осылмен бұл заң “Құрама Штаттардың қорғанысын нығайту туралы заң” деп аталатын болады.

ШІ бөлім. (1) ...Осы мақсатқа болінген қаржы мен мезгіл сайын Конгресс бекітіп отыратын келісімдер бойынша өз иеліктеріндегі арсеналдарда, зауыттар мен верфтерде сол немесе өзге елдің үкіметіне қару-жарап өндіру немесе басқа да әдістермен өткізу. Ол елдердің қорғанысы, Президенттің пікірінше, Құрама Штаттардың қорғанысы үшін аса қажет деп саналады.

(2) ...Осы пункттің шарттарына сәйкес және осы мақсат үшін қор есебінен төленген және түрлі әдістермен жеткізілетін қорғаныс құралдарының құны 1 300 000 доллардан аспауы керек...

(3) Қорғаныс құрал-жабдықтарын сынау, тексеру, дайындау, жөндеу, жабдықтау, қайта жабдықтау немесе басқа да жолдармен жұмыс істейтін жағдайға келтіру болмаса жеке келісімдер негізінде, егер олардың жалпы құны осы заң бойынша болінген қаражаттардың көлемінен, сондай-ақ конгресс бекітіп отыратын келісімдердің жалпы мөлшерінен аспайтын болса, кез келген мемлекетке жоғарыда айтылған қызметтердің барлығын көрсету...

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права. М., 1996. Т. 2.
С. 310—313.

**КСРО МЕН ҰЛЫБРИТАНИЯ ҮКІМЕТТЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ
ГЕРМАНИЯГА ҚАРСЫ СОҒЫСТА БІРЛЕСПІ ҚИМЫЛДАУ
ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ**

12 шілде, 1941 жыл.

Осы келісім гитлершілдікке қарсы одак құрылуының бастамасы болды.

1. Екі үкімет гитлерлік Германияға қарсы соғыста бір-біріне барлық көмек пен қолдау көрсететіндіктері туралы өзара міндеттенеді.

2. Олар бұдан әрі осы соғыстың барысында бір-бірінің келісімінсіз ешқандай келіссөздер жүргізбеуге, уақытша келісім не бітім жасаспауға міндеттенеді.

Хрестоматия по новейшей истории.
Документы и материалы. М., 1971. Т. 3.
Ч. 1. С. 223-224.

АТЛАНТИКАЛЫҚ ХАРТИЯ

14 тамыз, 1941 жыл.

1) АҚШ және Ұлтыртания аумақтық немесе басқа нәрселерді иеленуге үмтүлмайды.

2) Олар мұдделі халықтардың келісімдерінен тыс ешқандай аумақтық өзгертулерге келісімдерін бермейді.

3) Олар әрбір халықтың өздері өмір сүргісі келген басқару формасын таңдау құқырын құрметтейді; олар құштеу жолымен өздерінің егемендік құқықтары мен өзін-өзі басқаруынан айырылған халықтарға оларды қайта қалпына келтіруге көмек көрсетуін көздейді.

... 4) Олар үлкендері-кішілі, женғен не жеңілген барлық елдердің экономикасының дамуына тенденциялайды...

... 6) Ұлтшылдық озбырлықты түпкілікті жойғаннан кейін барлық елдерге өз аумақтарында қауіпсіз өмір сүруге мүмкіндік беретін бейбітшілік орнайтындығына сенеді...

... 8) Олар дүниежүзінің барлық мемлекеттері реалистік және рухани тәртіп бойынша күш колданудан бас тартулады керек деп есептейді, себебі өзінің шекарасынан тыс жерлерге қауіп төндіруші немесе қауіп төндіретін мемлекеттер құрлықтағы, теніз және әуе қарулы күштерін пайдалана беретін болса, ешқандай да бейбітшілікті сақтау мүмкін емес. Черчилль мен Рузвельт алдағы уақыт-

та кең түрдегі және сенімді, жалпыға бірдей қауіпсіздік жүйелері орнағанша мұндай елдерді қарусыздандыру қажет деп есептейді. Англия мен АҚШ, сондай-ақ бейбіт халықтарды қаруландыру ауыртпалығынан құтылуды жеңілдететін басқа да мүмкін шараларға қолдау мен көмек береді.

1941 жылы 14 тамызда Арджентия айлағындағы ағылшын линкоры “Принц Уэльский” бортында АҚШ президенті Рузвельт және Ұлыбритания премьер-министрі Черчилль фашистік мемлекеттермен соғыстың мақсаттары баяндалған декларацияны қабылдады.

1941 жылы 24 қыркүйекте Атлантикалық хартияға Кеңес Одағы қосылды.

Хрестоматия по новейшей истории.
Документы и материалы. М., 1971. Т. 3.
Ч. 1. С. 224-225.

БІРІККЕН ҰЛТТАР ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

1 қаңтар, 1942 жыл.

Осыған қол қоюшы үкіметтер бұдан бұрын АҚШ президенті мен Ұлыбритания премьерінің 1941 жылы 14 тамызда “Атлантикалық хартия” деген атпен белгілі жалпы Декларациясында жарияланған мақсаттар мен принциптердің жалпы бағдарламасына қосылыш, өздерінің жауларын толық жеңу өз елдерінде ғана емес, сонымен қатар басқа да елдерде адамдардың өмірін, бостандығын, тәуелсіздігі мен әділеттілікті сақтау үшін қажет және олар қазір дүниежүзін бағындыруға ұмтылуы жайлы, жыртқыш құштерге қарсы құреспен айналысада деген сеніммен мынаны мәлімдейді:

1) Әрбір үкімет өздерінің барлық соғыс және экономикалық қорларын осы үкіметтер соғыс жағдайларындағы Үштік келісімнің мушелеріне және оларға қосылғандарға қарсы жұмыссауға міндеттейді.

2) Әрбір үкімет осыған қол қойған басқа үкіметтермен ынтымақтасып қымылдауға, жаулармен сепаративтік уақытша келісім жасамауға немесе бітімге келмеуге міндеттенеді.

Жоғарыда жарияланған Декларацияға гитлеризмді жеңу жолындағы құреске материалдық көмек көрсететін басқа да ұлттар қосыла алады.

1942 жылы 1 қаңтарда Вашингтонда кейіннен "Біріккен Ұлттар Декларациясы" деген атпен белгілі "26 мемлекеттің Декларациясына" қол қойылды. Декларация гитлершілдікке қарсы коалицияны құрудың формалды аяқталуы болып табылады, ол фашизммен құресте халықтардың күшін біріктіріп топтастыруға жәрдемдесті.

Хрестоматия по новейшей истории.
Документы и материалы. М., 1971. Т. 3.
Ч. 1. С. 225.

ШАРЛЬ ДЕ ГОЛЛЬДІҢ ЛОНДОН РАДИОСЫНАН СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

20 қаңтар, 1942 жыл.

Ресейдің женісіне қуанбайтын бірде-бір адап француз жоқ.

1941 жылдың маусымынан бастап бұл алғы майданың өне бойына шабуылға шыққан, қуатты техникамен жабдықталған, жаңа табыстарға жету үшін алға ұмтылған, даңққұмарлықтан немесе қорыққаннан өз тағдырларын Германиямен байланыстырыған қолшоқпарлардың есебінен бұрынғыдан да күштейген герман армиясы қазір орыс әскерлерінің соққысына шыдамай кейін шегінуде...

Қазіргі танда Германия үшін Шығыс майдандағы соғыс — ол қалың қар басқан молалар, жаралылар тиеген сансыз эшелондар, генералдардың мезгілсіз қазасы. Әрине, жаудың әскери қуаты сарқылды деуге әлі ерте. Бірақ оның тарихта бұрын-сонды болмаған адам айтқысыз женіліске үшырағандығына ешқандай күмән жоқ...

Француз халқы орыс халқының күш-куатының нығайып, табыстарға жетуін қуана қуаттайды, себебі бұл табыстар Францияны ансаған арманына — азаттық пен кек алуға жақындана түседі. Ресейдегі әрбір неміс жауынгерінің өлімі, Ленинград, Мәскеу, Севастопольдағы кең далада әрбір неміс зенбірегінің, әрбір ұшағының, танкісінің қиратылуы Францияның қайта көтеріліп, женіске жетуіне қосымша мүмкіндіктер береді.

Міне, сондықтан да шайқаста Франция өзінің қайта жаңғырған күш-куатын Кеңес Одағының күш-куатымен біріктіреді. Келер шешуші жылда жаумен соғысып жатқан Франция осы соғыстағы белсенді және бәсек үрыстарда, уақытша бақытсыздыққа қарамастан, Ресейдің табиғи одактасы болып табылады.

Жапа шегуші Франция жапа шегуші Ресеймен бірге. Соғысушы Франция соғысушы Ресеймен бірге. Торығу торына түскен Франция тунек тұбінен ұлылық шеруіне көтеріле білген Ресеймен бірге.

Ш. де Голль. Военные мемуары. М., 1957.
Т. 1. С. 657-658.

**АНГЛИЯ МЕН АҚШ ҮКІМЕТТЕРІНІҢ 1942 ЖЫЛЫ
ЕУРОПАДА ЕКІНШІ МАЙДАН АШУ ЖӨНІНДЕГІ РЕСМИ
МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**

Ағылшын—Кенес коммюнике сінен.

... Келіссөздер барысында... екі ел арасында 1942 жылды Еуропада екінші майдан құрудың кезек күттірмейтін мәселелері жөнінде толық келісімге қол жетті...

Кенес — Американ коммюнике сінен.

Келіссөз жағдайында 1942 жылды Еуропада екінші майдан құрудың кезек күттірмейтін міндеттеріне қатысты толық келісімге қол жеткізілді...

1942 жылды Еуропада екінші майдан ашу туралы Англия мен АҚШ үкіметтерінің салтанатты түрдегі міндеттемелері 1942 жылды мамыр-маусым айларында кенес делегациясымен Лондонда және Вашингтондағы келіссөздер уақытында берілді. Екінші майдан кенес-герман майданынан шамамен 40 гитлерлік дивизияны әкетуге бейімдейтін Еуропадағы одактастардың іс-құмылы деп түсіністи.

Известия. 1942, 12 июня // Хрестоматия по новейшей истории. Документы и материалы. М., 1971. Т. 3. Ч. 1. С. 228-229.

**ЕУРОПАДАҒЫ ФАШИСТИК “ЖАҢА ТӘРТІП”.
“ОСТ” БАС ЖОСПАРЫ**

Германияның билеуші топтары шығыста жаңа жерлерді басып алу жоспарларын жасай отырып, герман үкімет орындарының Шығыс Еуропа халықтары жөніндегі саясатын егжей-тегжейіне дейін ойластырды. Басып алынған жердегі халықты қандай тағдыр күтіп түрғандығын фашист үкімет орындарының төменде келтіріліп отырган құжаттарынан көруге болады. 1941 жылдың соңында Гиммлерге бағынатын империя қауіпсіздігінің

бас басқармасы Шығыс Еуропадағы неміс-фашист тәртіптерін орнатудың 30 жылға арналған кең түрдегі бағдарламасын — “ОСТ” деп аталатын бас жоспарын жасады. Төменде СС өскерінің қолбасшысы Гиммлердің 1940 жылдың 28 мамырындағы хатынан және “Шығыс министрлігінің” Бас саяси басқармасының отарлау бөлімінің бастығы Э.Ветцельдің 1942 жылы 27 сөуірде қол қойған “СС өскерлерінің “ОСТ” бас жоспары жөніндегі СС ескерттулері мен ұсыныстарынан” үзінділер келтіріледі.

ШЫГЫС ОБЛЫСТАРЫНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚҚА ҚАЛАЙ ҚАРАУ ЖӨНІНДЕГІ КЕЙБІР ПІКІРЛЕР

(Гиммлердің 1940 жылғы 28 мамырдағы хатынан)

Шығыс облыстарда немістен өзге халықтар үшін жоғары мектептер болмауы керек. Жергілікті халықтар үшін төрт сыныпты халық мектебі де жетіп жатыр. Бұл халық мектептеріндегі оқытуудың мақсаты — тек қарапайым есептеу, ең көп болғанда 500-ге дейін ғана санауды білу, қол қоя білу, құдай алдындағы парызы — немістерге бағыну, адал, ынталы және тілалғыш болуы керек деп олардың құлағына құя беру. Оқи білудің қажеті жоқ деп есептеймін. Осы аталған мектептерден басқа шығыс облыстарда ешқандай мектеп болмауы керек. Өз балаларына халық мектебінде, одан соң жоғары мектепте жақсы білім бергісі келген ата-аналар бұл туралы СС өскерлері мен полицияның жоғарғы органдарына... арыз берулері қажет. Егер біз баланы кәсіптік белгілері жағынан жарамды деп тапсак, онда ол Германияға окуға жіберіледі және онда ұзақ уақыт тұрады деп ата-анасына хабарланады...

СС ӨСКЕРЛЕРІ РЕЙХСФЮРЕРІНІҢ “ОСТ” БАС ЖОСПАРЫ ЖӨНІНДЕГІ СС ЕСКЕРТЕЛЕРІ МЕН ҰСЫНЫСТАРЫНАН

Жоспарға¹ сәйкес көшірілуге тиісті адамдардың саны, шын мәнісінде, жоспарланғаннан анағурлым көп болуы тиіс. Бұл жерде тұратын 4,5 млн еврейлердің көшіруге

¹ “ОСТ” Бас жоспарында 30 жыл ішінде Польша және Кенес Одағының батыс бөліктерінің аумағынан 31 млн-га жуық адамды көшіру қарастырылған. СС өскерлері рейхсфюрерінің “Ескертуле-ринде...” басқа цифrlар жөнінде айттылған.

кіріспей тұрып жойылатындығын ескерсек, онда жоспарда көрсетілген 45 млн неміс емес жергілікті халық деген санмен келісуге болады... Бұдан жоспар дұрыс есептелмеген халық санына негізделген деген корытынды шығады.

...Егер қарастырылып отырған аумақта жоспарда жобаланғандай 14 млн-дай жергілікті халық қалады деп есептесек, онда 46—51 млн-дай адамды көшіру керек...

Жоспарда нәсілі жөнінен қажетсіз жергілікті адамдарды Батыс Сібірге көшіру карастырылған...

Судебный процесс по делу верховного главнокомандования гитлеровского вермахта. Приговор пятого американского военного трибунала, вынесенный в Нюрнберге 28 октября 1948 года.
М., 1964. С. 126.

ГЕРМАН ҮКІМЕТИНІҢ ОСВЕНЦИМДЕГІ ЖАНТУРШІГЕРЛІК ҚЫЛМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ

1945 жыл.

*Неміс-фашист басқыншылары мен олардың сыйайлостьюның жауыздықтарын анықтау және тергеу жөніндегі
Төтение мемлекеттік комиссияның хабарлаудын*

Адамдарды жою жөніндегі Освенцим лагері (Польша-дағы Краков воеводствосында) 1939 жылы құрылып, 1945 жылға дейін жұмыс істеді. Бұл Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында фашисттер пайдаланған өлім лагерьлерінің ішіндегі ең ірісі еді.

Қызыл Армия құтқарған Освенцим лагерінің 2 819 тұтқындарынан сұрау және оларды дәрігерлік қуәландыру, табылған неміс құжаттарын, шегінер кезде немістер бұзып кеткен крематорийлер мен газ камераларын, лагерь аумағынан табылған өліктер, немістер жойған Еуропа елдері адамдарының лагерь қоймалары мен барактарында сакталып қалған заттары мен құжаттарын зерттеу негізінде мыналар анықталды:

1. Ату, асу, аштық, улау және жантуршігерлік азаптау жолдарымен немістер Освенцим лагерінде 4 млн-нан астам Кенес Одағы, Польша, Франция, Бельгия, Голландия, Чехословакия, Югославия, Румыния, Венгрия және басқа да елдер азаматтарын қырып-жойған.

2. Неміс профессорлары мен дәрігерлері тірі адамдарға, ерлерге, әйелдерге және балаларға дәрігерлік сыйналар жүргізген.

3. Ойластырылуы, техника жолымен ұйымдастырылуы, адамдарды көптен және қатыгездікпен өлтіру жөнінен Освенцим лагері осы уақытқа дейін белгілі болған неміс өлім лагерьлерін өлдекайда артқа тастап кетеді.

Освенцим лагерінде газ камералары, крематорийлер, хирургиялық бөлімдер мен зертханалар болды — оның бәрі адамдарды айуандықпен қырып-жоюға арналды...

... Освенцим лагерінде немістер күн сайын 10 мыңдан 12 мыңға дейін адамды, оның ішінде, 8—10 мың адамды келген эшелондардан, 2-3 мыңын лагерь тұтқындарының ішінен өлтіріп, отқа жағып отырды.

Нюрнбергский процесс. М., 1959. Т. 4.
С. 350-351, 353.

ГИТЛЕР СТАВКАСЫНДАҒЫ ЖАНТАЛАС

Бас штаб офицерінің жазбаларынан

Наурыз айының соңында (1945 ж.) мен алғаш рет өнеркәсіптік кеңеске қатыстым. Бомбадан қорғанатын империя канцеляриясының бағында орналасқан кіреберісте менің пистолетімді алыш қойды, бұл маған біртурлі ынғайсыз әсер етті. Оның үстінен мені сыпайы, менің ойымша, намысқа тиетін тінтуден өткізді, папкамды тексерді. Бұл фюрердің айналасындағы сенімсіздіктің өбден шегіне жеткендігінің күесіндегі сақтық шаралары еді. Бұл жағдайды мен айтып жеткізе алмаспын. Жағымпаздық, қүйгелектік пен екіжүзділік әркімді тек моральдық жағынан жанышып қоймай, оның бүкіл бойында ерекше бір жиіркеніштілік туғызды... Онда қорқыныштан басқа фюрерге жақпай қалу, абыламай айтып қалған бір сөз үшін оның қаһарына ілігіп қалудан, төніп келе жатқан драманың аяқталуын күттеден, өзінің қарақан басы үшін қорқыныштан басқа шындық жоқ еді. Сініп қалған әдет бойынша сыртқы көріністері сақталғанымен, сөуірден бастап оның өзінің де ізі қалмады.

Жауапкершілік туралы ешкім тіс жарып ештеңе демеді.
Ол туралы ойлады ма екен?

...Менің бұрын Гитлерді бар болғаны шала-шарпы екі рет көргенім бар еді. 1937 жылы қаза тапқан солдат-

тарға арналған ескерткіштің жаңындағы салтанатты мерекеде, екіншісі 1939 жылы оның туған күніне арналған шеру кезінде. Расында, ол Гитлердің 1945 жылдың 25 наурызында өзімді таныстырганда маған аса қажыған күймен дірілдеген әлсіз қолын берген мына адаммен еш үқсастығы жоқ еді.

Менің алдында тірі өлік тұрды және мен Гитлер тұралы адам ретінде әрбір диктатор туралы, олардың іс-әрекеті мен жүргізген шаралары және олардың жантүршігерлік салдардың негізінде қалыптасқан пікірден бөлек пікір айта алмаймын. Егер менің алған әсерлерімді қысқа түрде білдір болсам, бұл өзінің ұтылғанын білген және оны бұдан әрі жасыруға шамасы жоқ адам еді. Гитлердің сыртқы түрі адам қорқарлық еді. Ол бір түрлі ебедейсіз, кеудесін алға қарай енкейте, аяғын зорға көтеріп қозгалды. Ол әзер дегенде өз бойын билеп тұрды. Егер оны небәрі 20—30 м-лік қысқа жолда тоқтатса, ол екі қабырғага тақап арнайы қойылған орындықтардың біріне отыруға немесе өзімен әңгімелесіп тұрган кісіден ұстап тұруға мәжбүр болар еді...

Гитлердің көздері қанталап кеткен. Оған арналған құжаттар мен қағаздарды әдеттегі жазу машинкала-рындағы әріптердің көлемінен 3 есе үлкен әріптері бар фюердердің машинкаларымен басса да, ол оларды тек күшті көзілдіріктердің көмегімен ғана оқи алатын. Езулерінен жиі сілекей ағатын — аянышты да жиірке-нішті көрініс...

...Бұл күндері (1945 жылдың сөуірінде) ол үдайы өзінің айналасын америкаңдықтар мен ағылшындар оны Батыс мәдениеті мен өркениетін Шығыс жабайыларынан корғаушы ретінде пәлелеге ұшыратпайды (сөзбе-сөз), мен Кенестерге қарсы күресті табыспен жалғастыра беруім үшін олар маған уақытша бітімге келеді деп сендіруге тырысты. Рузвельттің қазасы туралы хабар алынғанда, фюердердің бункерінде бұл көніл күй Батыспен соғыс аяқталды деген сенімге ұласты.

Бас штаб офицерінің қолжазбаларынан алынған бұл үзінді Гитлер өмірінің соңғы күндерінен мәлімет береді.

Военно-исторический журнал. 1964.
№ 4. С. 93—96.

**ҮШ ОДАҚТАС МЕМЛЕКЕТТЕР — КЕҢЕС ОДАҒЫ, АМЕРИКА
ҚУРАМА ШТАТТАРЫ ЖӘНЕ ҰЛЫБРИТАНИЯ
БАСШЫЛАРЫНЫҢ ТЕГЕРАНДАГЫ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ**

28 қараша — 1 желтоқсан, 1943 жыл.

Үш мемлекет декларациясы.

Тегеран конференциясы өз жұмысын Кеңес Қарулы Құштері фашистік Германияны да, оның одақтастарын да өздері-ақ талқандай алатыны айқын болған кезде бастады. Алайда негізгі мәселелердің бірі Еуропа құрлығындағы халықтарды азат ету және жауды талқандауды жеңілдететін, Еуропада екінші майдан ашу мерзімі туралы мәселе болды. Үш Ұлы державалар үкіметтері басшыларының алғашқы кездесуі соғыс және соғыстан кейінгі жылдары бірлесіп өрекет ету, сондай-ақ 1944 жылы ма-мырда екінші майдан ашу туралы келісімдерге қол жеткізумен аяқталды...

...Герман армияларын құрлықта, сұнгуір қайыктарын тенізде құртуға және олардың әскери зауыттарын әуеден қиаратуға бізге дүниежүзінде ешқандай күш кедергі келтіре алмайды.

Біздің шабуылымыз аяусыз және толастамайды. Біз мұнда үмітпен және барлығына бел байладап келдік. Біз мұнан шын мәнісіндегі рухы мен мақсаты бір достар есебінде қайтамыз.

Хрестоматия по новейшей истории.
Документы и материалы. М., 1971. Т. 3.
Ч. 1. С. 229.

**ҮШ ОДАҚТАС МЕМЛЕКЕТТЕР — КЕҢЕС ОДАҒЫ, АМЕРИКА
ҚУРАМА ШТАТТАРЫ ЖӘНЕ ҰЛЫБРИТАНИЯ
БАСШЫЛАРЫНЫҢ ҚЫРЫМ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ТУРАЛЫ
МАЗМУНДАМА**

(Қырым конференциясы шешімдерінен)

11 ақпан, 1945 жыл.

Соңғы 8 күн бойы Қырымда Сыртқы істер министрлігі, штаб басшылары және басқа да кеңесшілердің қатысуымен үш одақтас мемлекет басшылары — Ұлтынан Премьер-министрі У. Черчилль мырзаның, Америка Құрама Штаттарының Президенті Ф. Д. Рузвельт мырзаның және

КСРО Халық Комиссарлар Қенесінің Төрағасы И. В. Стalinнің қатысуымен конференция болды.

АҚШ Президенті, КСРО Халық Комиссарлары Қенесінің Төрағасы және Ұлыбританияның Премьер-министрі Қырым конференциясы жұмысының қорытындылары туралы мына тәменгідей мәлімдеме жасады:

I. Германияны талқандау.

Біз ортақ жауды түпкілкіті талқандау мақсатында үш одактас мемлекеттің соғыс жоспарларын қарап анықтадық. Германияның нағыз жүргегіне біздің армияларымыз бер соғыс-өлеу күштеріміз шығыстан, батыстан, солтүстіктен және онтүстіктен шабуылдайтын жана және бұрынғыдан да қуатты соққылардың мерзімдері, көлемі және оларды үйлестіру егжей-тегжей ақылдасылып, жоспарланды...

II. Германияны басып алу және бақылау.

... Келісілген жоспарға сәйкес үш мемлекеттің қарулы күштері Германияда бөлек аймақтарды иеленеді. Жоспарда үш мемлекеттің Бас қолбасшыларынан тұратын (тұрағы — Берлин) Орталық Бақылау комиссиясы арқылы жүзеге асырылатын үйлестіруші әкімшілік пен бақылау қарастырылған. Үш мемлекет, егер басып альынған аймақты алуға және Бақылау комиссиясына төртінші мүше ретінде қатысады қалаған жағдайда, Францияны да шақыруға шешім қабылдады.

Біздің берік мақсатымыз — герман милитаризмі мен нацизмді түпкілкіті жою және Германияның еш уақытта дүниежүзіндегі бейбітшілікті бұза алмайтындей болуына кепілдік туғызу...

Біз герман халқын құртууды мақсат етпейміз...

IV. Біріккен Ұлттардың конференциясы.

Біз таяу күндерде өзіміздің одактастарымызбен бірлесіп бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтайтын жалпыға бірдей халықаралық ұйым құруға шешім қабылдадық. Біз бұл шешімнің басқыншылықтың алдын алу үшін де, барлық бейбітшілік сүйгіш халықтардың тығызы және тұрақты түрдегі ынтымақтастығы жолымен соғыстың саяси, экономикалық және әлеуметтік себептерін жою үшін де аса маңызы зор деп есептейміз.

Бұл келісімнің негізі Думбартон-Оксте қаланған болатын... Біз Думбартон-Оксте жүргізілген бейресми келіс-

сөздері негізінде жасалған ережелерге сәйкес осындай ұйымның жарғысын дайындау үшін 1945 жылдың 25 сәуірінде АҚШ-та Сан-Францискода Біріккен Ұлттардың конференциясы шақырылады деп келістік...

VI. Польша туралы.

...Мынадай келісімге қол жетті:

Польшада елді Қызыл Армияның толық азат етуіне байланысты жаңаша жағдай туды. Бұл Польшаның батыс бөлігі азат етілмей тұрғанға дейінгі уақытпен салыстырындағыдан кең негізде Уақытша Польша үкіметін құруды талап етеді. Соңдықтан да қазіргі Польшада іске кірісken Уақытша үкімет құрамына Польшаның өзіндегі демократ қайраткерлерімен бірге шетелдегі поляктарды да енгізу жолымен бұрынғыдан кеңдеу демократиялық негізде қайта құрылуы тиіс. Осы жаңа үкімет кейін Польшаның Уақытша Ұлттық бірлік үкіметі деп аталуы тиіс...

Үш үкімет басшылары Польшаның шығыс шекараларын Керзон желісінің бойымен, кейбір аудандарда бестен сегіз метрге дейін Польшаның пайдасына өту жолымен жүргізілуі керек деп санайды. Үш үкімет басшылары Польшаның аумағы солтүстік және батыс бағыттарда едәуір кеңеюі керек екендігін біледі...

VII. Югославия туралы.

Біз маршал Тито мен д-р Шубашичке өзара жасасқан келісімдерін кедергісіз жүзеге асыруды және осы келісімнің негізінде Уақытша Біріккен үкімет құруды ұсынамыз. Сонымен бірге жаңа Югославия үкіметі құрыла салысымен:

1. Югославияның Ұлт-азаттық антифашистік Вечесі кезінде жаумен ынтымақтаспай, өзінің беделін түсірмей Югославияның соңғы Скупщинасын қосу есебінен толықтырылады, сөйтіп Уақытша Парламент деп аталатын ұйым құрылады деп мәлімдеуді ұсынуға шешім қабылдады.

*У. Черчилль
Ф. Д. Рузвельт
И. Сталин*

Тегеран — Ялта — Потсдам. Сб. документов. Алматы, 1993. С. 182—189.

ҮШ МЕМЛЕКЕТТИң БЕРЛИН КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЫ

(Потсдам конференциясының шешімдерінен үзінді)

17 шілде — 2 тамыз, 1945 жыл.

... П. Сыртқы Істер Министрлері Кеңесін құру.

1. Біріккен Корольдік, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы, Қытай, Америка Құрама Штаттары сыртқы істер министрлері құрамы мен Кеңес құрылуды қажет.

2. а) Кеңес Біріккен хатшылығының тұрақты орны болып есептелетін Лондонда өткізетін болады.

3. а) Кеңеске шұғыл және маңызды міндеттер ретінде Біріккен Ұлттарға тапсыру үшін Италиямен, Румыниямен, Болгариямен, Венгриямен және Финляндиямен бітімшарттарын жасасу және Еуропадағы соғыстың аяқталуына байланысты шешілмеген аумақтық мәселелерді реттеу жөніндегі ұсыныстарды енгізу тапсырылады. Кеңес, сонымен бірге Германия үшін бейбіт реттесуге сай келетіндей, келешекте осындай үкімет құрылған кезде, Герман үкіметінің мақсаттарына пайдалануға жарамды құжат дайындастын болады...

III. Германия туралы.

Одақтас армиялар бүкіл Германияны басып алуды жүзеге асыруда және неміс халқы кезінде өздері қолдан, көзсіз бойсунған “коғемдердің” басшылығымен жасалған жантүршігерлік қылмыстардың кінесін өтеуде.

Конференцияда жеңілген Германияны байланысты Одақтастардың саясатын үйімдастырудың саяси және экономикалық принциптері туралы келісімге қол жетті.

Бұл келісімнің мақсаты Германия жөніндегі Қырым Декларациясын орындау болып табылады...

Бұл келісімнің мәтіні төмендегідей:

... 3. Бақылау Кеңесі басшылыққа алуға тиіс Германияны басып алудың мақсаттары мыналар:

1) Германияны толық қарусыздандыру және соғыс құралдарын шығаратын бүкіл герман өнеркәсібін жою немесе оған бақылау орнату...;

2) неміс халқының, оның барлық жағынан соғыста жеңілгендігі, оның өзіне-өзі тілеп алған азаптан қашып құтыла алмайтындығына көзін жеткізу керек, себебі өздерінің соғысты адам айтқысыз қаталдықпен жүргізу және

Ұлтшылдардың аянбай қарсыласуы герман экономикасын талқандап, былық пен қайғы-қасіретке ұшыратты;

3) ұлтшыл-социалистік партия мен оның барлық бөлімшелерін, оларға бағынышты үйымдарды жою, барлық нацистік мекемелерді тарату және олар ешқашан да ешқандай түрде қалпына келтірілмейтіндегі ету, қандай да болмасын нацистік және соғысқұмарлық әрекеттер мен наси хаттаудың алдын алу...

5. Әскери қылмыскерлер мен айуандыққа, әскери қылмыс жасауға жағдай тудырған нацистік іс-шараларды жоспарлаушылар мен іске асыруушылар тұтқындалып, сотқа берілуі тиіс... ;

2) бүкіл Германияда барлық демократиялық саяси партияларға рұқсат беріліп, оларға қолдау көрсету қажет және оларға жинальстар шақыру мен көпшілік талқылау құқықтары берілуі керек... ;

4) белгілі бір орталық герман үкіметі құрылғанша...

В. Экономикалық принциптер.

12. Иң жүзінде аса қысқа мерзім ішінде картель, синдикат, трестер және басқа да монополистік келісімдер түрінде шектен тыс шоғырланған экономикалық құштерді жою мақсатымен герман экономикасы бөлшектендірілуі керек...

14. Басқыншылық кезінде Германия экономикалық біртұтас деп қаралуға тиіс...

IV. Германиядан алынатын соғыс шығындарының төлемі.

1. КСРО-ның соғыс шығындарының орнын толтыру туралы талаптары КСРО оккупация жасап отырған аймақтан және тиісті шетелдердегі герман салымдарынан алу жолымен қанағаттандырылады...

3. Құрама Штаттар мен Біріккен Корольдіктың соғыс шығындарының орнын толтыру туралы талаптары... батыс аймақтарының және тиісті шетелдердегі герман салымдарының есебінен өндіріледі...

XIII. Герман халқының ішкі қозғалысын реттеу.

Конференция немістерді Польшадан, Чехословакия мен Венгриядан көшіру жөнінде төмендегідей келісімге келді.

Үш үкімет мәселені жан-жақты қарап, Польшадағы, Чехословакия мен Венгриядагы қалған немістерді не олардың бір бөлігін Германияға көшіруді қолға алу

керек деп тапты. Олар кез келген көші-қон үйімдасқан түрде және адамгершілік жолымен іске асырылуы тиіс деп келісті...

*И. Сталин
Г. Трумэн
К. Эттли*

Тегеран — Ялта — Потсдам. Сб.: документов. Алматы, 1993. С. 375—392.

ХИРОСИМАНЫ АТОМДЫҚ БОМБАЛАУ

Хиросима тұрғындары үшін дүйсенбі күнгі таңтеренгілік күнделікті басталған сияқты еді. Сағат 8 шамасында қала үстінде жалғыз ұшақтың қалықтауы да үйреншікті нөрсе болатын. Қала тұрғындары аспанда төрт моторлы “Б-29” ұшағының пайда болуына үйренген-ді. Олар... тіпті оны “Мистер Б” деп атайдын.

Хиросима тұрғындары біздің бағымыз бар екен деп есептейтін: осы уақытқа дейін Хиросима екі-ақ рет бомбаланған. Генерал Гровстың¹ атомдық бомбалуға арналған халық қоныстанған пункттердің аттары аталған тізіміне ілінгенге дейін бұл қалаға наурыз айында төрт ұшақ болмашығана шабуыл жасаған болатын. Сөйтіп, сөүір айында “Б-29” ұшағының біреуі қалаға қателесіп өзінің жүргін тастады...

“Энола Гэй”² 29 000 фут биіктікте ұшып келе жатқан... Капитан Парсонс³: “Егер үш нысананың үшеуі де бұлттан көрінбей тұrsa, жарылыштың табысты өтетініне толық кепілдік бере алмайтын жағдайда, бомбаны кері алып қайту керек” деген болатын. Бірақ бүгіндегі ауа райы шуақты және ашық болып тұр. “Стрейт флаш”⁴ хабарларында Хиросимада ауа райының ашық болатындығы туралы айтылып тұрды.

¹ Генерал Гровс — атом бомбасын жасау жөніндегі жұмыстың жетекшісі.

² “Энола Гэй” — бортынан атом бомбасы тасталынған “Б-29” бомбалашы-ұшақтың атауы.

³ Капитан Парсонс — ұшақ екипажы мүшелерінің бірі, қару-жарап бойынша маман.

⁴ “Стрейт флаш” — “Энола Гэйге” қосакталып жүретін барлаушы-ұшақтың атауы. Ұшақ командирі майор Клод Изерля болды.

Кейін капитан Льюис¹ былай деп жазды: “Жапон жағалауларына 50 миль қалған кезде біз барлау қорытындыларын алдық. Біздің негізгі нысанамыздың үстінде ауа райы тамаша болып тұрды...”

9.11. Біз ақырғы пунктке келіп жеттік... Нысана көз алдымызыда.

9.12. “Б-29” автоматтық басқаруга көшірілді. Басқаша айтқанда, автомат-ұшқыш бомбаны тастайды...

“Айтарға сөз таптаймын. Біз мұны істедік... Егер мен жүз жыл өмір сүрсем де, осы бірнеше минуттарды үмьтта алмаспыш ... Осының бәрін дәлме-дәл көргөре мүмкіндігі бар адам арт жақта отырган атқыш болды. “Энола Гэйдегі” кормалық атқыш сержант Б. Кэррон: “Алдымен жарқыраған жарылыш наизағайдай көрінді.

...Бұдан соң біз тағы бір жарым сағаттың ішінде қала үстіндегі орасан зор саңырауқұлақ пішінді бұлтты бақылай алдық. Біз Хиросимадан төрт жүз миль ұзап шыққанда, қала үстіндегі тұтін деңгейінің биіктігі 55 000 футқа (16 764 м) жетті.

...Жапон офицері Масатакэ Окумия² одан кейінгі оқиғалар туралы былай дейді: “...Хиросиманың жойылғаны белгілі жайт. Бірақ мындаған әңгімелер де ешқандай көмек көрсетуге болмайтын құрбандықтардың жантүршігерлік айқайын жеткізіп бере алмайды, олар өлер алдында жанталасқандардың от шарпыған денелерінің үстіндегі құл мен тозанды, осының алдындағы адам кейпіндегі, қазір адам пішінін айырылған тірі аруақтардың су іздел жанталасқанын жеткізе алмайды. Өлі емес, тірідей жанған адамдардан тараған қорқынышты, тұншықтырып бара жатқан сасық иісті айтып жеткізу мүмкін емес...

Ананың азапты қазасының күесі болдым, ол туралы талай рет айтЫЛДЫ да. Бірақ құр сөзben көзben көргенді жеткізе ала ма? Оның бірауыз сөз айтуға шамасы келмеді, аузы күйіп қалған. Денесінің мылжа-мылжасы шыққан, ол оның өлі жарыққа шығып болмаған, бірақ тірі нәрестесі қан мен шаңға көміліп, қасында жерде жатты. Бұл мен көрген Хиросима еді...”

Международная жизнь. 1961. № 6.
С. 127-128, 129-130.

¹ Капитан Льюис — “Энола Гэй” экипажының мүшесі.

² Масатакэ Окумия — 1945 жылы 6 тамызда Куре соғыс-теніз базасының өле корғанысы штаб-пәтерінен Хиросимага ұшып барып, онда не болғанын өзі анықтауға бүйрік алған жапон офицері.

**III бөлім. XX ғАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ
ЖАРТЫСЫНДАҒЫ — XXI ғАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ
ЕУРОПА ЖӘНЕ АМЕРИКА ЕЛДЕРІ**

АҚШ

Федералдық конституцияға XXVI түзету

1-бөлім. Жасы он сегізге жеткен немесе одан үлкен жастағы Құрама Штаттар азаматтары жастарына байланысты Құрама Штаттар немесе жекелеген штаттардан сайлау құқығынан айырылуға немесе шектелуге тиіс емес.

Современные зарубежные конституции.
M., 1992.

ТАФТ-ХАРТЛИ ЗАҢЫ

23 маусым, 1947 жыл.

**VII таралу. Жұмысшылар мен әкімшіліктің
қарым-қатынасы**

II көмекши таралу. Федерациядагы еңбек қатынастары

**§ 157. Жұмыскерлердің үйым құруға және ұжымдық келіс-
сөздер жүргізуге құқығы**

Қызметкерлер өздерінше үйымдасуға, жұмысшы үйымдарын құруға, оларға мүші болып кіруге немесе жәрдемдесуге өз қалауларынша тағайындаған өкілдері арқылы ұжымдық келіссөздер жүргізуге және басқа да іс-әрекеттерге қатысуға құқылы...

§ 158. Арам ниетті еңбек тәжірибесі

... в) Жұмысшы үйымының немесе оның өкілдерінің таралынан арам ниетті еңбек тәжірибесі деп мыналар танылады:

... 3) жалдаушымен ұжымдық келіссөздер жүргізуден бас тарту... ;

4) (1) жалданушы адамды... ереуілге тарту немесе оған қатысуға ынталандыру... ;

7) Пикет жасау немесе пикет жасауға итермелуеу, пикет жасауға үндеу тастаймын деп қорқыту арқылы жалдаушыны бұл жұмысшы үйымын тануға немесе оның өкілдерімен келіссөз жүргізуге мәжбүр ету...

§ 163. Ереуілге шыгу құқығын сақтау

Бұл тараушада еш нәрсе, егер тікелей атап көрсетілмеген болса, ереуіл жасау құқығына қол сұғу, кедергі жасау, кемсіту немесе сол құқығына байланысты тежеулер мен ескертулер деп түсіндіруге болмайды...

§ 188. Мемлекеттік қызметкерлердің ереуілі

Америка Құрама Штаттары үшін жалданып жұмыс атқарушы жекетұлғаның немесе қандай да болсын үйимнұның ереуілге қатысуы заңсыз деп жарияланды.

Тафт-Хартли заңы 1947 жылы 23 маусымда ресми түрде Вагнер заңына түзету есебінде күшіне енді. Тафт-Хартли заңы монополияның талабына сәйкес Вагнер заңының негізгі ережелерін жоққа шығарды.

Сборник документов по истории государства и права зарубежных стран.
Сост. Б. Баланик, В.Н. Струнников.
М., 1971.

МАККАРЭН ЗАҢЫ

23 қыркүйек, 1950 жыл.

§ 2. Сенат пен өкілдер палатасының әртүрлі комитеттеріне тапсырылған куәліктерден Конгресс мынадай қорытынды жасады:

1) Өзінің шығу тегі, дамуы және ағымдағы қызметі жағынан революцияшыл болып табылатын коммунистік қозғалыс бүкіл дүниежүзінде бар...

§ 12. (а) Осылмен қастандық әрекеттерді бақылау комитеті құрылады және ол бес мүшеден тұрады... Комитеттің міндеттері:

1) Әділет министрінің немесе кез келген басқа үйимдардың отініші бойынша... аталмыш үйимның “коммунисше қимылдайтын үйым”... немесе “коммунистік майданың үйимына” жататын-жатпайтындығын анықтау.

§ 22. ... Мына төмөнгі санаттардың біріне жататын шетелдіктердің ешқайсысына АҚШ-қа келуге рұқсат етілмейді:

(1) Америка Құрама Штаттарында тек қана түпкілікті болмаса анда-санда елдің тұрмыс жағдайы мен қауіпсіздігіне қатер төндіретін немесе қогамдық мұddeлеріне зиянын тигізетін істермен айналысқысы келетін шетелдіктер;

(2) Кез келген уақытта мына санаттарға жатқан немесе жататын шетелдіктер:

а) анахистер болып табылатын шетелдіктер;

б) басқарудың ұйымдастырылған түрлеріне қарсы шығуды қуаттап, насиҳаттаушы болмаса осындай ұйымдардың мүшелері немесе осындай ұйымдармен байланысы бар шетелдіктер;

в) I) АҚШ компартиясының, II) АҚШ-тың басқа да тоталитарлық партияларының, III) коммунистік саяси қауымдастырының, IV) АҚШ-тың кез келген штатының, кез келген шетелдің, қандай да болсын географиялық не саяси бөлімдерінің коммунистік немесе кез келген тоталитарлық партиясының мүшесі болып саналатын шетелдіктер...

Хрестоматия по новейшей истории (1945—1965 гг.). Документы и материалы. М., 1961. Т. 3. Ч.1. С. 413.

ХЭМФРИ-БАТЛЕР ЗАҢЫ

24 тамыз, 1954 жыл.

§ 2. Осымен Конгресс Құрама Штаттардың коммунистік партиясы саяси партия емес, шын мәнісінде Құрама Штаттардың үкіметін құлатуды дайындаушы.., қастандықтың құралы болып табылады деп есептейді. Сондықтан да коммунистік партия заңдан тыс деп жариялануы керек.

Хэмфри-Батлер заңына 1954 жылы 24 тамызда Эйзенхауэр қол қойған. Ол сенатта бірауыздан қабылданды, ал өкілдер палатасында оған екі дауыс қарсы болды.

Сонда, С. 429-430.

ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПАРТИЯЛАР ТУРАЛЫ

Президент Дж.Кеннеди:

“Басты келіспеушіліктер (республикалық және демократиялық партиялар арасындағы — құраст.) шын мәнісінде жалпы саяси мақсаттар саласында емес, әрдайым пайда болып отыратын проблемаларға нақтылық көзқараста болып отыр”.

Профессор К. Росситер:

“Екі партияның арасындағы құрес көбінесе президент орынтағы үшін төбелеске айналып кетуде”.

Тарихшы А. Шлезингер:

“Республикалық партияларға бірден-бір тән нәрсе — ол құлдыққа қарсы құрестің бірнеше жылын есептемегенде, жалпыға бірдей сөттіліктің біздің қоғамымыздың аса қуатты тобы — іскер топтардың өркендеуімен тенестіруі”.

Кезекті президенттік науқандардың бірінде американдық газет “Республикалық және демократиялық партиялардың арасындағы айырма неде?” деген сұраққа ұтымды жауап үшін бәйге жариялады. Бәйге “Республикалықтар демократиялық партияның үкіметі бизнес үшін жаман деп ойласа, демократтар “бизнес үшін жаман нәрсе — республикалық партияның үкіметі”, — деп жауап берген әйелге бұйырылты.

Хрестоматия по новейшей истории.
Документы и материалы. М., 1976.
Т. 3. Ч. 2. С. 130.

ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯНЫҢ САЙЛАУ ПЛАТФОРМАСЫНАН

15 шілде, 1960 жыл.

...Демократиялық партияның жаңа үкіметі біздің шет мемлекеттерге көмек көрсету жоспарымыздың мақсаттары мен құралдарын анықтап, оны іске асырады...

...Атлантикалық бірлестік бойынша достарымыз бен әріптестерімізге біз бұрынғыдан да гөрі кең турде, жанжақты көмек ұсынамыз, біз ортақ саяси, экономикалық және мәдени мұдделеріміздің соншалықты терең және күшті екендігін мойындаімyz. Біз таяу арадағы еуро-

палық ынтымақтастыққа бағытталған қадамдарға үмітпен қараймыз және оларды құттықтаймыз... Біз қазіргі кезеңде коммунистік Қытайды БҮҰ-ға қабылдауға батыл қарсы шығамыз.

...Құқықтар туралы экономикалық билль. (Партия міндеттенеді) .., пайдалы жұмысқа құқықты қамтамасыз ету.., елде және шетелдерде жаңа өнеркәсіп монополияларын құру... Әрбір отбасының лайықты баспанага құқы... Салауатты дамыған экономика бізге жыл сайын 2 млн үй салуға мүмкіндік береді...

Біздің экономикамыз жыл сайын 5% өсіп отыруға мүмкіндігі бар және солай өсуге тиіс, бұл 1953 жылғы есү қарқынымен салыстырғанда екі есе көп.

1960 жылғы президент сайлауында Демократиялық партияның кандидаты, сенатор Д. Кеннеди көшілік дауыстың азғантай ғана айрмашылығымен Республикалық партияның кандидаты — вице-президент Р. Никсонды жеңіп шықты.

Хрестоматия по новейшей истории. Документы и материалы. М., 1961. Т. 3. Ч. 1. С. 435.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПАРТИЯНЫҢ САЙЛАУ ПЛАТФОРМАСЫНАН

28 шілде, 1960 жыл.

...Біз тендесі жоқ соғыс күшін қолдамақпзы...

Біз қарттардың мүдделері үшін: 1) өлеуметтік қамсыздандыру жүйесі бойынша кейбір төлемдерді бұл жүйенің қаражат жөнінен беріктігіне күмөн келтірмейтіндей негізде кеңітуге міндеттенеміз...

Республикалық партия жеке ынталылықты алмастыруды емес, сүйемелдеуге бағытталған мынадай шараларға қолдау көрсетуге міндеттенеді: 1) лашықтарды жою, 2) арнайы түрдегі түрғын үйлер (мысалы, жасы келген адамдар үшін) салу, 3) пәтер ақыны кеміту... Біз азаматтардың еліміздің барлық аймақтарында дауыс беру құқығын қамтамасыз ету үшін азаматтық құқықтар туралы заңдардың пәрменді турде іске асырылуын жалғастыра береміз деп міндеттенеміз.

Хрестоматия по новейшей истории (1945—1965 гг.). Документы и материалы. М., 1961. Т. 3. Ч. 1. С. 435-436.

АМЕРИКАНЫң БАРЛАУШЫ-ҰШҚЫШЫ ПАУЭРСТИң ИСІ ЖӨНІНДЕГІ ШЫҒАРЫЛҒАН ҮКІМНЕҢ

Тамыз, 1960 жыл.

...Сот мәжілісінде қаралған іс материалдары негізінде мыналар анықталды:

1960 жылдың 1 мамыры күні Мәскеу уақыты бойынша 5 сағ 36 мин-та Тәжік КСР-і Кировобад қаласында орналасқан Кенес Одағының өве шабуылынан қорғану өскери бөлімі азаматтық авиация ұшактары жете алмайтын 20 000 м-лік біктікте Кенес Одағының мемлекеттік шекарасын бұзған белгісіз ұшакты байқайды. Өве шабуылынан қорғаныс өскери бөлімдері ірі өнеркәсіп орталықтары мен маңызды қорғаныс нысаналарының үстінен ұшып бара жатқан ұшактың қымылдарын қырағы бақылап отырды, тек кана шекара бұзушы ұшак Кенес Одағының ішкі кеңістігіне 2000 шакырым терендеп кіргеннен кейін, ал бұл ұшудың арам ниетті сипаты осының термоядролық дәуірде жалпыға бірдей бейбітшілік ісі үшін аса қауіпті болғандықтан, Кенес үкіметінің бұйрығымен зенит зымырандарының батареясы 8 сағ 53 мин-та басқыншы ұшакты Свердловск қаласының аймағында атып түсірді.

Ұшақ ұшқышы парашюттен секірді, жерге түскен кезде тұтқынға алынды. Тергеуде ол өзін Америка Құрама Штаттарының азаматы Пауэрс Фрэнсис Гарримін деп атады.

Ұшқыш Пауэрс тұтқынға алынып, Кенес Одағына қарсы барлаушылықпен айналысты деген айыппен қылмыстық жауапқа тартылды...

...КСРО Жоғарғы Сотының өскери коллегиясы американың өскери-тыңшы ұшағының басып кіруі халықаралық құқықтың өлем таныған принциптерін қылмысты бұзу екендігін ескерді...

...Бұдан соң Америка басшылары — президент Эйзенхауэр, вице-президент Никсон және мемлекеттік хатшы Гертер американ ұшактарының кенес аумағының үстімен барлаушылық мақсаттағы ұшулары “Америка Құрама Штаттарының күнібұрын жоспарланған саясатының бір бөлігі” деп мойындады...

...Сонымен қатар осы істің барлық егжей-тегжейін өзара байланыста қарастыра келіп және Пауэрстің өз кінөсін мойындағанын және оның істеген іске шын өкінетіндігін ескеріп, РКФСР Қылмыстық-процессуалдық

кодексінің 319 және 320 баптарын басшылыққа ала отырып, КСРО Жоғарғы Сотының Өскери коллегиясы Пауэрс Фрэнсис Гарриді КСРО-ның “Мемлекеттік қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілік туралы” заңының 2-бабына сәйкес 10 жыл мерзімге бас бостандығынан айтуруға, оның алғашқы үш жылын қамауда өтеуге кесті.

Судебный процесс по уголовному делу американского летчика-шпиона Фрэнсиса Г. Пауэрса. М., 1960. С. 175—183.

АҚШ ПЕН КУБА АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАРДАН РЕВОЛЮЦИЯ КОМАНДАНТЕНІ ЖЕҢДІ

Дәуір аяқталды. Бұкіл дүниежүзінде алмастырылмайтындаи болып көрінген кубалық көшбасшы Фидель Кастро басшылық лауазымдардан оппозицияның немесе сыртқы күштердің қысымымен емес, өз еркімен кетті. Ол қубалықтарға арналған жазбаша үндеуінде елді өзінің “жоқтығына” дайындауды борышы деп есептегенін және сондықтан да өзінің қызметтөн кетуін ұзак уақыт баяулатқанын мойындайды.

Куба революциясының көшбасшысы бұкіл дүниежүзіндегі саяси шолушылар кейбір жерде аландаушылықпен, кейбір жерде асыға күткен өз шешімі жөнінде елдін бұкіл мемлекеттік БАҚарқылы таратылған үндеуінде жариялады.

“Granma” газетінің бас мақаласы бұкіл дүниежүзіндегі ақпарат агенттіктеріне түсken найзағайдай болды. “Маган парламенттің мүшесі болып сайлану құрметін берген қымбатты отандастарым... “Мен сіздерге Мемлекеттік Кенес төрағасы мен жоғары бас қолбасшылығы лауазымына үмтүлмайтынымды немесе иеленбейтінімді айтқым келеді”.

“Қаралайым салауатты ой — менің жұмысым, менің жетістігім екендігін нұсқады. Басқа жағынан сол салауатты ойдың үні мені аландатты да, өйткені егер менің денсаулығым туралы айтып, барлық қиялдарды шетке қарай лақтыралар болсақ, қолайсыз нәтиже біздің халық үшін шайқас ортасындағы қайғылы жаңалыққа айналар еді. (Елді) менің жоқтығыма психологиялық және саяси жағынан дайындау — міне, менің соншама жылдық күрестен кейінгі ең басты міндеттемем осындаи болды”, — деп мойындауды кубалық көшбасшы.

Фидель Кастро саяси тұрақтылықтың нышаны болудан қалды — тоғыз американдық президент пен бес кеңестік бас хатшының билігіне куә болған билеуші ешбір алмастырусыз жарты ғасыр иеленген барлық басшылық қызметтерден өз еркімен кетті.

АҚШ тарапынан дереу қарсы әрекет жасалды. Африка елдерін аралап жүрген Джордж Буш: “Мен Қубада Фидель Кастроның биліктен бас тартуынан кейін демократияға өту басталуға тиіс екендігіне сенімдімін”, — деп мәлімдеді.

АМЕРИКАНДЫҚ ХАЛЫҚ

Иммигранттар ұлты

Құрама Штаттарды қөбінесе иммигранттар ұлты деп атайды. Мұның орынды себептері де бар. Біріншісі — ел иммигранттар мен олардың ұрпақтарының алмасуынан құралды. Екіншісі тілті бүтінгі Американың кез келген басқа елге қарағанда иммигранттарды қоғамнан қабылдаудың жағастырып жатқанымен байланысты. Американдық қоғамның бүкіл дүниежүзіндегі ең белсенді қоғамдардың бірі болып есептелеғін тандаңдырмайды. “Біз, халық” ұғымы толып жатқан мәдени дәстүрлерден, этникалық бейімділіктерден, нәсілдік және діни сенім-нанымдардың айырмашылықтарынан құралады.

“Орташа американдық”

Негізінде американдық ұлт қалыптасқан мәдениеттердің, этникалық түп-тамырлардың және иммиграция тәжірибесінің алуантүрлілігі соншама, орташа американдықтың бейнесін жасау өте қыын. Орташа американдықтың ақ болуы мүмкін, бірақ терінің ақ түсі ол үшін қалыпты құй болып табылмайды. Американдықтардың көшпілігі христиандар, бірақ Американы христиандар елі деп атауға келмейді.

Американдықтардың көшпілігі өздерінің шықкан тегі европалық деп мәлімдеуі мүмкін, бірақ бұл тұтастай алғанда олардың өздері сойлейтін тіл сияқты нақты емес.

Құрама Штаттар — реєсми мемлекеттік тілі жоқ аздаған елдердің бірі. Ағылшын тілі заң бойынша емес, оның кең

қолданылуына байланысты ортақ тіл болып табылады. 30 млн-нан астам американцыңдар өз үйлерінде қандай да бір басқа тілде сөйлеседі. Егер де сіз Нью-Мексико штатында испанша сөйлейтін американцыңты кездестірсөніз, онда ол АҚШ-қа бірнеше жыл бұрын келген иммигрант, АҚШ-қа XIX ғасырда қоныс аударушы испандықтың немесе мексикалықтың үрпағы болуы мүмкін. Дегенмен шетелдік акцент аталатын ерекшелік әрқашан да адамның шетелдік (немесе бұрынғы уақытта шетелдік болғандығын) болып табылатынын білдірмейді.

Стивенсон Д. К. Америка: народ и страна. М., 1993.

ҰЛЫБРИТАНИЯ

ЛЕЙБОРИСТИК ПАРТИЯНЫҢ САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ “БОЛАШАҚҚА БЕТВҮРҮС” БАҒДАРЛАМАСЫНАН

1945 жыл.

Сайлауда не шешілмекші?

Лейбористік партия діні наным, сөз, баспасөз бостандықтарын жақтайды. Ол бізге осы бостандықтарды сақтап қалуды және әрі дамытуды, кезінде соғысқа құрбандыққа берген жекебас құқықтарын қайтадан пайдалануымызға қамқорлық жасайды. 1927 жылғы өндірістік дау-жанжалдар мен тредюниондар туралы заңмен бұзылған көсіподақтардың бостандығы қайтадан қалпына келтірілуі керек.

Еліміз зауыттарды, машина жабдықтарын, үйлерді, мектептерді орасан зор құрделі жөндеуден өткізуге, оларды жаңарту мен қайта құру жоспарына мұқтаж. Лейбористік партия не іstemекші?

1. Біздің барлық ұлттық қорларымыз, жеріміз, шикізат және жұмысшы күші толық пайдаланулы қажет. Өндіріс жоғары дәрежеде дамып, сатып алу қабілетіне тенесуі керек.

2. Жоғары және тұрақты сатып алушылық қабілеті жақсы жалақымен, әлеуметтік қамсыздандыру және қауіпсіздендірумен, халықтың табыс дәрежесі төмен топтар үшін салық ауыртпалықтарын женілдетумен сүйемелденуі қажет...

3. Өндірістің маңызды салаларына тұрғын үй, мектеп, аурухана, қоғамдық мекемелер құрылыштарына жоспарлы түрде ірі көлемде қаржы жұмсау.

4. Ағылшын банкі мемлекет менишігіне берілуі қажет, ал басқа қалған банктердің қызметі өнеркәсіптің қажеттерімен үйлестірілуі керек.

Лейбористтік партия — социалисттік партия, оның түпкі мақсаты — Англияда социалисттік қоғам, азат, демократиялық, жоғары өнімді, прогрессивтік, қоғамның җалпы ортақ мұдделеріне қамқорлық жасайтын, материалдық қорлары халыққа қызмет ететін қоғам құру.

Притт Деннис Ноэль. Очерки внешней и внутренней политики лейбористов в 1945—1951 гг. М., 1964. С. 17—25.

КӨМІР ӨНЕРКӘСІБІН МЕМЛЕКЕТ МЕНИШІГІНЕ АЛУ ТУРАЛЫ ЗАҢ

1945 жыл.

Шахталарын сатып алып, өнеркәсіптің осы саласын басқару және оның тиімді дамуын қамтамасыз ету үшін құрамы тоғыз кісіден тұратын көмір өнеркәсібінің ұлттық басқармасы құрылады. Басқарма отын және энергетика министрлігінің жалпы басшылығына бағынады.

Заңның ережелері қазіргі кезде дайындалып жатқан көмір өндірісін қайта құру жоспарының құрамды бөлігі болып табылады. Олар тек көмірді өндіру мен бөлуді мемлекет менишігіне алумен шектелмейді, сонымен қатар көмір өндірісіне байланысты кокстеу пештері, жасанды отын өндіру зауыттарын, электрстансыларын, көлік кәсіпорындарын, жылжымайтын мұлткермен сауда жасайтын компанияларды және әлеуметтік қамсыздандыру мекемелерін де мемлекет менишігіне алуды көздейді...

Хрестоматия по новейшей истории (1945—1965 гг.). Документы и материалы. М., 1961. Т. 3. Ч. 1. С. 436-437.

ХАЛЫҚ ӨКІЛДІГІ ТУРАЛЫ АКТ

1969 жыл.

1. (1) Халық өкілдігі туралы актінің мақсаттарын іске асыру үшін тұлға сайлауға қатысуға байланысты қажет жасқа, егер ол 18 және одан үлкен жасқа толғандағанда жетті дең есептелінеді...

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права зарубежных стран. М., 1984. С. 346-347.

ФРАНЦИЯ

РЕНО ЗАУЫТТАРЫН МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ АЛУ ТУРАЛЫ ОРДОНАНС

16 қаңтар, 1945 жыл.

1-бап. Рено зауыттарының акционерлік қоғамы тарастылады. Ол қоғамның актив және пассив мына төменгі белгіленген жағдайлардың негізінде осы жоғарыдағы ордонанс жарияланған күннен бастап мемлекет қарамағына алыну жолымен жойылады...

7-бап. Рено зауыттарын үлттық басқару деген атпен азаматтық құқықабілеттілігі бар және қаржы дербестігімен пайдаланатын, өнеркәсіп өндірісі министрінің башшылығы және бақылауымен жұмыс істейтін индустриялы-саудалық сипаттағы көсіпорын үйымдастырылды.

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права зарубежных стран. М., 1984. С. 376.

ӨҮЕ КӨЛПІН МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ АЛУ ТУРАЛЫ ОРДОНАНС

26 маусым, 1945 жыл.

1-бап. 1944 жылдың 1 қыркүйегінен бастап “Эр-Франс” компаниясы капиталының акциялары меншік құқығы — мемлекет иелігіне өтеді. Сонымен бірге осы ордонанстың 3-бабында қарастырылған декретті жариялаған күннен бастап осы декрет жарияланған уақытта мемлекетке де,

“Эр-Франс” компаниясына да тиіс емес “Эр-Блю” және “Эр-Франс-Атлантик” компаниялары акцияларының меншік құқығы да мемлекет иелігіне өтеді.

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права зарубежных стран. М., 1984. С. 377.

ФРАНЦУЗ БАНКІН ЖӘНЕ ПРІ БАНКТЕР МЕН НЕСИЕ ҚОҒАМДАРЫН МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ АЛУ ТУРАЛЫ ЗАҢ

2 желтоқсан, 1945 жыл.

1-титул.

1-бап. 1946 жылдың 1 қантарынан бастап француз банкі мемлекет қарамағына алынды. Ол метрополияның барлық аумағында банк билеттерін шығаруды жалғастыра береді.

Банктің акциялары мемлекетке өтеді де, ол акциялар меншік құқығына ие болады. Кенесшілер мен регенттер өз міндеттерін атқаруды 1945 жылдың 31 желтоқсанында тоқтатады...

Хрестоматия по всеобщей истории государства и права зарубежных стран. М., 1984. С. 377.

ФРАНЦУЗ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 1946 ЖЫЛҒЫ КОНСТИТУЦИЯСЫ

Преамбула.

Азат халықтардың адамның жекебасын қорлап, оларды құлдыққа түсіруге тырысқан режімдерді женгеннен кейін француз халқы әр адам баласы нәсіліне, дініне және сенімдеріндегі айырмашылықтарға қарамастан одан ажыратылмайтын және қасиетті құқықтарға ие дегенді қайталап жариялады. Ол тағы да 1789 жылғы құқықтар Декларациясында белгіленген адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын республика зандарында мойындалған негізгі принциптерін салтанатты түрде жариялады.

Ол сонымен бірге біздін заманымызда аса қажет болып отырған мынадай экономикалық, саяси және әлеуметтік принциптерді жариялады:

Заң өйелдерге барлық салада ерлермен тен құқықтарды қамтамасыз етеді.

Өзінің бостандық мүдделеріне бағытталған қызметі үшін қудалануға түсken әрбіr адам республика аумағынан баспаna табуға құқылы.

Әркім жұмыс істеуге міндettі және белгілі біr лауазымға ие болуға құқылы. Ешкіm өз қызметінде өзінің шығу тегі, көзқарасы және діni нанымдарына байланысты қысымшылық көруге тиіs емес.

Әrбіr адам өз құқықтары мен мүдделеріn кәsіpodaқ үйимының көmегімен қорғай алады жәne өz қalaуymen кәsіpodaққа қосыла алады.

Ереуілдерге қатысу құқығы оларды реттейтіn занда-
рың шенберінде іске асырылды...

II тарау. Парламент туралы.

5-бап. Парламент Үлттық жиналыш жәne Республика Кеңесінен тұрады...

7-бап. Үлттық жиналыштың келісімінсіz жәne Республика Кеңесінің алдын ала берген қорытындысыныz соғыс жарияланбайды...

13-бап. Заң қабылдауғa тек Үлттық жиналыш құқылы. Ол бұл құқықты ешкіmge бере алмайды.

Хрестоматия по новейшей истории (1945—1965 гг.). Документы и материалы. М., 1961. Т. 3. Ч. 1. С. 463-464.

ГИ МОЛЛЕНИҚ ҮКІМЕТТІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫНАН

31 қантар, 1956 жыл.

... Мен енді осы кезеңде Францияның алдында тұрган аса маңызды проблемаларғa байланысты үкіmet саясатын баяндауғa көшпемін.

Осы мәселелердің ішінде ең қын, өз шешімін тезірек табуды талап етіп отырған Алжир мәселесін кідіртпей шешу қажеттілігі менің сөзімді осыдан бастауғa мәжбүр етті...

Францияның мақсаты, үкіметтің қалауы — ол, ең алдымен, бейбітшілікті қалпына келтіру, әртүрлі көзқарастағы адамдарды қорқыныш пен үрейден құтқару, ол үшін ланкестік пен көzsіz қырғынды тоқтату. Бұл, әрине, Алжир мен Франция арасындағы мызғымас одакты сақтау

қалу және нығайту деген сөз. Шындығында, Франция Алжирсіз, Алжир Франциясыз қалай өмір сүрмекші?..

Бұл, екінші жағынан, Алжир ерекшеліктерін тану мен құрметтеу және Алжирдің барлық тұрғындарының толық саяси тенденгін іске асыру деген сөз.

... Үлттық жиналыс Алжирдің болашақ тағдыры еш уақытта да біржақты шеппілмейтіндігін салтанатты түрде растауы керек...

Біздің қорғаныс жүйеміздің нығайтылуы, одақтас елдердің біртұтас майданының нығайтылуы Қеңестер Одағымен барлық жағдайларда барлық мәселелер бойынша келіссөздер жүргізуге үдайы, талмай ұмтылумен қабат жүргізілулері қажет...

Хрестоматия по новейшей истории (1945—1965 гг.). Документы и материалы. М., 1961. Т. 3. Ч. 1. С. 470-471.

ФРАНЦУЗ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

4 қазан, 1958 жыл.

1-бап. Республика және теніздің арғы жағындағы аумақтың халықтары ерікті өзін-өзі басқару кесімімен осы конституцияны қабылдайтын Қоғамдастық курады. Қоғамдастық оның құрамына кіретін халықтардың тенденгі мен ынтымағына негізделген.

I бөлім. Егемендік туралы.

2-бап. Франция біртұтас, зайырлы, демократиялық және әлеуметтік республика болып табылады. Ол барлық азаматтардың тегіне, нәсіліне және дініне қарамастан заң алдында тенденгін қамтамасыз етеді. Ол барлық діндерді құрметтейді.

Үлттық рәмізі — көк, ақ, қызыл түсті ту.

Үлттық әншраны — “Марсельеза”.

Республика ұраны — “Азаттық, тенденк, туысқандық”.

Оның қагидалары — халық үшін, халық еркімен сайланған халықтық үкімет.

4-бап. Саяси партиялар мен топтар дауыс беру жолымен пікірлерді тұжырымдауға жәрдемдеседі. Олар өз қызметтерін еркін түрде ұйымдастырып жүргізеді. Олар үлттық егемендік пен демократия қагидаларын қастерлеуге міндетті.

II бөлім. Республика президенті.

6-бап. Республика президенті жалпы және тікелей дауыс беру жолымен... 7 жылға сайланады.

12-бап. Республика президенті премьер-министрмен және палата төрағаларымен пікір алысқаннан кейін Ұлттық жинальстың таратылуын жариялай алады...

Хрестоматия по новейшей истории (1945—1965 гг.). Документы и материалы. М., 1961. Т. 3. Ч. 1. С. 476-477.

ГЕРМАНИЯ ФЕДЕРАТИВТІК РЕСПУБЛИКАСЫ

ГЕРМАНИЯ ФЕДЕРАТИВТІК РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЗАҢЫ

23 мамыр, 1949 жыл.

Преамбула.

Бір Құдай мен адамдардың алдында оз жауапкершіліктерін сезіне отырып және өзінің ұлттық және мемлекеттік бірлігін сақтау, біріккен Еуропаның тенкүккүшті мүшесі ретінде дүниежүзіндегі бейбітшілік іске қызмет ету ықыласымен жігерленген Баден, Бавария, Бремен, Гамбург, Гессен, Төменгі Саксония, Солтүстік Рейн-Вестфалия, Рейнланд-Пфальц, Шлезвиг-Гольштейн, Вюртемберг-Баден және Вюртемберг-Гогенцоллерн жерлеріндегі герман халқы өтпелі кезенде мемлекеттік күрылыштың билігіне сүйеніп Германия Федеративтік Республикасының осы Негізгі Заңын қабылдады.

88-бап. ...Ұлттық мудделерге өкілеттік пен жергілікті ұжымдарға әкімшілік бақылауды департамент көлемінде Министрлер Қенесі тағайындаған үкімет делегаттары іске асырады.

Советское государство и право. 1949. №7. С. 55—65.

БАТЫС ГЕРМАНИЯ ҮШИН БАСҚЫНШЫЛЫҚ СТАТУТ

21 қыркүйек, 1949 жыл.

Басқыншылық статут басқыншылық билік органдарының иелері — Франция, АҚШ және Біріккен Корольдік болып табылатын жоғарғы билікті іске асыру барысында өкілеттіліктерін анықтайды...

Басқыншы алға қойған мақсаттарына жету үшін мына салалардағы басқыншылық жасаушы мемлекеттердің өкілеттіктері арнайы ескертіледі... :

а) қарусыздандыру, оның ішінде, гылыми-зерттеулер саласында үкімет пен азаматтық авиацияға қойылатын шектеулер мен тежеулер;

б) Рурға, соғыс кезінде алынып кеткен мұліктерді қайтару, соғыс шығындарын өтегу, картелсіздендіру, орталық-тандыру, келіспеушілік мәселелеріне, саудага, шетелдердің Германиядағы мұдделері мен оған қоятын талаптарына бақылау;

в) сыртқы байланыстар, оның ішінде, Германияның өзі жасаған не оның атынан жасалған келісімдер;

г) соғыс кезінде күштеп өкелінген адамдар мен босқындар;

д) одактастардың басқыншылық өскерлерінің, олардың қарамағындағыларға адамдарды, ерікті-жалдамалы қызметкерлер мен олардың өкілдерінің, иммунитетін, қауіпсіздігін қорғау, басқыншылық шығындардың орнын жабу және олардың басқа да талаптарын қанағаттандыру;

е) жерлердің негізгі зандары мен конституцияларын сақтау;

ж) сыртқы сауда мен валюта операцияларын бақылау;

з) Германияға шетелдерден көмек көрсету қажеттілігін барынша қысқарту мақсатында ақша қаражаттарын, азық-түлікті және басқа да жабдықтау түрлерін үнемдеп жұмысauға қажет мөлшерде ғана ішкі істерді бақылау...

3. Францияның, АҚШ-тың және Біріккен Корольдықтың үкіметтері қажет деп тапқан жағдайда қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Германиядағы демократиялық басқару түрін немесе халықаралық міндеттемелерді орындау мақсатында үкімет билігін толық не жартылай қолдарына алу құқығын сақтайды...

Хрестоматия по новейшей истории (1945—1965 гг.). Документы и материалы. М., 1961. Т. 3. Ч. 1. С. 497-498.

ИТАЛИЯ

РЕСПУБЛИКА УШИН ӨТКІЗЛГЕН РЕФЕРЕНДУМ МЕН
ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫНА САЙЛАУДЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2 маусым, 1946 жыл.

Республиканы жақтап — 12,7 млн дауыс.
Монархияны жақтап — 10,7 млн дауыс.

Хрестоматия по новейшей истории
(1945—1965 гг.). Документы и мате-
риалы. М., 1961. Т. 3. Ч. 1. С. 482-483.

ИТАЛИЯМЕН БІТІМ КЕЛІСІМІ

10 акпан, 1947 жыл.

15-бап. Италия юрисдикциясына қарайтын аудан-
дардың барлығына нәсілі, жынысы, тілі және діні
жөніндегі айырмашылықтарына қарамастан адамдарға
тиісті негізгі құқықтар мен бостандықтарды, сөз, баспасөз,
баспа, діни нанымдар, саяси сенімдер мен көпшілік
жынындар бостандықтарын қоса қамтамасыз етуге қажетті
барлық шараларды қолдануға міндеттенеді...

17-бап. Италия... өз аумағында қандай да болсын
халықты оның демократиялық құқықтарынан айыруды
мақсат етіп қойған саяси, әскери немесе әскериленген
ұйымдардың қайта жаңғыруына рұқсат бермеуі қажет...

21-бап. 1. ... Триест ерікті аумағын Одактас және
Біріккен Мемлекеттер мен Италия таниды және оның
тұтастығы мен тәуелсіздігін Біріккен Ұлттардың Қауіп-
сіздік Кеңесі қамтамасыз етуі керек екендігіне келіседі...

23-бап. 1. Италия Африкадағы Италия аумақтық ие-
ліктеріне, атап айтқанда, Ливияға, Эритрея мен Италия
Сомалиіне барлық құқықтары мен құқық негізінен бас
тартасты...

27-бап. Италия Албан мемлекетінің егемендігі мен
тәуелсіздігін мойындауды және оны қадірлеуге міндет-
тенді...

33-бап. Италия Эфиопия мемлекетінің егемендігі мен
тәуелсіздігін мойындауды және оны қадірлеуге міндет-
тенді...

51-бап. Италия атом қару-жарагының ешбір түрін, қандай да болсын тасталуға арналған, өздігінен әрекет ететін не басқарылатын снарядтар мен аппараттарды шығармауы, сынамауы және иеленбеуі қажет...

Келісімге бір жағынан КСРО, Ұлыбритания, АҚШ, Қытай, Франция, екінші жағынан Италия қол қойды.

Мирный договор с Италией. М., 1947.
С. 19—63.

ИТАЛИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ

22 желтоқсан, 1947 жыл.

1-бап. Италия — еңбекке негізделген демократиялық республика...

4-бап. Республика барлық азаматтардың еңбек етуге құқығын таниды және осы құқықты іске асыруға бағытталған барлық әрекеттерді қолдайды...

7-бап. Мемлекет пен католик шіркеуі өркайсысы өздеріне тиісті өрістерде бір-бірінен төуелсіз және ерікті.

Олардың өзара қатынастары Латеран келісімдерімен белгіленеді...

42-бап. ...Жекеменшікті заң мойындайды және қоргайды...

44-бап. Жерді тиімді пайдалануға жету және әділетті әлеуметтік қатынастар орнату мақсатымен заң жекеменшікті жер иелігіне тиісті міндеттер артады, облыстар мен аудиториялық аймақтарының ерекшеліктеріне қарай бұл меншіктің шекті мөлшерін белгілейді, топырақты мелиорациялауды, ірі иеліктерді және өндірістік бірлестіктерді қайта құруды қуаттайды, ұсақ және орта меншікке қолдау көрсетеді...

46-бап. Еңбектің экономикалық және әлеуметтік дамуы мақсатында және өндіріс талаптарына сай еңбекшілердің заң белгілеген мөлшерде және белгілі бір түрде көсіпорындарды басқаруға қатысу құқығын республика таниды...

Конституции буржуазных государств Европы. М., 1957. С. 541—551.

АВСТРИЯ

ТӘУЕЛСІЗ ЖӘНЕ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ АВСТРИЯНЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ТУРАЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК КЕЛСІМ

15 мамыр, 1955 жыл.

1-бап. Австрияны еркін және тәуелсіз мемлекет есебінде қалпына келтіру. Одақтас және Біріккен мемлекеттер Австрияның жаңа демократиялық мемлекет ретінде қайта қалпына келтірілгендігін таниды...

4-бап. Анишлюсқа тыйым салу. 1. Одақтас және Біріккен мемлекеттер Австрия мен Германия арасындағы экономикалық және саяси одаққа тыйым салынады деп жариялады...

8-бап. Демократиялық мекемелер. Австрияның барлық азаматтарға жасырын-жабық дауысты, жалпыға бірдей, ерікті, тең сайлау құқығына, сонымен бірге нәсіл, жыныс, тіл, діни және саяси сенімдердің айырмашылықтарына қарамастан мемлекеттік қызмет орындарына сайлану құқығын қамтамасыз ету негізінде құрылған демократиялық үкіметі болады.

9-бап. Нацистік үйімдарды тарату. 1. Австрия ұлтшыл-социалистік партияны, оған қосылған және оның бақылаудағы үйімдарды жою жөніндегі іс-шараларды... аяқтауға міндеттенді...

13-бап. Қару-жарактың арнағы түрлеріне тыйым салу.

1) Австрия мына төменгілерді иеленбеуі, шығармауы және сынақтан өткізуеі керек:

а) атом қаруының кез келген түрін... ; в) қазір немесе болашақта қолдануға болатын жаппай қырып-жою қару-жарактарының негізгі түрлерін; д) теніз миналарын; е) торпедалық аппараттарды; ж) тұншықтырғыш, уландырғыш немесе биологиялық заттарды; с) қашықтан басқарылатын снарядтар мен торпедалар, сонымен бірге оларды тастау мен басқаруға қатысы бар аппараттарды... ;

Хрестоматия по новейшей истории (1945—1965 гг.). Документы и материалы. М., 1961. Т. 3. Ч. 1. С. 514-515.

ПОЛЬША

ПОЛЬША ҮЛТ-АЗАТТЫҚ КОМИТЕТИНІҢ МАНИФЕСІНЕН

22 маусым, 1944 жыл.

Поляк халқына!

... Өзінің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін неміс басыншыларымен шайқасып жатқан халық өзінің үкіметін, өзінің жасырын парламентін — Крайова Рада Народованы құрды. Оның құрамына демократиялық партиялардың өкілдері — людовтар, демократтар, социалистер, Польша жұмысшы партиясының және басқа да үйымдардың өкілдері енді. Крайова Рада Народованы шетелдердегі поляк үйымдары, ен алдымен, КСРО-дағы поляк патриоттарының Одағы және ол үйымдастырған армия таныды.

Лондондағы эмігранттық “үкімет” және оның Польша-дағы делегатурасы — бұл өзін-өзі тағайындаған, жалған, 1935 жылғы заңсыз, фашистік конституцияға арқа сүйеген, еш құқығы жоқ үкімет. Бұл “үкіметсізмак” поляк халқының гитлерлік басыншыларға қарсы күресіне кедергі келтірді, өзінің авантюристік саясатымен поляк халқын жаңа қыргынға итермелейді.

Крайова Рада Народова мен Польша Үлт-азаттық комитеті 1921 жылғы 17 наурызда қабылданған конституция негізінде жұмыс істеуде.

Польшаның Үлт-азаттық комитеті бүкіл халықты және комитетке бағынышты барлық билік органдарын Қызыл Армиямен тығыз бірлесуге шақырады. Поляктар неғұрлым соғысқа белсенді араласса, соғұрлым халықтың азапты құндері азайып, соғыс тез біtedі.

Остандастар! Польшаның Үлт-азаттық комитеті поляк мемлекетін қайта қалпына келтіруге кірісті және барлық демократиялық бостандықтардың қайта қалпына келтірілетіндігін, барлық азаматтардың нәсіліне, діни нарындары мен үлтіна қарамастан тенқұқықтылығын, саяси және қесіптік үйымдар, сөз және ар-ұждан бостандықтарын салтанатты түрде жария етеді.

Елді қалпына келтіруді тездету және поляк шаруаларының жерге деген атамзаманнан келе жатқан құштарлығын қанағаттандыру мақсатымен Польша Үлт-азаттық

комитетті тез арада азат етілген аймақтарда кең турде аграрлық реформа жүргізуге кіріседі.

Остандастар! Польшаның Ұлт-азаттық комитетінің кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі — ол азат болған аймақтарда мектептерді қалпына келтіру және бастауыш мектептен бастап жоғары мектепке дейін тегін білім беруді қамтамасыз ету.

Документы и материалы по истории советско-польских отношений (1944 г. январь—1945 г. сентябрь). М., 1974. Т. 8. С. 144-145.

ЮГОСЛАВИЯ

ЮГОСЛАВИЯНЫҢ ХАЛЫҚ-АЗАТТЫҚ АНТИФАШИСТИК
ВЕЧЕСІ ЕКІНШІ СЕССИЯСЫНЫҢ ЮГОСЛАВИЯ ЗАҚ
ШЫҒАРУШЫ ЖӘНЕ АТҚАРУШЫ ХАЛЫҚТЫҚ ӨКІЛЕТТЕ
ОРГАНЫ МЕН ЮГОСЛАВИЯНЫ АЗАТ ЕТУДІҢ ҰЛТТЫҚ
КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ ШЕШІМІНЕН

29 қараша, 1943 жыл.

1. Басқыншыларға қарсы құресте Югославия халқының табанды еркі, қалауы және бірлігімен тұтас халқының туыскандық және теңдік принципі негізінде жаңа мемлекет — Югославия құрылды. Халық-азаттық армиясы мен партизан құрамалары табыстарының арқасында Югославияның барлық ұлт-азаттық қозғалысы курес барысында Жоғарғы штабтың қол астына бірікті. Халық-азаттық соғыстың барысында халық-азаттық антифашистік вechе Югославия халықтары мен мемлекеттінің егемендігінің жоғарғы органдына айналды.

2. ...Халық-азаттық антифашистік вechе халық-азаттық соғысы кезінде халықтық Югославияның жоғарғы өкілетті, зақ шығарушы және атқарушы органы есебінде қайта құрылды.

4. Югославия халық-азаттық антифашистік вechесінің президиумы веченің атынан өкілеттік етеді, Югославияның егеменді құқықтарын іске асырады және атқарушылық қызметтерін орындайды және оның алдында өз қызметі үшін жауап береді...

7. Югославияны азат етудің ұлттық комитеті халық үкіметінің қызметін атқарады...

Конституция и основные законодательные акты Федеративной Народной Республики Югославии. С. 98-99.

**ЮГОСЛАВИЯНЫ ФЕДЕРАТИВТІК НЕГІЗДЕ ҚАЙТА
ҚҮРУ ТУРАЛЫ ЮГОСЛАВИЯНЫҢ ХАЛЫҚ-АЗАТТЫҚ
АНТИФАШИСТИК ВЕЧЕСІ ЕКІНШІ СЕССИЯСЫНЫҢ
ШЕШІМДЕРІНЕН**

29 қараша, 1943 жыл.

...Югославия халық-азаттық антифашистік вечесі қаулы етеді:

1. Югославия халықтарының егемендік принципі іске асу үшін Югославия өзінің барлық халықтарының шын мәнісіндегі Отаны болу және еш уақытта қандай да болсын билеуші сұрқиялар тобының қол астына қарамауы үшін Югославия Сербияның, Хорватияның, Словакияның, Македонияның толық тенкүқықтығын қамтамасыз ететін федеративтік негізде құрылуда және құрыла береді де.

2. Югославиядағы ұлттық азшылықтардың, барлық ұлттың құқықтары қамтамасыз етіледі...

Конституция и основные законодательные акты Федеративной Народной Республики Югославии. С. 103-104.

**IV бөлім. XX ғасырдың ЕКІНШІ
ЖАРТЫСЫНДАҒЫ — XXI ғасырдың БАСЫНДАҒЫ
АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІ**

ЖАПОНИЯ

ЖАПОНИЯНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНАН

1947 жыл.

I бөлім.

1-бап. Император жапон мемлекеті мен жапон халқы бірлігінің символы болып табылады, оның жағдайы егемендік билік иесі болып табылатын жапон халқының еркіне негізделеді.

II бөлім.

9-бап. ... Жапон халқы үлттың егемендік құқықтарын білдіру және халықаралық даулы мәселелерді шешу құралы ретінде соғыстан және күш қолданудан немесе күш қолдану қаупін төндіруден мәнгі бас тартады.

Жоғарыдағы тармақта көрсетілген мақсаттарды іске асыру үшін құрлықтағы, теніздегі және өуедегі өскерлерді, сондай-ақ басқа да өскери күштерді еш уақытта ұстамайтын болады. Мемлекеттің соғыс қымылдарын жүргізу жөніндегі іс-әрекеті мен құқығы мойындалмайды...

КЕҢЕС-ЖАПОН ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

19 қазан, 1956 жыл.

КСРО мен Жапония арасындағы соғыс жағдайы тоқтатылады... Осымен КСРО Жапонияға Хамбоман және Шикотан аралдарын қайтарып беруге келіседі, бірақ ол аралдарды іс жүзінде қайтарып беру тек КСРО мен Жапония арасында бейбіт бітімге қол қойылғаннан кейін жүзеге асырылады.

Правда. 1956, октябрь.

КСРО ҮКІМЕТИНІҢ ЖАПОН ҮКІМЕТИНЕ НОТАСЫ

28 қантар, 1960 жыл.

...КСРО үкіметінің 1956 жылғы 19 қазандығы КСРО мен Жапонияның бірлескен декларациясында көрсетілгендей, Хамбоман және Шикотан аралдары Жапония аумағынан барлық шетел өсерлерін шығарғанда және КСРО мен Жапония арасында бейбіт бітімге қол қойылғандаған Жапонияға қайтарылып беріледі.

Правда. 1960, 29 января.

ЖАПОНІЯ МЕН АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ҚАУПСІЗДІК ТУРАЛЫ КЕЛІСІМІНІҢ БАПТАРЫ

1960 жыл.

2-бап. (Экономикалық ынтымақтастық.)

Келісуші жақтар өздерінің ерікті институттарын нығайту жолымен бейбіт және достық халықаралық қаты-

настардың одан әрі дамуына мүмкіндік туғызады. Олар өздерінің халықаралық экономикалық саясатында дау-жанжалға жол бермеуге тырысады және өзара экономикалық ынтымақтастыққа қолдау көрсетіп отырады.

3-бап. (*Қарулы шабуылга қарсылық көрсететін өзін-өзі қорғау құштерін дамыту.*)

Келісуші жақтар жеке-жеке бір-бірімен ынтымақтаса отырып, үдайы және нәтижелі біржақты не өзара көмек көрсету жолымен өз конституцияларының қағидаларына сәйкес қарулы шабуылға қарсылық көрсету мүмкіндіктеріне қолдау көрсетеді және оларды дамыта түседі...

6-бап. (*АҚШ армияларының орналасуы, орналасатын аймақтар мен құрылыштарды бөлу, қызмет көрсету.*)

Жапонияның қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қызығыста бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау мақсатымен АҚШ-тың құрылыштағы, соғыс-әуе және соғыс-теңіз күштеріне Жапония аумағында құрылыштарымен, түрлі қызметпен және аймақтармен пайдалану құқығы беріледі.

“Черная книга” Японии. М., 1973.
С. 243—246.

ҚЫТАЙ

БІЗДІҢ БАҒДАРЛАМАМЫЗДЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

(*ҚКП VII съезінде жасалған ОК саяси бағдарламасынан үзінді*)

24 сәуір, 1945 жыл.

Біз жапон басқыншыларын толық талқандағаннан кейін Қытайда бүкіл ел халқының басым көшілігіне арқа сүйейтін біргұтас майданға қатысушылардың демократиялық одағына негізделген мемлекеттік құрылыш орнату қажет деп санаймыз. Мұндай мемлекеттік құрылыш жұмысшы табының басшылығымен орнайды және оны біз жаңа демократиялық құрылыш деп атайды.

Біз орнатуға ұмтылып отырған жаңа демократиялық саяси құрылыш шетелдік ұлттық езгіні құлатуды, ел ішіндегі феодалдық-фашистік езгіні жоюды, содан соң ескі демократия сипатындағы саяси құрылыш емес, барлық демократиялық топтарды біріктіретін, біргұтас майданға негізделген саяси құрылсты орнатуды қарастырады.

Біз орнатуға ұмтылып отырған жаңа демократияның экономикалық құрылышы Сунь Ятсеннің принциптеріне сәйкес келеді. Сунь Ятсеннің принциптеріне және Қытай революциясының тәжірибесіне сәйкес Қытайдың халық шаруашылығы қазіргі мемлекеттік жеке және кооперативтік секторлардан тұруы туіс.

Хрестоматия по новейшей истории (1945—1965 гг.). Документы и материалы. М., 1960. Т. 2. С. 593-594.

ҚЫТАЙДЫҢ ЖЕР ТУРАЛЫ ЗАҢЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРИ

29 қыркүйек, 1947 жыл.

1-бап. Ескі ауылшаруашылық жүйесін оның феодалдық және жартылай феодалдық қанаушылығымен бірге жою және “Жер — егіншіге” деген принципті іске асыру.

2-бап. Помещиктердің жер иелену құқығы жойылсын.

3-бап. Храмдардың, отбасылық храмдардың, монастырьлардың, мектептердің, мекемелер мен ұйымдардың жер иелену құқықтары жойылсын.

4-бап. Жер реформасын жүргізуге дейін деревнялар мен ауылдарда жасалған қарыздар туралы міндеттемелер жойылсын...

10-бап. Жер бөлісу кезінде кейбір ерекше мәселелер мынадай дег белгіленсін:

а) 1-2 адамнан тұратын кедей отбасына шаруа одағы 2-3 адамның үлесіне тең келетін жер үлесін бөлсін;

б) барлық ауыл шаруашылығы жұмысшылары, еркін мамандықтардың адамдары және олардың отбасы мүшелері шаруалармен бірдей жер үлестерін алады;

в) ауылдар мен деревнялар туралы Халық-азаттық армиясының әскери қызметкерлері, үкіметтің демократиялық органдары, халықтық ұйымдарының қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері шаруалармен бірдей жер және мұлік үлестерін алады;

г) помещиктер мен олардың отбасы шаруалармен бірдей жер және мұлік үлестерін алады;

д) ауылдар мен деревняларда тұратын гоминъдан армиясының жауынгерлері мен офицерлері және басқа да жау жағындағы адамдардың отбасылары шаруалармен бірдей жер және мұлік үлесін алады.

е) сатқындар, отанға опасыздық жасағандар мен өскери қылмыс жасағандар жер және мұлік үлесін алу құқығынан айырылады. Олардың ауылдар мен деревняда тұратын, ешқандай қылмысты өрекеттерге қатысы жоқ және жер өндеумен айналысқысы келетін отбасы мүшелері жер мен мұлікті шаруалармен бірдей алады...

12-бап. Кәсіпкерлер мен саудагерлердің дүние-мұлқі мен заңды кәсіпорындарына ешкім қол сұға алмайды және олар қорғауға алынады...

Хрестоматия по новейшей истории.
Документы и материалы. М., 1960.
Т. 3. С. 261—282.

ҚЫТАЙ ОРТАЛЫҚ ХАЛЫҚ ҮКІМЕТИНІҢ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

1 қазан, 1949 жыл.

Бұгінгі таңда халық-азаттық соғысы, негізінен, жеңіске жетті, еліміздің халқының басым көшпілігі азат етілді. Осының негізінде Қытайдың халықтық саяси консультативтік конференциясы шақырылған болатын. Оның жұмысына барлық демократиялық партиялар мен топтардың, Халық-азаттық армиясының, әртурлі аудандардың, ұлттық топтардың, штетлерде тұратын қытайлықтардың және бүкіл еліміздегі патриоттық демократиялық элементтердің делегаттары қатысты. Бүкіл ел халқының еркін білдіре отырып, Қытайдың халықтық саяси консультативтік конференциясы Қытай Халық Республикасының Орталық Халық үкіметінің негізгі заңын бекітті. Қытай Халық Республикасын жариялады, Пекин Қытай Халық Республикасының астанасы болады деп шешім қабылдады.

Қытай Халық Республикасының Орталық халықтық үкімет кеңесі бүгін астанада өз міндептін атқаруға кірісті және бірауыздан теменгідей шешім қабылдады:

Қытай Халық Республикасының Орталық халық үкіметінің құрылғандығын жариялау, үкіметтің жалпы бағдарламасын қабылдау... тез арада үкімет жұмысын жүргізу үшін үкімет органдарын құру.

Басқа елдердің үкіметтеріне бұл үкіметтің Қытай Халық Республикасын бүкіл халық атынан өкілдік ететін біртұтас заңды үкімет екендігін мәлімдейді.

Образование Китайской Народной Республики. Документы и материалы. М., 1950. С. 64—66.

КСРО МИНИСТРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ Н. С. ХРУЩЕВТЫҢ
АҚШ ПРЕЗИДЕНТІ Д. ЭЙЗЕНХАУЭРГЕ ЖОЛДАУЫНАН

7 кыркүйек, 1958 жыл.

Егер АҚШ, өткен уақыттардағы кейбір мемлекеттер сияқты, Қытайды да жазалай аламыз деген қорытындыға келсе, бұл үлкен жансақтық болар еді. Мұндай жансақтықтың дүниежүзіндегі бейбітшілік ісіне тигізетін зияны орасан зор болмақшы. Сондықтан да мәселені толық түсініспіл алайық, себебі мұндай мәселелердегі түсінбестік пен бүкпешілдік жақсылыққа апармайды.

Біздің ұлы досымыз, одактасымыз және көршіміз Қытай Халық Республикасына шабуыл — ол Кенес Одағына шабуыл деген сөз. Өз міндетіне адал біздің еліміз Қытаймен бірлесіп, екі мемлекеттің қауіпсіздігін, Қызыр Шығыстағы бейбітшілік мұддені, бүкіл дүниежүзіндегі бейбітшілік мұдделерді қорғап қалу үшін қолдан келгеннің бәрін істейді.

Хрестоматия по новейшей истории (1945—1965 гг.). Документы и материалы. М., 1961. Т. 3. С. 317.

Сталин Қытай компартиясының делегациясымен 1949 жылдың маусым — тамызы арасында Мәскеуде болған әңгімесінде: “Синьцзянга тезірек ішкі аудандардан қытайларды көптеп көшіріңдер... Біз сіздерге олардың (Шығыс Туркістан республикасының) атты армиясын өуеден атқылап, құртуға көмектесеміз”, — деді.

Проблемы Дальнего Востока. 1996.
№ 4. С. 69.

МАО ЦЗЭДУН ХАЛЫҚ КОММУНАЛАРЫН
ҮЙЫМДАСТАЫРУ ТУРАЛЫ

Маусым, 1958 жыл.

Біздің бағыттымыз біртіндең өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, сауданы (айырбас), мәдениет пен ағарту ісін, өскери істі (жаппай қаруланған халық жасактары) біріктіретін ірі халық коммуналарын құрып, оларды біздің қоғамымыздың негізгі бөлігіне айналдыру болуға тиіс.

1958 жылдың тамызында ҚКП ОК Саяси бюросының кеңейтілген кеңесінің “Деревняларда халық коммунала-

рын құру туралы” шешімі жарияланғаннан кейін халық коммуналарын құру жөніндегі қозғалыс бүкіл елде кеңінен өріс алды.

Халық коммуналары, оларды құрудың бастамашыларының ойларынша, ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы, мал шаруашылығы, қосалқы шаруашылық, балық аулау жан-жакты дамитын өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы, сауда, ағарту мен өскери іс тоқайласып, бір мезгілде өрі билік органдары, өрі шаруашылық ұйымдары болып табылатын, социализмді мерзімінен бұрын құрудың және біртіндеп коммунизмге өтудің құралы ретінде дәріптеген-ді...

Халық коммунасы өзінің дамуында болашақ коммунистік қоғамның негіздік бірлігі болатын және ол социализмнен коммунизмге біртіндеп өтудің ең үздік ұйымдық формасы ретінде қарастырылды.

1958 жылы тамыздың сонына қарай коммуналардың саны 8 730-ға жетіп, олар 37,8 млн шаруа қожалығын біріктірді, ал сол жылдың желтоқсанының сонына қарай коммуналардың саны 26 578-ге жетіп, олар 123,2 млн шаруа қожалықтарын біріктірді. Сейтіп, Қытайдың шаруа қожалықтарының 99,1%-ы бүкілхалықтық коммуналарға тартылды.

*Волкова Л.А. Изменение социально-экономической структуры китайской деревни (1949—1970 гг.), М., 1972.
С. 44—46.*

МОНГОЛИЯ

Ю. ЦЕДЕНБАЛ ТУРАЛЫ

Ю. Цеденбалды тек Кеңестің саяси басшылығы ғана емес, сонымен қатар көрнекті өрі өте ықпалды өскери қайраткерлер де қолдайтын. Олардың барлығы да Ю. Цеденбалды екі елдің қарулы күштерінің жауынгерлік одағына шын берілген, монголдың қайырымды өрі жігерлі саяси қайраткері ретінде білетін. Маршал Г. К. Жуков Цеденбал туралы: “Ол аса білімді және ақылды кісі еді”, — дег жазды. Ол МХР жауынгерлерінің 1939 жылы Халхин-Гол маңында жапон соғысқұмарларын талқандауға қосқан үлесін және монгол халқының Ұлы Отан

соғысы жылдарында Қызыл Армияга көрсеткен көмегін жақсы бағалады. Осыған маршал сол соғыстармен байланысты оқиғалардың қайнаған ортасында жүріп, өзін шебер үйімдастырушы, алғыр саясатшы, екі туысқан халықтың достығы жолында табанды құрескөр есебінде көрсете білген Ю. Цеденбалдың тамаша адамгершілік қасиеттерін жоғары бағалады.

1945 жылғы Жапониямен соғыста кеңес өскерінің басында болған маршалдар А. М. Василевский мен Р. Я. Малиновскийлер де генерал И. А. Плиевтің атты-механикаланған тобының құрамында Квантун армиясын талқандауға қатысқан монгол өскерлерінің Кеңес және монгол өскерлерінің жауынгерлік ынтымақтастығын нығайтуға, қол жеткен женістерге Монгол халық армиясының Бас саяси басқармасының бастығы және атты-механикаланған топ командирінің орынбасары ретінде өскерде аса зор саяси жұмыс жүргізген Ю. Цеденбалдың енбегі орасан зор деп бағалады.

Надиров Ш.Г. Цеденбал, 1984 год.
М., 1995. С. 99.

Монголияның экономикалық дамуындағы айтарлықтай бүрмалаушылықтар Ю. Цеденбал мен оның серіктерінің ұлттық өнеркәсіпті құру мәселесі жөніндегі көзқарастарының онша айқын болмағандығына байланысты болды...

Бірақ 1966 жылдың шілде айында МХРП XV съезінде қабылданған партияның төртінші бағдарламасында елдің экономикалық дамуының негізгі міндеті есебінде “елді одан әрі индустріаландыру, ауылшаруашылық өндірісін механикаландыру, халық шаруашылығының барлық салаларын техникалық жабдықтау дәрежесін көтеру жолымен социализмнің материалдық-техникалық негізін құруды аяқтау міндетін қойды. Партия таяу уақыттың ішінде МХР-ды өндіруші және өндіріш өндіріс құрылымдары бар индустріялы-агарлы елге айналдыру міндетін қойды.

Басты назар өнеркәсіпті, ауыр индустріяның салаларын дамытуға аударылды (кіші металлургияны, үнемді металлургия пештерін қолдану арқылы металл өңдеуді дамыту, кейбір машина жасау кәсіпорындарын салу жөніндегі іс-шараларды іске асыру, әр түрдегі механизмдер, машиналарға қосалқы бөлшектер шығару).

Бұл саясат қоғамда терең және қайшылықты өзгерістер өкелді, атап айтқанда, қала халқының саны 1959 жылдың өзінде-ақ 1956 жылмен салыстырғанда 3 есе артты, ал 1985 жылы оның қоғамдағы үлес салмағы 51,8% болды. Бұрын қалалары болмаған (Ұлан-Батордан басқа) Монголияның жағдайында ауыл халқының есебінен қала халқы санының осындай күрт есүі құрделі қындықтар туғызып, өлеуметтік жағдайды аса шиеленістірді.

Надиров Ш.Г. Цеденбал, 1984 год.
М., 1995. С. 54-55.

ҮНДІСТАН

Дж. НЕРУДІҢ СӨЙЛЕГЕН СӘЗДЕРІНЕҢ ҮЗІНДІЛЕР

Біз армандаған, оған жету үшін ғасырлар бойында бірнеше үрпақ енбектенген, азап көріп, шыдамдылық танытқан бостандық — ол бір топтың ғана бостандығы емес, ол бүкіл үнді халқының бостандығы.

Дж. Неру. Внешняя политика Индии
(7 сентября 1946 г.). М., 1965.
С. 29—31.

Біз халықаралық конференцияларға белсенді қатыстаң боламыз, басқа бір елдің қолшокпary емес, ерікті ел есебінде өзіміздің төл саясатымызды жүргізетін боламыз.

Біз шамамыз келгенше откен кезеңде дүниежүзілік соғыстарға алып келген, тағы да соған алып баруы мүмкін бір-біріне қарама-қарсы топтардың жүргізіп отырған күш қолдану саясатынан аулақ болу ниетін-деміз. Біз бейбітшілік пен бостандық біртұтас және кез келген жерде бостандықты аяқта басу басқа жердегі бостандыққа қауіп төндіреді және дау-жанжалдар мен соғысқа алып келеді деп есептейміз. Біз отар және тәуелді елдер мен халықтардың азат етілуіне және теория мен практикада барлық нәсілдер үшін тәң мүмкіндіктер қажет екендігін мойындауга мүдделіміз.

Дж. Неру. Из выступления по радио
(7 сентября 1946 г.). // Дж. Неру.
Внешняя политика Индии. М., 1965.
С. 29—31.

Үндістанға ықпал жасаудың бірден-бір жолы — оған деген достық ниетін білдіру және ынтымақтасу. Басқа бір нәрселерді таңдауға бағытталған өрбір әрекет, қамкоршысымақтануға қандай да болсын ишара біздің таралымыздан наразылық туғызады.

Из речи в Учредительном собрании (13 декабря 1946 г.) // Дж. Неру. Внешняя политика Индии. М., 1965. С. 41.

Өлем соңғы 200 жылдың ішінде батыс империализмінің дамып, Азияның көптеген бөлігінің отар және жартылай отарға айналғанының күесі болып келді. Осы жылдар ішінде талай оқиғалар болып өтті, бірақ Еуропа үстемдігінің ен көзге түсетін салдары ол Азия елдерінің бір-бірімен байланысының үзіліп қалуында жатыр. Үндістан өр уақытта өз көршілерімен байланысын үзбей, қарым-қатынас жасап келген. Ағылшын үстемдігі орнағаннан кейін бұл байланыстар үзіліп, Үндістан басқа Азиядан түгелдей онашаланып қалды... Азия елдерінің экономикасы белгілі бір еуропалық империалистік мемлекет экономикасының қосалқы шаруашылығына айналды, тіпті мәдени жағынан да олар өздерінің көршілеріне емес, Еуропага өуестене бастады.

Тым көп уақыт бойы Азия батыс сottары мен кеңселерінде сұраушы ретінде жүрді. Енді бұл жағдай келмеске кетуі керек. Біз өз аяғымызға тік тұрып, ынтымақтасқысы келгендермен терезесі тен дәрежеде ынтымақтаспактыз. Бірақ біздің ешкімнің қолында ешқашан да ойыншық болу ниетіміз жоқ.

Еуропа мен Американың адамзат прогрессіне қосқан үлесі аса зор, біз одан қажетімізді алыш, олардан көп нәрсені үйренуіміз керек. Бірақ, сонымен бірге батыс бізді сансызы соғыстар мен қантөгістерге араластырды, тіпті қазірдің өзінде жантүршігерлік соғыс біте салысымен жаңа, атом ғасырының соғыс қаупі төніп тұр. Сейтіп, ұлы атом ғасырында Азияға бейбітшілікті сақтап қалу үшін қажырлы күрес жүргізуге тұра келеді. Мұнсыз бейбітшілікті сақтап қалу мүмкін емес.

Біз біржакты, тайыз ұлтшылдыққа ұмтылмаймыз. Ұлтшылдықтың өр елде өз орны бар, оны қолдау қажет, бірақ оның басқыншылық бағыт алыш, халықаралық даму жолына бөгет болуына жол бермеу керек.

Бостандық... бір елдің көлемінде, бір халықтың айналасында шектеліп қалмауы қажет, ол бүкіл адамзатқа ортақ бостандық қандай да болсын жеке таптың үстемдігіне негізделмеуі керек. Ол барлық қарапайым адамдардың игілігіне айналып, олардың жан-жақты дамуына кең мүмкіншіліктер ашуы керек.

Из речи Дж. Неру на открытии конференции азиатских стран, включая республики Средней Азии (23 марта 1947 г.). // Дж. Неру. Внешняя политика Индии. М., 1965. С. 48–56.

Менің ойымша, дүниежүзі адамдарының санасына бірте-бірте кіріп жатқан ең ұлы идея — ол соғыстың пайдасыздығы, соғыстың негізі талас мәселелерді шеше алмайтындығы және қандай бір қын әрі күрделі болса да барлық мәселелерді бейбіт жолмен шешу қажет деген идея.

... Шындық — бір елдің немесе бір халықтың үлесіндегі нарсе емес, баз біреулер мен бәрін білемін деп айту үшін емес, шындық деген — өте күрделі, жан-жақты құбылыс. Сондықтан да әр ел, әр халық, егер олар өз алдында адал және шыншыл болса, сынау және қателер, азап шегу мен тәжірибе арқылы өздеріне-өздері жол ашуулары керек. Тек сонда ғана олар даму жолына түседі.

Из речи в парламенте Индии (17 сентября 1995 г.). // Дж. Неру. Внешняя политика Индии. М., 1965. С. 169–171.

Өлемнің барлық халықтары өмір сүрге, дамуға және өзіне жүктелген тарихи міндеттерді іске асыруға құқықты. Олар бейбіт және қауіпсіз өмір сүрге құқықты. Қазіргі жағдайда олар бұл құқықтарды бір-бірімен бейбітшілікте өмір сүріп, даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешсе ғана сақтай алады.

Из обращения Дж. Неру к США и СССР (27 ноября 1957 г.). // Дж. Неру. Внешняя политика Индии. М., 1965. С. 187.

Соғыс және бейбітшілік мәселелері үлкен-кішілігіне қарамастан барлық елдерге қатысты, сондықтан да әрбір ел өзіне жауапкершіліктің белгілі бір үлесін алышп, осы ортақ мақсатқа жетуге себептесуі керек.

Дж. Неру.

Біз әрқайсысымыз жеке алғанда, тіпті барлығын тұтас алғанда да өлем көз алдында маңызы мен құндылығы бар елдердің атынан өкілеттік ету деміз. Бейтарап елдер соғысты қаламайтын миллиондаған адамдар бейтарап болғаннан кейін осындай күшке ие болып отыр...

Дж. Неру. Из речи на I конференции неприсоединившихся стран в Белграде. (1961 г.).

Біздің блоктарға қосылмау саясатымыз бейбітшілік, қарусыздану және халықтар арасындағы ынтымақ мақсаттарын көздейтіндердің бәріне пайда келтіруде.

Дж. Неру. За рубежом. 1964. № 22. С. 3.

ҮНДІСТАН МЕН ПӘКСТАН БАСПЫЛАРЫНЫҢ ТАШКЕНТ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

Қантар, 1966 жыл.

I

Үндістан премьер-министрі мен Пәкстан президенті екі жақта Үндістан мен Пәкстан арасында тату көршілік қарым-қатынас орнату үшін барлық жағдайды жасау қажеттігіне келіседі... Олар өздерінің БҮҮ Жарғысына сәйкес күш қолданбай, өздерінің даулы мәселелерін бейбіт жолмен шешу жөніндегі өз міндеттерін раставиды.

II

... Екі елдің қарулы күштері 1966 жылдың 25 ақпанынан 5 тамызына дейін (1965) тұрған шептеріне өкетілуі керек.

III

Үндістан премьер-министрі мен Пәкстан президенті Үндістан мен Пәкстан арасындағы қарым-қатынастар бір-бірінің ішкі істеріне араласпау принципінде негізінде құралатындығы жөнінде келісти.

Кауль Т.Н. Индия и Азия. М., 1989.
С. 196—198.

КСРО МЕН ҮНДІСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ
БЕЙБІТШІЛК, ДОСТЫҚ ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
ЖӨНІНДЕГІ КЕЛПІСІМ

9 тамыз, 1971 жыл.

Екі ел арасындағы достық қатынастарды одан әрі өркендету және нығайту мақсатымен, достық пен ынтымақтастықты одан әрі дамыту екі елдің негізгі ұлттық мұдделеріне, сонымен бірге Азия мен бүкіл дүниежүзіндегі баянды бейбітшілк мұдделеріне сәйкес келеді деп есептей отырып, ... Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы бір жағынан, Үндістан Республикасы екінші жағынан осы келісімге келуге үйғарды...

1-бап. ... Екі жақ екі ел мен оның халықтары арасында баянды бейбітшілк пен достық орнайтындығын салтантты түрде жариялады.

2-бап. Екі жақ өздерінің Азия мен бүкіл дүниежүзінде бейбітшілкті сақтауға және нығайтуға, салдарлы халықаралық бақылау мен ядролық, әдеттегі қаруды азайтуға жету және жаппай қарулануға тыйым салу үшін қолдан келген барлық шараларды іске асыратындығын баяндайды.

3-бап. Екі жақ отаршылдық пен нақілшілдіктің қандай да болсын турлері мен көріністерін айыптайты және өздерінің оларды біржола, және толық жоюға ұмтылатындықтарын тағы да растайды...

6-бап. Экономика, ғылым және техника салаларындағы ынтымақтастыққа аса зор мән бере отырып... екі жақ бұл салалардағы өзара тиімді және жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтып, кеңейтетін болады...

7-бап. ... Екі жақ араларындағы ғылым, өнер, әдебиет, білім, денсаулық сақтау, баспасөз, радио, телевизия, кино, туризм және спорт байланыстары мен қатынастарын одан әрі дамытуға жәрдемдеседі.

8-бап. ... Екі жақтың... әрқайсысы бір-біріне қарсы бағытталған қандай да болсын әскери одақтарға қатыспайтындығын және мүше болмайтындығын салтанатты түрде жариялады.

Сборник действующих договоров,
соглашений и конвенций заключи-
тельный СССР с иностранными госу-
дарствами. М., 1974. Выпуск XXVII.
С. 23—26.

**ҮНДІСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ 1980 ЖЫЛДАРДЫҢ
БАСЫНДАҒЫ ДИНИ ҚҰРАМЫ**

Үндістер	82,7%
Мұсылмандар	11,2%
Христиандар	2,6%
Сикхтар	1,9%
Буддистер	0,7%
Джайлықтар	0,5%

Народы Азии и Африки. 1983. № 2.
С. 24.

**ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗ ЖӘНЕ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ ӘЛЕМ
ЖӨНІНДЕГІ ҮНДІ-КЕҢЕС (ДЕЛИ) ДЕКЛАРАЦИЯСЫ**

Қараша, 1986 жыл.

... Ядролық қаруғасырлар бойында адам қолымен жасалған дүниені ғана емес, сонымен бірге адамзаттың өзін, тіпті жер бетіндегі тіршілікті жою қаупін төндіруде. Адамзат жер бетіндегі өмірді сақтап қалуга кепілдік беретін дүниеге жана көзқарас жүйесін қалыптастыру қажет. Қалыптасқан әлемдік жағдайды өзгерту және ядролық қарусызы, зорлық-зомбылық пен жеккөрушіліксіз, қорқыныш пен күдіктен азат өмір қалыптастыру қажет...

9. ...Әлем — біртұтас және оның қауіпсіздігі бірегей.

Батыс пен Шығыс, Солтүстік пен Оңтүстік қоғамдық жүйелерінің, идеологияларының, діндері мен нәсілдерінің айырмашылықтарына қарамастан қарусыздандыру және дамуға деген үмтүлыштарында бірігулері керек.

10. Ядролық қарудан азат және зорлық-зомбылықсыз әлем мына төмендегі келісімдерді жасау жолымен орнауы мүмкін:

- осы ғасырдың сонына дейін ядролық жабдықтарды толық жою;
- ядролық қаруды сынауға толық тыйым салу;
- қару-жарактардың жаңа түрлерін шығаруға тыйым салу және оның қорларын жою;
- әдеттегі қару-жарак пен күштердің деңгейін төмендешу.

Кауль Т.Н. Индия и Азия. С. 202—205.

АУГАНСТАН

КЕҢЕС-АУГАН ҚАТЫНАСТАРЫНАН

31 шілде, 1957 жыл.

Ауган корольдық үкіметінің тілегін қабылдай отырып, Кеңес үкіметі Ауганстанның солтустік аудандарында мұнай кен орындарын геологиялық барлау жүргізу үшін Ауганстанға ешқандай саяси немесе басқа да шарттармен байланыссыз, техникалық және материалдық көмек көрсетуге келісті.

Сонымен бірге Кеңес үкіметі Ауганстанға оның экономикалық дамуы үшін қажет техникалық мамандарды дайындауға жәрдем көрсетеді...

Хрестоматия по новейшей истории.
Документы и материалы. М., 1961.
Т. 3. С. 614.

ИРАН

ИРАН ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫНЫҢ (ТУДЭ) АМЕРИКАНДЫҚТАРДЫҢ ИРАН АРМИЯСЫНДАҒЫ ОЗВЫРЛЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ

(“Бесуэйе Аянде” газетінің бас мақаласынан)

17 наурыз, 1952 жыл.

Иран армиясын басқарушылар ерікті немесе еріксіз американцы қеңесшілерінің айтқанын істейді.

Ал ол жүгенсіз кеткен қеңесшілер бірнеше дүркін Иран халқының ұлттық ар-намысына тиеді. Осы қеңесшілердің жалақысы ирандықтармен салыстырғанда орасан көп. Мысалы, американцы sertjant жалақыны иран генерал-лейтенанттынан көп алады.

Біз мұндай саясатты одан әрі жалғастыру Иранның тәуелсіздігі мен ұлттық мұдделеріне нұқсан келтіреді деп есептейміз. Сондықтан да Америка өскери қеңесшілерін кідірместен елден кетіру керек және реесми түрде иран халқы АҚШ өскери көмегіне мұқтаж емес, одан бастартады деп жариялау қажет.

Хрестоматия по новейшей истории.
Документы и материалы. М., 1961.
Т. 3. С. 653.

ТУРКИЯ

БАЯР — МЕНДЕРЕС ТОБЫНЫң СЫРТҚЫ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ

(*H. C. Хрущевтың КСРО Жогарғы Қенесінің сессиясында сөйлемеген сөзінен*)

31 желтоқсан, 1959 жыл.

...Біздің оңтүстіктең көршіміз болып табылатын Түркия НАТО-ның да, СЕНТО-ның да мүшесі, тек әзірше СЕАТО-ға кіріп үлтерген жоқ, мүмкін алышсынған шығар. ...Сондықтан да, менің ойымша, егер Түркияның билеуші топтарына белгілі бір соманы уәде етсе, олар СЕАТО-ға да, тіпті қандай “АТО” болсын қуана-қуана кіретіні даусыз...

Біз екі ел арасындағы қарым-қатынастар шын мәнісінде тату-тәттілік пен ынтымақтастық негізінде құрылғанын қолдаймыз. Екі ел арасындағы мұндай қатынастар Түркияның сыртқы саясатын Кемал Ататуркік сияқты аса көрнекті қайраткер жүргізіп тұрған шактарда болған еді.

Хрестоматия по новейшей истории.
Документы и материалы. М., 1961.
Т. 3. С. 681.

Н. С. ХРУЩЕВТЫҢ ДЖЕМАЛЬ ГЮРСЕЛЬГЕ
ЖОЛДАУЫНАН

28 маусым, 1960 жыл.

Жаңа үкіметтің екі ел арасындағы достық, тіпті туысқандық қатынастың негізін салушы, Түрік Республикасының іргесін қалаушы және Түркияның тәуелсіздігі үшін курескер Кемал Ататуркік саясатының принциптерін одан әрі жалғастыра береді деген мәлімдемесі Мәскеуде аса қанағаттанғандық сезіммен қабылданғандығын тағы да атап өтуді қажет деп санаймын.

Хрестоматия по новейшей истории.
Документы и материалы. М., 1961.
Т. 3. С. 661—682.

**ДЖЕМАЛЬ ГЮРСЕЛЬДІҢ Н. С. ХРУЩЕВҚА ЖОЛДАУЫНАН
(Үзінді)**

8 шілде, 1960 жыл.

Төраға мырза...

Мен басқарып отырған үкімет осы жылдың мамыры айында 27-сінде басталған ұлттық реформалар үшін қозғалыстың нәтижесінде құрылған болатын. Бұл қозғалыс өзінің ең алғашқы мәлімдемелеріне сәйкес Түркия өзінің халықаралық міндеттемелеріне, оның ішінде, өзінің НАТО және СЕНТО сияқты одактарға қатысты міндеттемелеріне адал болып қала береді деп ашықтан-ашық жариялады. Түркия мүше болып кірген одактар тек қана қорғаныс үшін құрылған және болуы мүмкін басқыншылық әрекеттен басқа ешқандай елге қарсы бағытталмаған.

Хрестоматия по новейшей истории.
Документы и материалы. М., 1961.
Т. 3. С. 602, 603.

АЗИЯДАҒЫ АРАБ ЕЛДЕРІ

ИЕРУСАЛИМ ТАҒДЫРЫ

1. БҮҰ Бас Ассамблеясының Палестинаны бөлу туралы № 181-қаулысынан

29 қараша, 1947 жыл.

— Иерусалим БҮҰ қамкорлық кеңесінің қарауындағы біртұтас және жеке әкімшілік белік деп есептелсін.

— Иерусалим қаласы ұлтына қарамастан барлық ересек халқы сайлайтын заң шығарушы кеңесі бар қаруыздандырылған арнайы халықаралық режим деп жарияланады.

— Иерусалимнің халықаралық статусына БҮҰ Бас Ассамблеясының келісімінсіз ешқандай өзгеріс енгізуге болмайды.

2. БҮҰ Бас Ассамблеясының № 194-қаулысынан

11 қыркүйек, 1948 жыл.

Иерусалимнің халықаралық статусының принциптері толық сақталады.

Бұл қарар арабтардың Иерусалиммен соғысы және Израильдің Палестина араб мемлекетіне берілген жердің едәүір бөлігін және Иерусалим қаласының батыс бөлігін басып алғанда қабылданған болатын. Шығыс Иерусалим Иорданияның қарамағында қалды. Қаланың бұлайша бөлінуі 1949 жылы 3 сәуірде екі ел арасында жасалған уақытша бітім де растайды.

1950 жылдың 23 қаңтарында кнессет (парламент) Иерусалимді Израиль мемлекетінің астанасы деп жариялады. 1967 жылғы соғыс кезінде Израиль Шығыс Иерусалимді қосып алатынын мәлімдеді. 1980 жылдың 30 шілдесінде Израиль кнессеті арнағы заң қабылданап, бүкіл Иерусалимді Израильдің мәнгі және бөлінбес астанасы деп жариялады.

Қауіпсіздік кеңесі мен БҮҰ Bas Ассамблеясы Израильдің бұл акцияларының занылышын танудан бас тартты, оларды халықаралық құқықты бұзушылық деп жариялады.

Израиль БҮҰ мен дүниежүзінің көптеген мемлекеттерінің пікірін елемеді, қалада еврей кварталдарын кеңейтіп, евреілердің санын көбейтті, керісінше араб халқының саны азайды.

Палестинаны азат ету үйімі Шығыс Иерусалимді Иордан өзенінің Батыс жағалауы мен Газа секторында құрылыштын дербес Палестина мемлекетінің астанасы деп жариялауды талап етті.

ҚАЗІРГІ КАИРДІҢ ӨТКЕНИНЕН

Әмір Бейбарыс 1260 жылды Египеттің сұлтаны болып, елді 17 жыл 2 ай және 12 күн биледі. Бала кезінде Дамаскіде 800 динарға құлдыққа сатылған болатын. Шашы сарғыш, көзі көк, бір көзін ақ басқан. Дауысы өте зор болған. Сирияда монголдарды екі мәрте талқандаған. Көптеген каналдарды, кеме жасайтын верфтерді қайта салдырган. Әскерді қайта құрган. Барлық ішімдік орындары мен жөзөкшелер үйлерін жаптырган. Әділдік Сарайын салдырып, онда әрбір жексенбі және жұмада арызданушыларды тындаған, шетел елшілерін қабылдаған. 1264 жылды әйелдерге шалма киуге тыйым салған. Захирия медресесі мен өзінің атындағы мешітті салдырган. Мешіттің төрт бұрышты аумағы (төрт жағы да 100 м шамасында) биіктігі 11 м мықты қабырғалармен қоршалған.

1279 жылды билік басына Калаун әулеті келді. Калаун да қыпшак даласынан шықкан, сұлтан ас-Салих 1000 динарға сатып алған құл болатын. Кең иықты, альп денелі нағыз батырдың өзі болған. Қыпшак тілінде сойлеген. 1284—1285 жж. Каирде кесенені, аурухананы және медресені біріктіретін кешен салдырган. Қазір оның тек

қираган орны ғана жатыр. Медресе мен кесене аса ерекше гимараттар деп саналады, оларға туристер көп келеді.

ПАЛЕСТИНА МЕН ИЕРУСАЛИМ ТУРАЛЫ

Палестина 1516 жылдан Осман империясының құрамында болып, 1918 жылы Палестина Англияның бакылауына көшті. 1947 жылы 29 қарашада БҮҮ Бас Ассамблеясы Палестинаны екі мемлекетке бөлу жөнінде қарап қабылдады. Аумағының 44%-ы (11,1 мың шаршы шақырым) арабтарға, 56% (14,1 мың шаршы шақырым) — Израиль мемлекетіне берілуге тиіс болды. Иудей, христиан және мұсылман діндерінің қасиетті орындарын қорғау мақсатында Иерусалим қаласы ерекше халықаралық режімі бар тәуелсіз әкімшілік бірлік болып қалуға тиісті еді.

Араб елдерінің 1948—1949 жылдардағы Израильге қарсы соғысы арабтардың жеңілісімен және Палестина араб мемлекетіне тиісті жерді белінуімен аяқталды. Израиль 6,7 мың шаршы шақырымды және Иерусалимнің батыс белгін, Иордания — Иордан өзенінің батыс жағалауын, Египет — Жерорта теңізі бойындағы Газа ауданын басып алды.

1950 жылы Израиль БҮҮ қарапарын бұзып, батыс Иерусалимді өзінің астанасы деп жариялады.

1967 жылғы 6 күндік соғыс барысында Израиль Иордан өзенінің батыс жағалауын, Газа мен Шығыс Иерусалимді басып алды. 90-жылдарда Израиль мен Палестинаны азат ету үйімі арасында келіссөздер басталды. ПАҰ Палестина мемлекетін құруды және Шығыс Иерусалимді қайтаруды талап етеді. Иерусалим тағдыры Палестина — Израиль арасындағы бітімге кедергі болды. 2000 жылдың 25 қыркүйегінде Израиль Шығыс Иерусалимдегі Гибадат тауын (онда Сыңсу корғаны мен мұсылмандардың басты киелі орындары — Аль-Ақса және Омар мешіттері орналасқан) БҮҮ Қауіпсіздік кеңесінің қарауына беруге ұсыныс жасады.

ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ ЖАҒДАЙГА БАЙЛАНЫСТЫ КСРО ҮКІМЕТИНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

5 шілде, 1967 жыл.

Бүгін, 1967 жылдың 5 шілдесі күні, Израиль Біріккен Араб Республикасына қарсы соғыс қымылдарын бастады, сөйтіп басқыншылық жасады.

Израиль үкіметі көрші араб мемлекетіне қарсы басқышылық жасап, БҮҮ Жарғысын, халықаралық құқықтың қарапайым нормаларын бұзды. Кеңес Одағы өзінің БАР, Сирия, Ирак, Алжир, Иордания және басқа араб елдерінің халықтарын батыл қолдайтындығын мәлімдеді.

СССР и страны Африки (1963—1970 гг.).
Документы и материалы. М., 1982. Т. 2.
С. 37-38.

КСРО МЕН ИРАК РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ДОСТЫҚ ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

1972 жыл.

КСРО мен Ирак республикасы... империализмге, отаршылдыққа... және реакцияға қарсы және халықтардың тәуелсіздігі мен әлеуметтік даму үшін құрес идеяларымен жігерленіп осы келісімді жасады және мына төмендегілерге келісті.

1-бап. ...Келісуші жақтар екі жақ және олардың халқы арасында мызғымас достық қатынасы өрістеп, жан-жақты ынтымақтастық дами беретіндігін мәлімдейді...

9-бап. ...Келісуші Жақтар екі елдің қауіпсіздігі мақсатында олардың қорғаныс қабілетін одан әрі бекіте беру жөніндегі ынтымақтастықты одан әрі дамыта берді.

Сборник действующих договоров,
соглашений, конвенций, заключенных
СССР с иностранными государствами.
Выпуск XXVIII. М., 1974. С. 24—26.

Республика президентінің міндеттін атқарушы ретінде мен мынаны мәлімдемекшімін: біз елде Кеңес өскери қызметкерлерін қалдыруды өтінеміз. Біздің халқымыздың, қарулы күштеріміздің, Араб социалистік одағы мен үкімет басшылығының тілегі мен еркінің негізінде мен тіпті осы қызметкерлердің санын көбейтуді өтінбекшімін.

А. Садат. Октябрь, 1970. // Правда.
1977, 19 октября.

КЕҢЕС ҮКІМЕТИНІҢ ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

Таяу Шығыста саяси реттеудің жоқтығынан тағы да соғыс қимылдары бүрк ете түсті...

Соңғы бірнеше жылдың ішінде Израиль... өзінің ақылға қонымысız басқыншылық әрекеттерімен Тау Шығыстағы жағдайды шиеленістіре түсуде.

...Соңғы күндері Израиль Сириямен және Египетпен оқ атуды тоқтату шебінде әжептәуір қарулы құштерін топтастырып, резервистерін әскерге шақырып, жағдайды шиеленістіріп, ақырында соғыс қымылдарын бастады.

...Кенес Одағы араб мемлекеттерінің 1967 жылы Израиль басып алған барлық араб аумақтарын босату жөніндегі араб елдерінің занды талаптарын батыл түрде қолдайды.

Правда. 1973, 8 октября.

Бұл соғыста (қазан 1973 ж.) біздің қару-жарагымыз 100% кеңестікі болды. Біз Кенес Одағының біз үшін шайқасқа дейін және шайқастан кейін не істегенін үмітта алмаймыз. Қазан соғысына дейін Кенес Одағы араб мемлекеттерін қаруландырды, мұнсыз олар өз құқықтары үшін күресте алмаған болар еди.

Начальник генштаба АРЕ генерал С. Шазли. / Примаков Е.М. История одного слова. М., 1985. С. 37.

ЕГИПЕТТИҢ ИЗРАИЛЬМЕН СОҒЫС БАРЫСЫНДАҒЫ ШЫҒЫНДАРЫ

100 мың солдаттар мен офицерлер.

100 млрд египет фунт стерлингі.

1973—1979 жылдар арасында араб мемлекеттерінің Египетке көмегі 17 млрд доллар болды.

ПАЛЕСТИНА АРАБТАРЫНЫҢ САНЫ (1982 жыл)

Израильде	— 600 мың адам.
1967 жылы Израиль басып алған батыс жерлерінде:	
Иордан озенінің жағалауында	— 800 мың адам.
Газа ауданында	— 455 мың адам.
Иорданияда	— 1 млн астам адам.
Ливанда	— 400 мың адам.
Сирияда	— 250 мың адам.
Парсы шығанағы елдерінде	— 300 мыннан астам адам.
Иракта	— 20 мың адам.
Ливияда	— 20 мың адам.

Из сообщения заруб. печати. / ТАСС. 1982. №45.

**Г.КИССИНДЖЕРДІң 1973 жылы ЖЕЛТОҚСАНДА
А. САДАТПЕН БОЛҒАН ӨҢГІМЕСІ ТУРАЛЫ**

Арабтардың есендіреткен шабуылданан (қазан, 1973 жыл. — *K. K.*) кейін Израиль өзін сал басқандай сезінді. Израиль премьер-министрі Голда Меирдің сыртқы түрінде, журіс-тұрысы мен мінез-құлқында да елеулі өзгерістер болды. Ол осыдан бірнеше ай бұрын сенімді түрде, тіпті мақтана Никсонға: “Біздің жағдайымыз еш уақытта осы қазіргідей жақсы болған емес”, — деп мәлімдеген лидерге мұлдем үқсамайды.

Kissinger H. Years of Upheaval. Boston — Toronto 1982. P. 576.

**АРАБ ЕЛДЕРІНДЕГІ МҰНАЙ ӨНДІРУ
(млн т есебімен)**

Елдер	1963 ж.	1964 ж.	1965 ж.	1979 ж.	1995 ж.
Кувейт	97,2	106,4	108,7	92	
Сауд Арабиясы	81,04	85,72	100,95	5,400	
Ирак	56,7	61,52	64,36	175	
БАР (Египет)	5,3	6,3	6,4	46	
Бахрейн	2,1	2,4	2,8		
Катар		9,1	10,1	10,9	20
Ливия	23,2	41,5	58,5		
Алжир	25,0	26,4	26,0	35	
Марокко	0,15	0,15	0,1		

*Арабоглы Э.Г. Экономические связи
Объединенной Арабской Республики
с арабскими странами. М., 1967. С. 63;
Страны мира. Спр—к. М., 1997.*

**КСРО МЕН СИРИЯ АРАБ РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ
ДОСТЫҚ ПЕН ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӨНІНДЕГІ КЕЛІСІМ**

8 қазан, 1980 жыл.

10-бап. ... Келісуші жақтар өздерінің қорғаныс қабілетін нығайту мақсатымен өзара бұрын жасасқан келісімдер негізінде өскери саладағы үнтымақтастықтарын дамытуды жалғастыра береді.

Сборник международных договоров
СССР. Выпуск XXXVI. М., 1982.
С. 27—30.

**КСРО ҮКІМЕТІНІЦ ИЗРАИЛЬДІҢ ЛИВАНГА ҚАРСЫ
БАСҚЫНШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ МӨЛІМДЕМЕСІ**

20 қыркүйек, 1982 жыл.

Израиль масқара қылмыс жасады. Палестина жасақтары Батыс Бейруттан кеткеннен кейін Израиль өскерлері опасызыздықпен қалаға басып кіріп, палестиналық және ливандық бейбіт халықты қанды қыргынға ұшыратты.

Бейруттағы қанды қыргын Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Бабий Ярдағы бейбіт адамдарды жаптай қыргынға ұшыратумен бір сипатта.

Бұл жантүршігерлік қылмыс үшін, ең алдымен, жауапкер Израильдің билеуші топтары. Олар жалғыз емес. Бұл жауапкершілікті басқыншының қолына қару ұстattaқан және оларды осы іске айдан салғандар да тартуы тиіс. Егер Вашингтонның қолдауы болмаса, Израиль мұндай хайуандыққа бара алмас еді.

...Басқыншылар жасаған зұлымдықты тек Палестина халқы емес, басқа да халықтар ұмытпайды және кешірмейді.

...Қылмыстылар әділ жазадан қашып құтыла алмайды. Израиль сияқты БҮҮ принциптерін әрдайым бұзып отыратын мемлекет бұл үйим қатарында қашанғы қала бермекші деген занды сұрақ туады.

Правда. 1982, 20 сентябрь.

**ЛИВАНДАҒЫ ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫ
ТАСС МӨЛІМДЕМЕСІ**

1 қыркүйек, 1983 жыл.

Ливанда және оның астанасы Бейрутта американдықтардың әскери күштерді қолдану арқылы Ливанның ішкі істеріне араласуының нәтижесінде жағдай тағы да шиеленісе түсті. Израиль басқыншылығының арқасында Ливанға күштеп танылған АҚШ-тың әскери бөлімшелері артиллерия және тікұшақтар қолданып, елдің мұсылмандар тұратын аудандарына соғыс соққысын берді. АҚШ Ливанға өз әскерлерін кіргізе отырып, ол әскерлер мұнда бір айдан артық болмайды деп мәлімдеген болатын. Содан бері бір жылдай уақыт өтсе де, Америка әскерлері Бейрутта қалып отыр және олардың саны күн сайын артуда.

Правда. 1983, 1 сентябрь.

АФРИКА ЕЛДЕРІ

ОҢТҮСТІК АФРИКА РЕСПУБЛИКАСЫ

БОСТАНДЫҚ ХАРТИЯСЫ

Оңтүстік Африка халықтарының 1955 жылдың маусым айындағы конгресінің құжаттарынан

...Оңтүстік Африка — осында тұратындардың барлығының — ақтардың, қаралардың отаны. Әділетсіздік пен теңсіздікке сүйенген үкімет біздің халқымызды жерге, бостандыққа және бейбітшілікке деген ежелгі құқықтарынан ажыратты.

...Бір-бірімізге қажымай-талмай демократиялық өзгерістерді іске асырғанша бірге күресе береміз деп ант етеміз.

Хрестоматия по новейшей истории (1945—1965 гг.). Документы и материалы. М., 1961. Т. 2. С. 758.

АНГОЛА

КСРО ҮКІМЕТИНІҢ АНГОЛАДАҒЫ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

26 мамыр, 1961 жыл.

...Өзінің жұрт таныған құқықтарын қорғау үшін көтерілген Ангола халқына қарсы Португалия бомбауышы-ұшақтар, бронды техника, жаяу өскер, арнайы парашютті топтарын жұмсап, қалалар мен деревняларды түбіріне дейін өртеп, айналасын қырып-жойып, қиратуда. Ангола халқына қарсы қанды қырғынға Португалия армиясымен бірге португалдық отаршы-плантаторлар да қатысада. “Біз ол хайуандардың отыз мыңын өлтірдік”, — деп мәлімдеді жақында Португалия офицері американдық “Тайм” журналының тілшісіне. — Мүмкін олардың бүлікке араласушыларының саны 100 мың болар. Біздің ойымыз мамырдың соңында жаңбыр тоқтаған кезге дейін олардың бәрін өлтіру”.

СССР и страны Африки (1946—1962 гг.).
Документы и материалы. М., 1963. Т. 2.
С. 297—302.

**СОУЭТОДАҒЫ (ОАР) ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫ
ТАСС МӘЛІМДЕМЕСІ**

24 маусым, 1976 жыл.

Оңтүстік Африка Республикасында апартеид пен нәсілдік кемітіушілікті жоюды талап еткен жергілікті халық өкілдерінің ереуіліне оқ атылды. Бұл хайуандық жазалауға қарулы полиция бөлімдері, бронды автомашиналар, әскери тікүшшактар қатысты.

Өзінің көптеген мәлімдемелерінде БҮҮ және басқа да халықаралық үйімдар адамзатқа қарсы қылмыс деп бағалап, Оңтүстік Африка халқының апартеид пен нәсілдік кемітіушілікте қарсы күресін заңды деп тапқан болатын.

СССР в борьбе против колониализма и неоколониализма (1960—1981 гг.).
Документы и материалы. М., 1986.
Т. 1. С. 356.

**КСРО МЕН АНГОЛА ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ
АРАСЫНДАҒЫ ДОСТЫҚ ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ**

8 қазан, 1976 жыл.

1-бап. Келісуші жақтар екі жақ пен оның халықтарының арасында мызғымас достық пен жан-жақты ынтымақтастық дами береді деп мәлімдейді.

10-бап. Екі жақтың да корғаныс қабілетін нығайту мақсатымен олар жасалған келісімдердің негізінде әскери саладағы ынтымақтастықтарын дамыта береді.

Сборник действующих договоров и соглашений. Вып. XXXIII. М., 1974.
С. 28—31.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ

Сан-Франциско, 26 маусым, 1945 жыл.

Біз, Біріккен Ұлттар халықтары, келешек үрпактарды, адамзатты біздің өміріміздің ішінде екі рет сүмдүк қайғы-қасіретке алып келген соғыс апаттарынан құтқару және

адам баласының негізгі құқықтарына, жеке адамдардың қадір-қасиеті мен құндылығына, ерлер мен әйелдердің тенқұқықтығына және үлкенді-кішілі халықтардың тен-дігіне деген сенімді қайта нығайту, келісімдермен және басқа да халықаралық құқық негіздерінен туындастырын міндеттемелерге деген әділеттілік пен құрметтеу сакта-латындағы жағдай тұтызу, әлеуметтік прогресс пен әлеу-меттік тұрмыс жағдайларын жаксартуға жәрдемдесуге батыл түрде бел байланысты жақсартуға жету үшін бір-бірімізге төзімділік жасап, тату-тәтті көршілер ретінде өмір сүріп, өз құштерімізді халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жолында біріктіріп, қарулы құш-терді тек жалпы мұдделер мен мақсаттарға ғана қолда-нулың әдістері мен принциптерін белгілең, халықаралық аппаратты тек қана барлық халықтардың экономикалық және әлеуметтік дамуы үшін қолдану мақсатымен осы мақсаттарға жетуге өз құштерімізді біріктіруге шешім қабылдады.

Осыған байланысты біздің тиісті үкіметтеріміз өздерінің Сан-Франциско қаласына жинальш, өкілдептерді талап-ка сай келеді деп танылған өкілдері арқылы Біріккен Ұлттар Ұйымының осы жарғысын қабылдауға келісті және Біріккен Ұлттар деген атпен халықаралық үйим құрды.

I тарапу. Мақсаттары мен принциптері

1-бап. Біріккен Ұлттар Ұйымының көздейтін мақсат-тары:

1. Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау және осы мақсатпен бейбітшілікке төнген қауіптін алдын алу және жою, басқыншылық актілерін және басқа да әлемдік тәртіпбұзушылықтарды басып тастауға пәрменді ұжымдық шаралар қолдану, әлемдік тәртіпті бұзуға өкеліп соғуы мүмкін халықаралық дау-жанжалдар мен жағдайларды әділеттілік пен халықаралық құқық принциптеріне сәйкес бейбіт жолдармен шешу саясатын жүргізу.

2. Ұлттар арасында халықтардың тенқұқықтылығы мен өзін-өзі басқару принциптерін құрметтеу негізінде достық қарым-қатынастарды дамыту және жалпыға бірдей бейбітшілікті нығайтуға бағытталған басқа да шаралар қабылдау.

3. Экономикалық, әлеуметтік, мәдени және адамгершілік сипаттағы халықаралық мәселелерді шешуде және адам құқықтарына, нәсіліне, жынысына, тіліне және дініне қарамастан барлық жүрттың негізгі бостандықтарына деген құрметті қолдау және дамыту саласында халықаралық ынтымақтастықты іске асыру.

4. Осы жалпы мақсаттарға жету жолындағы ұлттардың іс-әрекетін үйлестіру орталығы болу.

2-бап. 1. Ұйым оның барлық мүшелерінің егемен және теңқұқықтылығы принциптеріне негізделген.

2. Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық мүшелері олардың ұйымға мүшелігінен келіп туындайтын құқықтар мен артықшылықтарының жиынтығын қамтамасыз ету үшін осы жарғы бойынша өздеріне қабылданған міндеттерді адалдықпен орындауды.

3. Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық мүшелері халықаралық бейбітшілік, қауіпсіздік және өділет мұддelerіне қауіп тудырмау үшін өздерінің халықаралық дау жанжалдары мен келіспеушіліктерін бейбіт жолдармен шешеді.

4. Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық мүшелері өздерінің халықаралық қатынастарында кез келген мемлекеттің аумақтық тұтастығына немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы, біріккен ұлттар мақсаттарына қайшы басқа да жолдармен күшпен қорқыту немесе күш қолданудан бастарады.

II таралу. Ұйымның мүшелері

4-бап. 1. Ұйымға мүше болу үшін өздеріне осы жарғыда көрсетілген міндеттерді қабылдайтын және ұйымның пікірінше ол міндеттерді орындауды қалайтын және орындаудай алатын бейбітшілік сүйгіш барлық мемлекеттерге жол ашық...

6-бап. Ұйымның осы жарғыда белгіленген принциптерін үнемі бұзушы мүшелері Қауіпсіздік кенесінің ұсынысы бойынша Бас Ассамблеяның шешімімен ұйымнан шығарылуы мүмкін.

Крылов С.Б. История создания Организации Объединенных Наций. М., 1960. С. 265—271.

У.ЧЕРЧИЛЛЬДІҚ ФУЛТОНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН

5 наурыз, 1946 жыл.

...Қазіргі Құрама Штаттардың, Ұлыбритания және Канаданың қолындағы атом бомбасы жөніндегі құпия мәліметтер мен тәжірибелі жаңа құрылған жас халықаралық үйымға сеніп тапсыру қателік және аңғырттық болар еді. Егер жағдай өзгеріп, қандай да болсын бір коммунистік не неофашистік мемлекет бұл мәліметтерді иемденіп алған жағдайда біздің үйқымыз қазіргідей тыптыныш болатындығына менің күмәнім бар...

Мен енді сіздерге, барлық қарапайым адамдарға төніп тұрған екінші қауіпке — тиранияға көшемін. Біз көз алдымызыда тұрған фактіге — бүкіл Британ империясының азаматтары пайдаланатын бостандықтардың көптеген, тіпті олардың ішіндегі қуатты елдерде де жоқ екендігіне немқұрайды қарай алмаймыз. Бұл мемлекеттерде қарапайым адамдарды бақылау өртүрлі полициялық үкіметтердің көмегімен жүзеге асырылады. Бұл демократияның бүкіл принциптеріне қарама-қайшы.

...Мен осында келгенде айтайын деген ойымның ең өзекті мәселесіне келе жатырмын. Ешқандай болашақ соғыстың алдын алу немесе халықаралық үйымның тұрақты дамуы ағылшын тілінде сейлейтін халықтардың туысқандық бірлігінсіз іске аспақшы емес. Бұл, бір жағынан, халықтар мен империяның британдық ынтымақтастығын, екінші жағынан, Құрама Штаттар арасындағы ерекше қатынастарды білдіреді...

Құрама Штаттар Британия империясы мен оның халықтарының ынтымақтастығына шын берілген доминион Канадамен қорғаныс туралы тұрақты келісім жасасып үлгерді. Бұл принцип халықтардың Британиялық Ынтымақтастығына түгел қатысты болуы тиіс...

...Жақындағанда одақтастар женісінің шуағына бөленген даланы бұлт торлай бастады. Кеңестік Ресей мен оның халықаралық коммунистік үйымының таяу уақытта не істей ойлары бар екенін және олардың басып алушылыққа құмарлығының шегі қайда екендігін ешкім білмейді... Балтикадағы Штеттиннен Адриатикадағы Триестке дейін күрлік үстінде темір тор орнады. Бұл белдеудің арғы жағында Орталық және Шығыс Еуропаның ежелгі мемле-

кеттерінің байлығы орналасқан Варшава, Берлин, Прага, Вена, Будапешт, Белград, Бухарест, София — осы атақты қалалардың бәрі және олардың айналасындағы халықтар кенес жүйесінде және негізінен, күннен-күнгө күшейіп отырған Мәскеу бақылауында... Біздің ойымызға келмеген дәрежеде миллиондаған немістерді жаппай қуу фактілері орын алуда...

Хрестоматия по новейшей истории (1945—1965 гг.). Документы и материалы. М., 1961. Т. 3. Ч. 1. С. 437—439.

ПРЕЗИДЕНТ ТРУМЭННІҢ КОНГРЕСКЕ ЖОЛДАУЫ

(Трумэннің доктринасы)

12 наурыз, 1947 жыл.

Қазіргі кезеңдегі халықаралық жағдайдың аса қауіп-тілігі менің Конгрестің біріккен мәжілісінде сөз сөйлеуімді қажет етті. Өңгіме АҚШ-тың сыртқы саясаты мен ұлттық қауіпсіздігі туралы болмақшы.

Бүгін мен сіздердің талқылаулырызыға қалыптасқан жағдайдың бір пүшпагы — Грекия мен Туркияға байла-нысты мәселелерді ұсынбақшымын.

Құрама Штаттарға Грекия үкіметінің қаржы және экономикалық көмек көрсетудің сұраған өтініші келіп түсті...

Қаржы және экономикалық көмек Грекияға бұрын да көрсетілген болатын, бірақ ол жеткіліксіз...

Біз бұл киын жағдайда БҮҰ тараапынан көмек мәселе-сін де қарастырдық. Бірақ жағдай шұғыл шарапарды қолдануды талап етеді, ал БҮҰ мен оның үйымдары Грекияға қажет көмекті көрсете алатында жағдайда емес...

Біз Грекияның көршісі — Туркияны да назарымыздан тыс қалдыра алмаймыз... Туркияның қазіргі жағдайы, өрине, Грекиядағыдан өзгеше... Туркия да қазір біздің көмегімізге мұқтаж...

Егер біз осы сағаттарда Грекия мен Туркияға көмекке келмесек, оның салдары Шығыста да, Батыста да қандай болатындығын анық болжау қын.

Жоғарыда айттылғандарды ескере отырып, мен Кон-грестен 1948 жылдың 30 маусымына дейін Грекия мен

Түркияға 400 млн доллар мөлшерінде көмек көрсетуге өкілдік беруді өтінемін.

Каржылай көмек көрсетуден басқа мен Конгрестен Грекия мен Түркияға Американың азаматтық және әскери адамдарын жіберуге рұқсат сұраймын. Мен арнайы бөлінген түрік және грек бөлімдерін үйретіп, оларға әртүрлі қажет нұсқаулар беруге рұқсат етуді ұсынамын.

Хрестоматия по новейшей истории (1945—1965 гг.). Документы и материалы. М., 1961. Т. 3. Ч. 1. С. 59-60.

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ӨЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ПЕН ҰЖЫМДЫҚ ҚОРҒАНУ ТУРАЛЫ
КЕЛІСІМ**

(Батыстық одақ)

Брюссель, 17 наурыз, 1948 жыл.

4-бап. Егер Жоғары Мәртебелі Келісуші Жақтың біреуі Еуропада шабуылға үшінраса, басқа Жоғары Мәртебелі Келісуші Жақтар БҮҮ жарғысының 51-бабына сәйкес шабуылға үшінраған жаққа өз тарараптарынан жан-жақты әскери, т.б. көмек көрсетеді.

1948 жылы 17 наурызда Англия, Франция, Бельгия, Болгария және Люксембург араларында “Экономикалық, өлеуметтік және мәдени ынтымақтастық пен ұжымдық қорғаныс туралы шарт” жасалды. Шартқа қатысушылар Батыс Одағының Солтүстік Атлантика блогымен тығыз ынтымақтастықта әрекет жасайтындықтарын атап көрсетті.

Хрестоматия по новейшей истории (1945—1965). Документы и материалы. М., 1961. Т. 3. Ч. 1. С. 61-62.

СОЛТҮСТИК АТЛАНТИКА КЕЛІСІМІ

4 сәуір, 1949 жыл.

4-бап. Келісуші Жақтар, егер қайсысының болсын пікірі бойынша біреуінің аумақтық тұтастығына, саяси тәуелсіздігі мен қауіпсіздігіне қатер төнді деп есептеген жағдайда, өзара ақылдасып, пікір алышады.

5-бап. Келісуші жактар Еуропа мен Солтүстік Америкада өздерінің біреуіне не бірнешеуіне бағытталған қарсы шабуыл олардың барлығына жасалған шабуыл деп есептеуге келісті. Мұндай жағдайда олардың әрқайсысы Атлант мұхитының солтүстік бөлігіндегі аймақтың қауіпсіздігін қалпына келтіру және сақтау үшін шабуылға үшірган жаққа немесе жақтарға тез арада, жеке немесе басқа жақтармен келісе отырып, соғыс күштерін қоса басқа барлық қажет деп есептелеңтін көмекті көрсетеді...

6-бап. 5-балтағы келісуші бір немесе бірнеше жаққа қарулы шабуылды, Еуропа немесе Солтүстік Америкадағы қандай да бір болсын келісуші жақ аумағына Францияның Алжирдегі департаменттеріне, келісуші жақтардың Еуропадағы басқыншылық өскеріне, кез келген келісуші жақтың құзыретіндегі Атлант мұхитының солтүстік бөлігіндегі аудандарда — Шаян тропигінен солтүстікке қарай орналаскан аралдарға немесе осы аудандардағы келісуші жақтардың ұшактарына жасалған шабуыл деп түсіну керек.

Правда. 1949, 20 марта.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨЗАРА КӨМЕК КЕҢЕСІН ҚҰРУ ТУРАЛАЫ ХАБАР

5—8 қаңтар, 1949 жыл.

Осы жылдың қантарында Мәскеуде Болгария, Венгрия, Польша, Румыния, КСРО, Чехословакия өкілдерінің экономикалық кеңесі болып өтті...

Кеңес Америка Құрама Штаттарының, Англияның және тағы басқа да Батыс Еуропа елдерінің үкіметтері шын мәнісінде халықтық демократия елдері және КСРО сауда жасаудан бас тартуда деп есептейді, себебі бұл елдер өздерінің егемендігі мен ұлттық экономикалық мұдделеріне қайшы келетіндіктен Маршалл жоспарының өміріне қонуді қажет деп таппады.

Кеңес халықтық демократия елдері мен КСРО экономикалық ынтымақтастығын одан әрі дамыту мақсатында шаруашылық тәжірибелерімен алмасу, бір-біріне техникалық көмек көрсету, шикізат, азық-түлік, машина, құралжабдықтар, т.б. алмасу үшін кеңеске қатысушылардың өкілдерінен тепе-тең мөлшерде өкілеттілік негізінде

экономикалық мәжіліс — Экономикалық Өзара Көмек кенесін құруды қажет деп тапты. Кенес ашық үйым, оған оның принциптерін мойындаушы және жоғарыда аталған елдермен кеңауқымды экономикалық ынтымақтастық орнатқысы келетін Еуропаның басқа да елдері мүше бола алатындығын мәлімдейді.

Многостороннее экономическое сотрудничество социалистических государств.
М., 1972. С. 121-122.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КАНАДА-АМЕРИКА КЕЛІСІМІ

26 қазан, 1950 жыл.

...Жалпы қауіпсіздік мүдделеріне сай және екі үкіметке олардың Біріккен Үлттар Жарғысы және Солтүстік Атлантикалық шарт бойынша міндеттемелерін орындауға көмектесу мақсатымен бұл бірлескен өрекеттер аясы кеңейтілуге тиісті деп есептелінді. Сол себепті жалпы корғаныс және екі елдің өнеркәсібі мен қорларын ең жақсы бірлескен нәтижелерге жету мақсатында екі елдің экономикалық құштерін сәйкестендіру үшін біздің екі үкімет олардың тиісті атқарушылық өкілдерінің шегінде барлық мәселелерде ынтымақтастықта болатындығы жөнінде келісімге қол жетті.

...5. Канада мен Құрама Штаттар арасындағы бірлескен қорғанысқа қажетті тауарлардың қозғалысына жасалған кедергілер барынша жойылуға тиіс.

Хрестоматия по новейшей истории (1945—1965 гг.). Документы и материалы. М., 1961. Т. 3. Ч. 1. С. 549-550.

СУТЕК БОМБАСЫН ЖАСАУ ЖӨНІНДЕГІ БАҒДАРЛАМА

31 қантар, 1950 жыл.

Мен Атом энергиясы жөніндегі комиссияға атом қарулашының барлық түрлері, ішінде сутек бомбасы немесе ерекше бомба деп аталатын түріне де зерттеу жұмыстарын жалғастыра беруге нұскау бердім. Атом қаруы саласындағы басқа да зерттеулер сияқты бұл да біздің бей-

бітшілік пен қауіпсіздік жоспарымыздың барлық мақсаттарына сәйкес жүргізілуде, жүргізіле береді де.

Гарри С. Трумэн

Хрестоматия по новейшей истории (1945—1965 гг.). Документы и материалы. М., 1961. Т. 3. Ч. 1. С. 413.

ЕУРОПАДАҒЫ ҰЖЫМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ ЖАЛПЫЕУРОПАЛЫҚ КЕЛІСІМНІҢ ЖОБАСЫ

(*негізгі принциптері*)

1. Келісімге өздерінің қоғамдық құрылышына қарамасстан келісімнің мақсатын мойындайтын және өзіне ондағы көрсетілген міндеттерді алатын барлық Еуропа мемлекеттері қатыса алады. Келешекте біртұтас, бейбітшіл, демократиялық Герман мемлекеті құрылғанша Германия Демократиялық Республикасы мен Германия Федералдық Республикасы да келісімнің тәңқұқылы мүшелері бола алады, яғни Германия біріккен соң келісімге жалпы негізде біртұтас Герман мемлекеті қатыса алады.

Еуропадағы ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімге қол қойылуы төрт мемлекеттің — КСРО, АҚШ, Англия және Францияның герман мәселесі жөніндегі құзырына қол сүқпайды. Бұл мәселе ертеректе төрт мемлекет арасындағы белгіленген төртіп бойынша реттеледі.

2. Келісімге қатысушылар бейбітшілік пен Еуропадағы қатер туғызбау мақсатында бір-біріне шабуыл жасаудан, өздерінің халықаралық қатынастарында күш көрсету немесе күш қолданудан бас тартулары керек...

9. Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі БҮҮ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелері мемлекеттерге жүктелген аса маңызды жауапкершіліктерді мойындай отырып, келісімге қатысушылар Америка Құрама Штаттары мен Қытай Халық Республикасы үкіметтерін келісім бойынша құрылатын органдарға өз өкілдерін бақылаушы ретінде жіберуге шақырды.

Правда. 1954, 11 февраля. // Хрестоматия по новейшей истории (1945—1965). М., 1961. Т. 3. Ч. 1. С. 76-77.

БАГДАД КЕЛІСІМІ

(Түркия мен Ирак арасындағы келісім)

24 ақпан, 1955 жыл.

1-бап. Жоғары Мәртебелі Келісуші Жақтар БҮҮ жарғысының 51-бабына сәйкес өз қауіпсіздіктері мен қорғаныс мақсаттарында ынтымақтастықты іске асырады. Сол шешілгелі отырған шаралардың ішінде осы ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін арнаулы келісім шартын қабылдайды.

2-бап. Жоғары Мәртебелі Келісуші Жақтардың атынан өкілеттік ететін құзырлы билік орындары 1-бапта қарастырылған ынтымақтастықтың іске асырылуын қамтамасыз ететін шараларды анықтап, белгілейді.

3-бап. Жоғары Мәртебелі Келісуші Жақтар бір-бірінің ішкі істеріне ешқандай араласпауга міндепттенеді. Жоғары Мәртебелі Келісуші Жақтар араларында болуы мүмкін келіспеушіліктерді Біріккен Ұлттар Ұйымының жарғысына сәйкес бейбіт жолдармен шешуге келісті.

5-бап. ...Бұл келісім осы аймақта қауіпсіздік пен бейбітшілікті сақтауға шын мүдделі Араб Лигасының мүшесі немесе кез келген басқа да мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.

КСРО СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ ТАЯУ ЖӘНЕ ОРТА ШЫҒЫСТАҒЫ ҚАУПСІЗДІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІНЕН

16 сәуір, 1955 жыл.

Соңғы кездерде Таяу және Орта Шығыстағы жағдай едөүір шиеленісе түсті. Бұл кейбір батыс елдердің Таяу және Орта Шығыс елдерін басқыншылық Солтүстік Атлантика одағына қосымша ретінде құрылатын турлі соғыс топтарына тартуға бағытталған жаңа әрекеттеріне байланысты болып отыр.

Соғыс одақтары Таяу және Орта Шығыс елдеріне емес, осы аймақта өз үстемдігін орнатуға әрекеттеніп отырған Американың басқыншылық топтарына қажет. Олар тәуелсіз ұлттық даму жолына түсken Таяу және Орта Шығыс халықтарының өмірлік мүдделеріне қарсы, осы одақтардың көмегімен өзінің осы аудандардағы әлсіреп қал-

ған жағдайын қалпына келтіріп, ұстап қалуға тырысып отырған ағылшын топтарына керек...

Таяу және Орта Шығыс елдерінің қауіпсіздігіне шын мәнісінде қауіп бар, бірақ ол Қеңес Одағы тарапынан емес, қауіпсіздікті қамтамасыз етуді сұлтауратып, Таяу және Орта Шығыста басқыншылық соғыс одактарын құрып, осы аймақ елдерін өздерінің соғыс-стратегиялық шебіне, ал экономикалық жағынан оларды отар және төуелді аумақтардың кейпіне келтіруге үмттылып отырған мемлекеттер тарапынан...

Хрестоматия по новейшей истории (1945—1965 гг.). Документы и материалы. М., 1961. Т. 3. С. 85—87.

ИРАКТЫҢ БАҒДАД КЕЛІСІМІНЕН ШЫГУЫ ТУРАЛЫ

(*Ирак премьер-министрі А.К. Қасымның мәлімдемесі*)

24 наурыз, 1959 жыл.

...Осы уақыттан бастап Ирак ешқандай келісім не одақпен тұсаулы емес. Енді Ирак сөзсіз және толық турде егемендігі мен төуелсіздігін еркін пайдаланатын болады. Бағдад келісімі біздің еліміздің қолын байларап келеді. Ол 1955 жылы 24 ақпанда 5 жыл мерзімге жасалған болатын. Бұл мерзім бір жылдан кейін біtedі. Бірақ біз алдын ала жағдайың қандай болатындығын біле алмаймыз. Сондықтан да біз келісімге қатысуышылардың біздің ішкі істерімізге араласуына қандай да болсын мүмкіншіліктер бермеу үшін келісімнен шығуға шешім қабылдадық...

Біз келісімнің біздің елімізге қатынасты іс-әрекеттері бүгіннен, 1959 жылдың 24 наурызынан бастап тоқтатылады деп есептейміз...

Хрестоматия по новейшей истории (1945—1965 гг.). Документы и материалы. М., 1961. Т. 3. С. 648-649.

БЕЙБІТ ҚАТАР ӘМІР СУРУДІҢ БЕС ПРИНЦИП

(*Панча Шила принциптері*)

1. Бір-бірінің аумақтық тұтастығы мен егемендігін өзара құрметтеу.

2. Басқыншылықтан екіжақты бас тарту.

3. Бір-бірінің ішкі істеріне өзара араласпау.
4. Тендік және екіжақты тиімділік.
5. Бейбіт қатар өмір сұру.

*Кауль Т.Н. Индия и Азия. М., 1989.
С. 182.*

Үндіктауда бейбітшілк орнату жөніндегі Женева кеңесінің қорытынды декларациясы

21 шілде, 1954 жыл.

Кеңес Камбоджада, Лаоста және Вьетнамда соғыс қымылдарына тыйым салатын және осы келісімдердің орындалуына халықаралық бақылау орнататын келісімдерді мақұллайды. (Осы кезде Вьетнам, Лаос және Камбоджа үлттық егемендігі халықаралық деңгейде танылған болатын.)

Хрестоматия по новейшей истории (1945—1965 гг.). Документы и материалы. М., 1961. Т. 3. С. 77-78.

АЗИЯ МЕН АФРИКА ЕЛДЕРІНІҢ БАНДУНГ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫң ҚОРЫТЫНДЫ МАЗМУНДАМАСЫ

18—24 сәуір, 1955 жыл.

С. Адам құқықтары және өзін-өзі басқару.

Конференция... БҮҮ Жарғысында белгіленген адам құқығының негізгі принциптерін толық қолдайтындығын мәлімдейді, “Адам құқықтарының декларациясын” барлық халықтар мен үлттар үшін жалпы үлгі деп есептейді.

...Халықтар мен үлттардың өзін-өзі басқару принципін толық қолдайтындығын жария етеді.

...Нәсілдік сегрегация мен кемсітушілік саясаты тәжірибесін айыптаиды.

D. Тәуелді халықтар мәселесі.

1. Конференция: а) отаршылдық өзінің барлық көріністерінде тез жоуды талап ететін жауыздық екендігін жария етуге келісті...

2. Конференция өзінің Алжир, Марокко және Тунис халықтарының құқықтарын қолдайтындығын мәлімдеді.

F. Конференция адамзат пен өркениетті үрей мен келешек құрып кетуден сақтау үшін қарусыздандыру,

ядролық және термоядролық қаруды өндіру, сынау және қолдануға тыйым салуды аса қажет деп есептейді...

V. Жаппай бейбітшілік пен ынтымақтастыққа көмектесу туралы декларация (Бандунг конференциясының принциптері):

1. Адамның негізгі құқықтарын, сонымен бірге БҮҮ жарғысының мақсаттары мен принциптерін құрметтеу.

2. Барлық елдердің егемендігі мен аумақтық тұастығын құрметтеу.

3. Барлық нәсілдердің, үлкен-кішілі барлық ұлттардың теңдігін мойындау.

4. Бір-біріне басып кіру және бір-бірінің ішкі істеріне араласудан қалыс қалу.

5. Әрбір елдің БҮҮ жарғысына сәйкес жеке және үжымдық қорғану құқығын сыйлау.

6. (А) Үжымдық қорғаныс туралы келісімдерді қандай да бір мемлекеттің жеке мүддесіне пайдаланудан қалыс қалу.

(В) Қандай да болын бір елдің басқа бір елдерге қысым қөрсетуінен қалыс қалу.

7. Кез келген елдің аумақтық тұастығына және саяси тәуелсіздігіне қарсы актілер мен басқыншылық және күш қолдану қаупінен қалыс қалу.

8. Барлық халықаралық дау-жанжалдарды бейбіт жолмен шешу.

9. Өзара мүдделесу мен ынтымақтастыққа жәрдемдесу.

10. Өділеттілік пен халықаралық міндеттемелерді құрметтеу.

Правда. 1955, 26 апреля.

АҚШ КОНГРЕСІНІҢ ҚАРАРЛАРЫНАН

(Эйзенхауэр доктринасы)

9 наурыз, 1957 жыл.

II бөлім.

Президентке Орта Шығыс аймағындағы қажет деп санаған бір елге немесе бірнеше елге әскери көмек көрсету жоспарын іске асыруға өкілеттілік беріледі. АҚШ Орта Шығыс елдерінің тәуелсіздігі мен тұастығын сақтау өзінің ұлттық мүдделері мен жалпыға бірдей бейбітшілік ісі үшін аса қажет деп есептейді.

Осы мақсатпен, егер президент қажет деп тапса, Құрама Штаттар халықаралық коммунизмнің бақылауындағы қандай да болсын бір елдің тарарапынан қарулы шабуылға үшінраған кез келген ел немесе бірнеше ел көмек сұраса, оларға көмек көрсету үшін қарулы құштерді қолдану АҚШ-тың келісімдер бойынша алған міндеттемелері мен АҚШ конституциясына сәйкес келген жағдайлардаған іске асырылады.

III бөлім.

Осы қарагмен президентке 1957 бюджеттік жылдының қалған мерзімі ішінде осы біріккен қарадың негізінде экономикалық және соғыс көмегін көрсетуге 200 млн-дай доллар көлемінде қаржы жүймсауға өкілеттік берілді.

Междуннародная жизнь. 1957. № 4.
С. 158-159.

ЕУРОПАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ҚҰРУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

17 наурыз, 1957 жыл.

1-бап. Осы келісіммен Жоғары Мәртебелі Келісуші Жақтар Еуропалық экономикалық ынтымақтастық құрады.

2-бап. Үнтымақтастық жалпы нарық және ынтымақтастыққа мүше мемлекеттердің экономикалық саясаттарын бірте-бірте жақындастыру, экономикалық қызметтерін жан-жақты дамыту, тұрақты және біркелкі даму, тұрмыс дәрежесін жеделдетіп арттыру, мемлекеттер арасында тығыз қарым-қатынас орнатуды мақсат етіп қойды.

3-бап. Жоғары бапта көрсетілген мақсаттарға жету үшін Үнтымақтастық осы келісімнің шарттарымен белгіленген мерзімдері ішінде мына төменгілерді іске асыруды қөздейді:

a) мүше мемлекеттер арасында кеден алым-салықтарын және тауарлардың санына шек қояды, тағы басқа да кедергілерді жою;

b) ынтымақтастыққа мүше емес басқа мемлекеттермен байланыста жалпы кеден тарифін орнатып, бірыңғай сауда саясатын жүргізу;

c) мүше мемлекеттер арасындағы адамдардың еркін жүріп-тұруына, қызметтер мен капиталдың еркін ауысуындағы кедергілерді жою;

d) ауыл шаруашылығы саласында бірыңғай саясат орнату;

- е) көлік саласында бірыңғай саясат белгілеу;
- ф) жалпы нарықтағы бәсеке әдettегідей болуын қамтамасыз ететін тәртіп орнату;
- г) мүшe елдердің заңдарын жалпы нарықтың қызметіне бейімдеп, мүмкіндігінше жақындастыру;
- х) еңбекшілерді жұмыспен қамтамасыз етуді жақсарту және олардың тұрмыс дәрежесін көтеруге мүмкіншіліктерді жақсарту мақсаты мен Еуропа өлеуметтік қорын құру.

Договоры, учреждающие европейские сообщества. М., 1994. С. 100—198.

ЕУРОПАЛЫҚ ЕРКІН САУДА ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

(Ұлыбритания, Норвегия, Дания, Швейцария, Австрия және Португалия үкіметтері 1959 жылы желтоқсан мен 1960 жылы қаңтар арасында қол қойған конвенциядан)

2-бап. Мақсаттары.

Қауымдастық мына төмендегі мақсаттарды қөздейді:

- а) қауымдастық пен әрбір мүшe мемлекеттердің аумағында экономикалық белсенділіктің тұрақты турде дамуын, толық жұмыспен қамтамасыз етілу, еңбек өнімділігін арттыру мен бар қорларды үнемді пайдалануды, қаржы тұрақтылығы мен тұрмыс жағдайын үнемі арттырып отыруға қолдау көрсету;
- б) мүшe мемлекеттер арасындағы сауда-саттық әдettегідей бәсеке жағдайында жүргізілуін қамтамасыз ету;
- в) мүшe мемлекеттер арасындағы қауымдастық қолемінде өндірілетін шикізаттармен жабдықтаудағы едөуір тенсіздікті жою;
- г) дүниежүзілік сауданың бірқалыпты дамып, кеңеуіне жәрдемдесу...

Хрестоматия по новейшей истории (1945—1965). Документы и материалы. М., 1961. Т. 3. Ч. 1. С. 114-115.

ЯДРОЛЫҚ ҚАРУДЫ ТАРАТПАУ ЖӨНІНДЕГІ КЕЛІСІМ

1-бап. Осы Келісімге қатысушы ядролық қаруға ие әрбір мемлекет ядролық қару немесе басқа да ядролық жарылыс қондырығыларын ешкімге бермеуге, сонымен бірге ядролық қару мен жарылыс қондырығыларға тікелей не жанама турде бақылау жасатпауға; кез келген ядро-

лық қаруға ие емес мемлекетті ядролық қару немесе басқа да ядролық жарылыс қондырығыларын шығаруға немесе басқа жолдармен оларды иемденуге, сонымен бірге мұндай қарулар мен жарылыс қондырығыларына бақылау орнатуға көмектеспей; қолдау көрсетіп, итермелемеулері керек.

2-бап. Осы Келісімге қатысушы ядролық қаруы жоқ әрбір мемлекет ешкімнен ядролық қару немесе ядролық жарылыс қондырығыларын қабылдамауға міндеттенеді...

6-бап. ...Осы Келісімнің әрбір қатысушысы ерікті түрде таяу арада ядролық қаруларды тоқтату және пәрменді халықаралық бақылаумен жашпай және толық қарусыздандыру жөнінде келіссөздер жүргізуге міндеттенді. Мәскеу қаласында, Вашингтон мен Лондонда маусым айының бірі күні бір мың тоғыз жұз алпыс сегізінші жылы үш дана болып жасалды.

Тимербаев В.М. Россия и ядерное непропагандирование. М., 1999. С. 354—359.

**КЕҢЕСТИК СОЦИАЛИСТИК РЕСПУБЛИКАЛАР ОДАҒЫ МЕН
АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ
ЗЫМЫРАНГА ҚАРСЫ ҚОРҒАНУ ЖҮЙЕЛЕРІН ШЕКТЕУ
ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ**

26 мамыр, 1972 жыл.

1-бап. 1. Екі Жақтың әрқайсысы зымыранға қарсы қорғаныс жүйелерін тежеуге және осы Келісімнің шарттарына сәйкес басқа да іс-шаралар қолдануға міндеттенеді.

2. Екі Жақтың әрқайсысы өз елінің аумағында зымыранға қарсы қорғаныс жүйелерін өрістетуге және ондай қорғаныстың негізін салмауға міндеттенеді...

5-бап. 1. Екі Жақтың әрқайсысы тенізде, ауда, гарышта және жер үстінде немесе олардың бөлшектерін өрістетуге, құрмаяуға және сынамауға міндеттенеді...

9-бап. Осы Келісімнің өміршендігі мен тиімділігін орнату мақсатымен осы келісіммен шектелген зымыранға қарсы қорғаныс жүйелері мен олардың бөлшектерін басқа мемлекеттерге бермеуге және өз ұлттық аумағынан тыс жерлерге орналастырмауға міндеттенеді...

15-бап. 1. Бұл келісім шексіз мерзімге жасалынды.

2. Екі Жақтың әрқайсысы өзінің мемлекеттік егемендігін іске асыру мақсатында осы келісімнен шығуға құқылы...

Во имя мира на земле. Кн. I. M., 1977.
С. 156—160.

БІРЫҢГАЙ ЕУРОПАЛЫҚ АКТ

ШІ бөлім. СЫРТҚЫ САЯСАТ САЛАСЫНДАҒЫ ЕУРОПАЛЫҚ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Люксембург, 17 ақпан, 1986 жыл.
Гаага, 28 ақпан, 1986 жыл.

Сыртқы саясат саласындағы европалық ынтымақтастық мына төмендегідей ережелермен реттестіріледі:

1. Келісуши Жоғары Жақтар Еуропалық бірлестіктердің мүшелері бола отырып, Еуропа сыртқы саясатын бірігіп белгілеуге және іске асыруға ұмтылады.

2. а) Келісуши Жоғары Жақтар олардың біріккен ықпалы нағыз тиімді жолдармен реттестірілу, олардың пікірлерін жақындастыру және біріккен қымылдарды іске асыру мақсатымен ортақ мұдделерге қатысы бар кез келген сыртқы саясат мәселесі бойынша бір-бірін хабарландырып және ақылдастып отыруға міндеттенеді...

д) Келісуши Жоғары Жақтар халықаралық қатынастарда немесе халықаралық үйімдардың шенберінде біртұтас күш ретіндегі тиімді әрекеттеріне зиянын тигізетін кез келген әрекеттерден немесе шешімдерден аулақ болуға ұмтылады.

4. Келісуши Жоғары Жақтар европалық саяси ынтымақтастық шенберінде Еуропа парламентімен өзара тығыз байланысты қамтамасыз етеді. Ол үшін Еуропа кеңесінде тәрағалық етуші мүше мемлекет саяси ынтымақтастық шенберінде қаралған сыртқы саясат мәселелері туралы Еуропа парламентін тұрақты хабардар етіп отыруы және Еуропа парламентінің пікірі лайықты түрде ескертілуін қамтамасыз етуі қажет...

6. а) Келісуши Жоғары Жақтар европалық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі бұрынғыдан да горі тығыз ынтымақтастық сыртқы саясат саласындағы европалық ұқсастықты қалыптастыруға елеулі үлес қосуға мүмкіншілігі бар деп есептейді. Олар өздерінің қауіпсіздігінің саяси және экономикалық қырлары бойынша пікірлерін тығызырақ үйлестіруге келісті...

Документы Европейского Союза.
М., 1994. Т. 2. С. 7—38.

ВАРШАВА ШАРТЫНА ҚАТЫСУШЫ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ӘСКЕРИ-СОҒЫС ДОКТРИНАСЫ ТУРАЛЫ

29 мамыр, 1987 жыл.

Казіргі жағдайда мемлекеттер мен әскери-соғыс одақтардың олардың әскери-соғыс саласындағы көздеген мақсаттары мен ниеттерін дұрыс түсінудің маңызы арта түсude...

1. Варшава Шартына қатысушы әр елдің әскери-соғыс доктринасы ядролық және жай соғыстарды болдырмау мақсатына бағытталған. Социалистік қоғамдық құрылыштың сипатына байланысты бұл мемлекеттер болашақта халықаралық мәселелерді тек соғысу жолымен емес, оны бейбіт жолмен шешуді қалайды. Олардың ниеті барлық халықаралық даулы мәселелерді бейбіт жолмен, саяси әдістермен шешу...

Варшава Шартына қатысушы елдердің әскери-соғыс доктринасы қatal турде тек қорғанысқа бағытталған және қазіргі жағдайда қандай да болсын даулы мәселелерді соғыс жолымен шешуге болмайды деген қағидага негізделген...

Варшава Шартына қатысушы мемлекеттер Еуропадағы не Еуропадан тыс жердегі ешбір мемлекетке аумақтық талап қоймайды. Сөйтіп, олар қорғануға, болуы мүмкін бас-қыншылықты тойтаруға қажетті шекті қатаң сақтайды.

II. ...*Біріншіден*, ядролық қару-жарактарды жасау, өндіру және жетілдіруді тоқтату жолындағы бірінші кезектегі шара ретінде ядролық сынақтарға толық және жаппай тыйым салу, оларды кезекпен қысқарту және толық жою, жаппай қаруланудың гарышка таралуына жол бермеу.

Екіншіден, химиялық және жаппай қырып-жою құралдарының басқа да турлеріне тыйым салу және мұлдем жою.

Үшіншіден, Еуропада қарулы күштер мен қарапайым қару-жарактарды қысқарту.

Төртіншіден, қарусыздандырудың барлық шараларына үлттық техникалық жабдықтар мен халықаралық шараларды біріктіру негізінде қатаң бакылау орнату...

Бесіншіден, Еуропаның барлық белгітерінде және дүниежүзінің басқа да аудандарында ядролық, химиялық қару-жарактардан таза және қару-жарактар аз мөлшерде жинақталған, жоғары сенім аймақтарын құру, Еуропада екі жаққа ортақ негізде әскери сенім шараларын іске асыру.

Совещание Политического консультативного комитета государств-участников Варшавского Договора. Берлин, 28-29 мая 1987 г.
Документы и материалы. М., 1987. С. 7-12.

ГЕРМАНИЯҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТУПКІЛІКТІ РЕТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ КЕЛІСІМ

Мәскеу, 12 қыркүйек, 1990 жыл.

Германия Демократиялық Республикасы, Германия Федеративтік Республикасы, Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдығы, Америка Құрама Штаттары, Қеңестік Социалистік Республикалар Одағы және Француз Республикасы 1990 жылдың 13 актапанында Оттавада қабылданған мәлімдемеге сәйкес 1990 жылдың 5 мамырында Боннда, 1990 жылдың 22 маусымында Берлинде, 1990 жылдың 17 шілдесінде Польша Республикасының Сыртқы істер министрінің қатысуымен Парижде, 1990 жылдың 12 қыркүйегінде Мәскеуде кездесулер өткізген сыртқы істер министрлерінің өкілдік етулерімен мына төмендегілерге келісті:

1-бап. 1. Біріккен Германия Демократиялық Республикасының, Германия Федеративтік Республикасының және бүкіл Берлиннің аумақтарын қамтиды. Біріккен Германияның шекаралары түпкілікті сипатты екендігін растау Еуропадағы бейбіт тәртіптің маңызды құрамы болып табылады.

3. Біріккен Германияның басқа мемлекеттерге ешқандай аумақтық талаптары жоқ және болашақта да ондай талаптар қоймайды...

2-бап. Германия Демократиялық Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасының үкіметтері бұдан bylай неміс жерінен тек бейбітшілік тараиды деген мәлімдемелерін растайды...

3-бап. 1. Германия Демократиялық Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасының үкіметтері өздерінің ядролық, биологиялық және химиялық қаруаларды шығару, иелену және пайдаланудан бас тартатындықтарын растайды. Олар Біріккен Германия да осы міндеттемелерді ұстанады деп мәлімдейді...

4-бап. 1. Қеңестік Социалистік Республикалар Одағы, Германия Демократиялық Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасының үкіметтері КСРО мен Біріккен Германия кеңес әскерлерінің қазіргі Германия демократиялық Республикасы мен Берлиннің аумағында орналасуының шарттары мен мерзімдерін, сонымен бірге Германия Демократиялық Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасының осы келісімнің 3-бабының

2-тармағында көрсетілген міндеттемелердің іске асырылуына байланысты 1994 жылдың сонында аяқталатын кенес әскерлерін әкетуді іске асыру мәселелері тиісті келісім бойынша реттеледі деп мәлімдейді...

7-бап. 1. Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігы, Америка Құрама Штаттары, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы және Француз Республикасы өздерінің Берлин мен жалпы Германия жөніндегі құқықтары мен жауапкершіліктерінің іс-әрекеттерін осымен доғарады...

2. Осыған байланысты Біріккен Германия өзінің ішкі және сыртқы істерінде толық егемендік алады...

Документы по немецкому единству и германо-советскому договору. М., 1990.

ФЕДЕРАЛДЫҚ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРИНІҢ МӘСКЕУДЕГІ МӘЛІМДЕМЕСІ

Федералдық сыртқы істер министрі Ганс-Дитрих Геншер сыртқы істер министрлерінің “2+4” формуласы бойынша 1990 жылдың 12 қыркүйегінде өткен қорытынды мәжілісінде мынадай мәлімдеме жасады:

“...3 қазаннан бастап біз, немістер, 57 жылдан кейін біртұтас демократиялық мемлекетте өмір сүретін боламыз. 1933 жылдың 30 қантарында Германияда фашизм тунегі орнады. Алғашқыда біз өз бостандығымыздан айырылдық, артынан бейбітшілікті, ақырында мемлекеттік бірлігімізді жоғалттық. Гитлер тұтатқан соғыс өрті бүкіл Еуропаны шарпышы. 1985 жылдың 8 мамырында сөйлеген сөзінде Федералдық президент Рихард фон Вайцзеккер біздің жауапкершілігімізді мойындағы. Осы сағатта біз соғыс пен зорлық-зомбылық құрбандарының барлығын еске аламыз. Біз өсіреле еврей халқын да еске алу борышын өтейміз. Біз мұндай жағдай ешқашан да қайталанбайтындығын тілейміз.

1990 жылы 5 мамырда біз Боннда өзара келіссөзімізді бастағанда екі герман мемлекетінің демократиялық жолмен сайлаған парламенттері мен үкіметтері біздің мемлекеттік бірігуіміздің дайындығына енді ғана кіріскең еді. ГДР-дегі бейбіт бостандық революциясынан кейінгі 12 айға жетпейтін уақыттың ішінде бейбітшілік пен бостандық жағдайында Германияның бірігуі іске асады, Еуропа қайтадан өз бірлігіне жетеді.

...Сонымен Біріккен Германия өзінің ішкі және сыртқы істерінде толық егемендік алады...

Біріккен Германия Еуропадағы бейбіт құрылымның маңызды тірегі болып саналатын Атлантикалық Одақтың мүшесі болып қала береді”.

Документы по немецкому единству и германо-советскому договору. М., 1990.

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

Маастрихт, 17 акпан, 1992 жыл.

1-бөлім. Жалпы ережелер.

А бабы. Осы келісімге байланысты Жоғары Келісуші Жақтар бұдан былай “Одак” деп аталатын Еуропалық Одак құрады.

Келісім қабылдаған шешімдері азаматтардың қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыруға бағытталған Еуропа халықтарының бұрын болып көрмеген тығызың одағын құру үрдісіндегі жаңа кезең болып табылады.

Одак осы Келісімге байланысты саясат саласы және ынтымақтастық түрлерімен толықтырылып, еуропалық бірлестік негізінде құрылып отыр. Оның мақсаты топтасу және ынтымақтастық сипаттағы жолдармен мүше мемлекеттер мен олардың халықтары арасындағы қарым-қатынастарды үйімдастыру болып табылады.

Документы Европейского союза. М., 1994.
Т. 2. С. 49—53.

1945 жылдан кейін тәуелсіздік алған Азия және Африка елдері

Алжир	5.VII.1962 ж.
Ангола	11.XI.1975 ж.
Бангладеш	26.III. 1971 ж.
Бахрейн	14.VIII. 1971 ж.
Бенин	1.VIII.1960 ж.
Ботсвана	30.IX.1960 ж.
Бруней	1. I. 1984 ж.
Буркина-Фасо	5.VIII.1960 ж.
Бурунди	1.VII.1962 ж.
Бутан	1974 ж.
Вьетнам	2.IX.1945 ж.
Габон	17.VIII.1960 ж.
Гамбия	18.II.1965 ж.
Гана	6.III.1957 ж.

Жалгасы

Гвинея	2.X.1958 ж.
Гвинея-Бисау	24.IX.1973 ж.
Джибути	27.VI.1977 ж.
Замбия	24.X.1964 ж.
Батыс Самоа	1.VI.1962 ж.
Зимбабве	18.IV.1980 ж.
Израиль	14.V.1948 ж.
Унгістан	15.VIII.1947 ж.
Индонезия	17.VIII.1945 ж.
Иордания	25.V.1946 ж.
Йемен	22.V.1990 ж. (Азаттық күні). (Солтүстік Йемен 1918 ж. төуелсіздігін алды, ал Оңтүстік Йемен төуелсіздікке 1967 жылы 30 қарашада қол жеткізді.)
Кабо-Верде	5.VII.1975 ж.
Камбоджа	9.XI.1953 ж.
Камерун	1.I.1960 ж.
Катар	1.IX.1971 ж.
Кения	12.XII.1963 ж.
Комор аралдары	6.VII.1975 ж.
Конго (Заир)	30.VI.1960 ж.
Конго	15.VII.1960 ж.
Корея:	
КХДР	15.VIII.1948 ж.
Корея Республикасы	9.IX.1948 ж.
Кот-д' Ивуар	7.VIII.1960 ж.
Кувейт	19.VII.1961 ж.
Лаос	X.1953 ж.
Лесото	4.X.1966 ж.
Ливан	22.XI.1943 ж.
Либия	24.XII.1951 ж.
Маврикий	12.III.1968 ж.
Мавритания	28.XI.1960 ж.
Мадагаскар	26.VI.1960 ж.
Малави	6.VII.1964 ж.
Малайзия	31.VIII.1957 ж.
Мали	22.II.1960 ж.
Мальдивы	26.VII.1965 ж.
Марокко	III. 1956 ж.
Мозамбик	25.VI.1975 ж.
Мьянма	4.I.1948 ж.
Намибия	21.III.1990 ж.
Науру	31.I.1968 ж.
Нигер	3.VIII.1960 ж.
Нигерия	1.X.1960 ж.

Біріккен Араб әмірліктері	2.XII.1971 ж.
Оман	1970 ж.
Пакистан	14.VIII.1947 ж.
Палау	1.X.1994 ж.
Папуа Жаңа Гвинея	16.IX.1975 ж.
Руанда	1.VII.1962 ж.
Сан-Томе және Принсипи	12.VII.1975 ж.
Свазиленд	6.IX.1968 ж.
Сейшель аралдары	26.VI.1976 ж.
Сенегал	20.VIII.1960 ж.
Сингапур	22.XII.1965 ж.
Сирия	27.IX.1941 ж. (Ел төуелсіздігінің нақты уақыты 17.IV.1946 ж., француз әскері ел аумағынан шығарылғаннан кейін алынды деп есептеледі.)
Соломон аралдары	7.VII.1978 ж.
Сомали	1.VII.1960 ж.
Судан	1.I.1950 ж.
Съєрра-Леоне	27.IV.1961 ж.
Танзания	26.IV.1964 ж.
Того	27.IV.1960 ж.
Тонга	4.VI.1970 ж.
Тувалу	1.X.1978 ж.
Тунис	20.III.1956 ж.
Уганда	9.X.1962 ж.
Фиджи	10.X.1970 ж.
Филиппин	4.VII.1946 ж.
Орталық Африка Республикасы	13.VIII.1960 ж.
Чад	11.VIII.1960 ж.
Шри-Ланка	4.II.1948 ж.
Экваторлық Гвинея	12.X.1968 ж.
Эритрея	24.V.1991 ж.

КСРО-ның орнына пайда болған мемлекеттер

Әзіrbайжан	18 қазан, 1991 ж.
Армения	25 қыркүйек, 1991 ж.
Беларусь	шілде, 1990 ж.
Грузия	9 сәуір, 1991 ж.
Қазақстан	16 желтоқсан, 1991 ж.

Қыргызстан	31 тамыз, 1991 ж.
Латвия	3 наурыз, 1991 ж.
Литва	мамыр, 1991 ж.
Молдова	тамыз, 1991 ж.
Ресей Федерациясы	12 маусым, 1991 ж.
Тәжікстан	9 күркүйек, 1991 ж.
Түркіменстан	27 қазан, 1991 ж.
Өзбекстан	1 қыркүйек, 1991 ж.
Украина	24 тамыз, 1991 ж.
Эстония	6 қыркүйек, 1991 ж.

Еуропадағы жаңа мемлекеттер

Босния және Герцеговина	сөүір, 1992 ж.
Словения	8 қазан, 1991 ж.
Хорватия	25 маусым, 1991 ж.
Македония	7 қараша, 1991 ж.

**БЕЙТАРАП елдер козгалысының негізін
салушы мемлекеттер**

Бейтарап елдердің мемлекет және үкімет басшылашының 1961 жылдың 1—6 қыркүйегі аралығында Белградта өткен бірінші конференциясына мына мемлекеттердің өкілдері қатысты:

1. Алжир	14. Ливан
2. Ауғанстан	15. Мали
3. Мьянма (Бирма)	16. Марокко
4. Гана	17. Непал
5. Гвинея	18. ЕАР
6. Үндістан	19. Сауд Арабиясы
7. Индонезия	20. Сомали
8. Ирак	21. Судан
9. Йемен	22. Тунис
10. Камбоджа	23. Шри-Ланка (Цейлон)
11. Кипр	24. Эфиопия
12. Конго (Киншаса)	25. ЮСФР
13. Куба	

**Экономикалық ынтымақтастық және даму үйымына қатысушы
елдердегі жалпы ішкі өнімінің жан басына шаққандағы
орташа деңгейі**

Елдер	Алатын орны	Доллар есебімен
1993 ж.	1994 ж.	
Жапония	1	37 618
Швейцария	2	36 782
Люксембург	3	35 281
Норвегия	4	28 432
Дания	5	28 180
АҚШ	6	25 512
Германия	7	25 129
Австрия	8	24 669
Исландия	9	23 199
Франция	10	22 944
Бельгия	11	22 515
Швеция	12	22 389
Нидерланды	13	21 733
Финляндия	14	19 104
Канада	15	18 593
Австралия	16	18 585
Италия	17	17 796
Ұлыбритания	18	17 479
Ирландия	19	14 542
Жаңа Зеландия	20	14 509
Испания	21	12 321
Греция	22	9 167
Португалия	23	8 792
Түркия	24	1 197

The Japan of Today. Tokyo, 1996. P. 42.

**1999 жылы өндірілген дүниежүзілік жалпы ішкі өнімінің кейір
елдердің үлесі (% есебімен)**

АҚШ	—	25%
Жапония	—	15%
Қытай	—	3%
Ресей	—	1,6%

Азия и Африка. 1998. №8.

**Жекелеген елдердегі жалпы ішкі өнімінің
жан басына шақындағы көлемі
(доллар есебімен)**

Елдер	1997 ж.
Тунис	4 980
Алжир	4 580
Марокко	3 120
Сирия	2 990
Египет	2 940
Йемен	510 (1992 ж.)
Бразилия	3 140
Италия	19 400
Канада	25 668 (1994 ж.)
Қытай	560 (1995 ж.)
Тайвань	9 500
Корея Республикасы	4 830 (1989 ж.)
	10 000 (1995 ж.)
Малайзия	4 027
Сингапур	18 000-нан аса
Тайланд	4 400
Түркия	2 202
Франция	19 500 (1995 ж.)
Жапония	26 000-нан аса
АҚШ	20 000-нан аса

Мировая экономика и международные отношения. 2000. №3. Страны мира. М., 1997.

АҚШ-тың жалпы ішкі өнімінің көлемі Ресейден 20 есе, Жапония, Қытай, ГФР, Франция және Ұлыбританияны қоса есептегеннен әлдеқайда көп.

США и Канада. 2000. №3. С. 6—17.

Жалпы ішкі өнімінің көлемі

Елдер	Млрд доллар есебімен	Доллар есебімен
АҚШ	7 247	27 550
Жапония	5 153	41 160
ҚХР	2 759	2 303
Германия	2 172	26 190
Франция	1 621	26 290
Ұлыбритания	1 110	19 000
Италия	1 082	18 850
Ресей	664	4 478

США. 1999. № 5. С. 3—17.

Жер шарының ең бай 1/5 және ең кедей 1/5 бөліктерінің тұрмыс деңгейінің арақатынасы

1913 жылы	11:1	
1960 жылы	30:1	
1990 жылы	60:1	
1997 жылы	74:1	
Экспорт		86% және 1%
Импорт		82% және 1%
Тікелей қаржыландыруы		68% және 1%

Международная жизнь. 2000. №5;
Азия и Африка сегодня. 2000. №1.

1945—1998 жылдар арасындағы дүниежүзіндегі ядролық сынаптар

АҚШ КСРО (Ресей)	1029 715, оның 500-ден астамы Қазақстан жерінде
Франция	191
Ұлыбритания	45
Қытай	43
Үндістан	6
Пәкстан	6
Израиль — ОАР	1

Ресей Федерациясы өзіне және (немесе) өзінің одактастарына қарсы ядролық және жаппай қырыш-жою қару-жарактарының басқа түрлерін қолдануға, сонымен бірге Ресей Федерациясының ұлттық қауіпсіздігі үшін қатерлі жағдайларда әдеттегі қару-жарактарды қолданып жасалынған кең көлемді басқыншылыққа жауап ретінде ядролық қару қолдану құқығын өзіне қалдырды.

Из новой оборонной концепции РФ,
утвержденный в январе 2000 г.

Елдер туралы негізгі мәншеттер

Елдер	Жағалы ішкі өнім		2007 жылы		2007 жылы		Дөктери шыбындар, млрд	
	2007 жыл	экспорт	импорт	импорт	2004 ж.	2008 ж.	2010 ж.	2011 ж.
АҚШ	13,84 трлн долл	1, 149 трлн долл	1,985 трлн долл	455,3	607	666,7	675	
Кіттай	6,991 трлн долл	1,217 трлн долл	0,901	35,1	84,9	119	91	
Япония	4,29 трлн долл	676,9 трлн долл	572,4	42,4	46,3	54,5	50	
Германия	2,81 трлн долл	1,334 трлн долл	1,089	33,9	46,8	452	60	
Ұлыбритания	2,137 трлн долл	441,4 млрд долл	616,8	47,4	65,3	59,6	71	
Франция	2,047 трлн долл	548 млрд долл	600,1	46,2	65,7	59,3	44	
Үндістан	2,989 трлн долл	150,8 млрд долл	230,2	15,1	30,8	41,3	37	
Италия	1,786 трлн долл	501,4 млрд долл	498,6	—	40,6	37,0	—	
Канада	1,266 трлн долл	433,1 млрд долл	386,9	—	19,3	22,8	—	
Сауд Арабиясы	564,6 млрд долл	230 млрд долл	81,17	—	38,2	45,2	—	
Испания	1,352 трлн долл	252,4 млрд долл	374,6	—	19,2	—	—	
Австралия	0,761 трлн долл	141,7 млрд долл	159,4	—	18,4	24,0	—	
Оңтүстік Корея	1,201 трлн долл	371,5 млрд долл	356,8	—	24,2	27,6	—	
Бразилия	1,836 трлн долл	160,6 млрд долл	120,6	—	23,3	33,5	—	
Оңтүстік Африка	467,1 млрд долл	76,27 млрд долл	82,12	15,5	—	—	—	
Ресей	3,299 трлн долл	355,5 млрд долл	223,4	—	58,6	58,7	—	
Казахстан	167,6 млрд долл	48,3 млрд долл	33,2	—	—	—	—	

**Дүниежүзі елдеріндегі ядролық қарудың саны
(дана есебімен)**

Елдер	1990 жылдардың басына	XX ғасырдың соңына
АҚШ	19 140	10 000 шамасында
КСРО/Ресей	25 400	10 000 шамасында
Ұлыбритания	300	
Франция	610	
Қытай	370	434
Үндістан	—	80 шамасында
Пәкстан	—	15—20 шамасында
Израиль	50—100 шамасы	100—200 шамасында

**1970 жылдардағы қару-жарақ сатып алу
(млрд доллар)**

Сауд Арабиясы	35
Иран	14
Израиль	11
Оңтүстік Корея	5
Египет	3
Тайвань	3
Жапония	3

Народы Азии и Африки. 1983. № 4.
С. 5—6. Международная жизнь. 2000.
№2. С. 33.

АМЕРИКА САЯСАТКЕРІНІҢ ЕУРАЗИЯГА КӨЗҚАРАСЫ

Америка үшін ең басты геосаяси олжа — ол Еуразия. Мыңжылдықтың жартысында дүниежүзілік мәселелерге аймақтық үстемдік үшін бір-бірімен курескен және өлемдік билікке үмтүлған еуразиялық мемлекеттер мен халықтардың ықпалы басым болды.

Қазіргі таңда Еуразияда жетекшілік рөл еуразиялық емес мемлекеттің үлесіне тиіп отыр (АҚШ деп ұғыныз — *K. K.*).

Еуразия Жер шарындағы ең үлкен құрлық және геосаяси жағынан алып қараганда ерекше орын алады. Еуразия бақылау орнату — ол өзінен-өзі-ақ Африканы бағындыру, сойтіп батыс жартышар мен Океанияны орталық континенттің геосаяси шет аймағына айналдыру деген сөз. Дүниежүзі халқының 75%-ға таяуы Еуразияда тұрады. Ал дүниежүзіндегі физикалық байлықтың басым

көпшілігі оның кәсіпорындары мен жер қатпарларында шоғырланған.

Дүниежүзілік жалпы ішкі өнімнің 60%-та жуығы және дүниежүзінің белгілі энергетика корларының 3/4-і Еуразияның үлесіне тиеді.

Америка басымдылығына қарсы бағытталған барлық саяси және экономикалық қыр көрсетулер Еуразиядан шығады. Жалпы алғанда, Еуразия құдіретті Америкадан басым. Американың бақытына қарай, саяси тұрғыдан біртұтас болуға Еуразия шектен тым үлкен.

Сонымен, Еуразия әлемдік билік орнату үшін қурес жүріп жатқан шахмат тақтасына үқсайды.

36. Бжезинский. Великая шахматная доска. М., 1998. С. 43—47.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ОРТАЛЫҒЫНЫҢ КЕҢЕСІНСІ ЗБИГНЕВ БЖЕЗИНСКИЙ:

“Менің екі басты тезисім бар. Біріншіден, Ресейде саяси элита мен бүкіл қоғамның арасы орасан зор алшақ. Қоғамда болған өзгерістер, сайып келгенде, Ресейдің еуропалық демократиялық мемлекет жолымен дамитынын көрсетеді. Міне, соңдықтан да біз, американдықтар, осы азаматтық қоғамға, үкіметтік емес үйымдарға көмектесуіміз керек, Ресейдегі плюрализмге қолдау көрсетуіміз қажет, бірақ ешбір жағдайда да басқарушы топты көтермелемеуіміз керек. Екіншіден, Ресейдің 300 млн мұсылмандар қоршап тұр. Ресейдің Шешенстан жөніндегі жүргізіп отырған саясаты олардың күннен-күнге ашу-ызызын қоздыруда. Сонымен бірге оның шығыс шектерінде 1,5 млрд халқы бар, экономикасы Ресейдікінен 4 есе асып түсетін алып Қытай жатыр. Егер Ресей мемлекет есебінде өмір сүріп қала беруді қалайтын болса, онда ол өзінің бүкіл кеңістігін — Калининградтан Владивостокқа дейін еуропалық етуі керек. Ал егер ол Еуропамен тығыз байланыс орнаткысы келмese, 2050 жылы Владивостоктың орыс қаласы болып қалу-қалмауы екіталай нөрсе. Бірақ Ресей өзінің бұрынғы империялық өркөкіректігінен арылғандағанда еуропалық ел бола алады. Біз бұған тек Кеңес дәуірінен кейінгі кеңістікегі тәуелсіз елдерге жан-жақты көмек көрсеткен жағдайдағанда бөгет жасай аламыз”.

Известия, 2000, 21 сентября.

ӨРКЕНИЕТТЕРДІҢ ҚАҚТЫҒЫСЫ МА?

Дүниежүзілік саясат жаңа кезенге енуде... Мен дүниеде туындал жатқан қақтығыстардың негізгі көзі идеология да, экономикада да болмайтыны жөнінде үйфарым жасаймын. Адамзатты бір-бірінен бөлеңтін аса маңызды шекаралар, қақтығыстардың қайнар көздерінін қөшпілігі мәдениетпен анықталатын болады. Үлт-мемлекет халықаралық істердегі өрекет етуші басты тұлға болып қалады, бірақ та жаһандық саясаттағы неғұрлым мәнді жанжалдар әртүрлі өркениеттерге қатысты үлттар мен топтардың арасында өрбитін болады. Өркениеттердің қақтығысы дүниежүзілік саясаттағы басым факторға айналады. Өркениеттер арасындағы жарықшақ сыйықтары дегеніміз — болашақ майдандардың сыйықтары.

“Қыргиқабақ соғыстың” аяқталуымен халықаралық саясат дамуының батыстық кезені де аяқталып келеді. Басты назарға Батыс пен Батыстық емес өркениеттер арасындағы өзара өрекеттесу үсінілуда.

Өркениет адамдардың үлкен бұкарасын, мысалы, Қытайды қамтуы мүмкін, ол туралы бірде Л. Пай былай деген еді: “Бұл — өзін ел ретінде көрсететін өркениет”. Бірақ ол — Кариб алабы аралдарындағы ағылшын тілді түрғындардың өркениеті сияқты өте аз санды болуы да мүмкін. Өркениет өзіне батыс, латынамерикандық немесе араб өркениеттері жағдайындағы сияқты бірнеше үлт-мемлекеттерді немесе Жапония жағдайындағы сияқты бірден-бір үлт-мемлекетті қамти алады. Батыс өркениеті негізгі екі: еуропалық және солтүстікамерикандық нұсқада өмір сүрсе, ал ислам өркениеті араб, түрік және малай өркениетіне болінеді. Бұлардың бәріне қарамастан өркениеттер белгілі бір біртұтастықтарды да білдіреді. Олардың арасындағы шекаралардың айқындығы сирек болады, бірақ олар өмірден орын алған. Өркениеттерге серпінділік тән: оларда өрлеу мен құлдырау болады, олар ыдырайды және бірігіп кетеді. Және де бір анық нәрсе — өркениеттер жоғалып кетеді, оларды уақыт құлы өз қойнауына тартады.

Самюэль Хантингтон

Гарвард университеті жаңындағы Страгетиялық зеттеулер институтының директоры С. Хантингтонның “The Clash of Civilizations?” (1993 ж.) атты мақаласы саясеннанда неғұрлым кең колданылатын мақаланың бірі.

“Полис” журналынан (<http://www.politstudies.ru>). 1994. № 1, 33—48-беттер.

МҰНАЙ МОНОПОЛИЯЛАРЫ

“Апалы-сінлілі жетеу”.

“Стандарт ойлды” Рокфеллер құрды, одан “Уш қарын-дас” өрбіді:

1. “Экссон”.
2. “Мобил ойл”.
3. “Стандарт ойл офф Калифорния”.
4. “Галф ойл” — негізін қалаушы Меллон.
5. “Тексако” капиталы Моргандар мен Рокфеллердікі.
6. “Ройял датч—Шелл”—ағылшын-голланд компаниясы.
7. “Бритиш Петролеум” — ағылшын компаниясы.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТАР

АТЭС* — Азия-тынықмұхиттық экономикалық ынтымактастық. 1983 жылы үйымдастан, құрамында 21 мемлекет бар. Олардың ішкі жалпы өнімінің жиынтығы 16 трлн долларға тең, оның 13 трлн доллары АҚШ, Жапония және Қытайдың үлесіне тиеді.

ОИК — Ислам конференциясы үйымы. 1971 жылы құрылған. Құрамында барлық мұсылман мемлекеттері бар.

СААРК — Оңтүстік Азия елдерінің аймақтық ынтымактастық қауымдастырылған. 1985 жылы құрылған. Құрамында Үндістан, Пәкстан, Бангладеш, Непал, Шри-Ланка, Мальдив, Бутан бар.

ССАГПЗ — Парсы шығанағы араб мемлекеттерінің ынтымактастық кеңесі, 1981 жылы үйимдастырылған, құрамында Сауд Арабиясы, Кувейт, Біріккен Араб әмбіліктері, Оман, Катар, Бахрейн бар.

АСЕАН — Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің қауымдастырылған. 1967 жылы құрылған, құрамында Индонезия, Филиппин, Малайзия, Таиланд, Сингапур, Бруней, Вьетнам, Лаос, Камбоджа, Мьянма бар.

ОАЕ — Африка бірлігі үйымы. 1963 жылы құрылған, құрамына құрлықтың 52 мемлекеті енген. 2001 жылдың басында олар Африка Одағын құруға келісті.

* *Аббревиатура* — Бас өріптермен орыс тілінде беріліп отыр — (ред).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Мемлекеттік шекарасының ұзындығы —	14 594 км
Құрлықтағы шекарасы —	13 994 км
Қытаймен шекарасының ұзындығы —	1 460 км
Қыргызстанмен шекарасының ұзындығы —	980 км
Ресеймен шекарасының ұзындығы —	7 591 км
Түркменстанмен шекарасының ұзындығы —	380 км
Өзбекстанмен шекарасының ұзындығы —	2 300 км
Каспий теңізінің жағалауы —	600 км

СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫ

Соғыстан кейінгі жылдары салынған, жер көлемі 18 мың шаршы шақырым.

Алғашқы кеңестік атом бомбасының сыналуы — 29 тамыз 1949 жылы.

Алғашқы кеңестік сутек бомбасының сыналуы — 12 тамыз 1953 жылы.

Ядролық қарудың соңғы рет сыналуы — 19 қазан, 1989 жылы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жарлығымен 21 тамыз 1991 жылы жабылды.

Сынақтардың зардабынан Қазақстанның 0,5 млн тұрғыны қаза болды, 1,5 млн-ға жуық адам әртүрлі аурулардан азап шегуде.

“БАЙҚОНЫР” ҒАРЫШ АЙЛАҒЫ

1955 жылы салынды. 1957 жылдың қыркүйек айында құрлықаралық баллистикалық зымыран алғаш ұшырылды.

1957 жылдың қазанында тұңғыш Жердің жасанды серігі ұшырылды.

1961 жылдың сөуірінде Ю. Гагарин ғарышқа ұшты.

Жұмыс істеген 45 жыл ішінде ғарышқа 1150 зымыран, 1185 құрлықаралық баллистикалық зымырандар ұшырылды.

1994 жылғы келісім бойынша космодром Ресейге 20 жылға жалға берілді. Ол үшін Ресей Қазақстанға жылына 115 млн доллар ақы төлеп тұрады.

ҚАЗАҚСТАН МУШЕ БОЛЫП КІРГЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР

— 1992 жылдың қарашасынан қатарында Түркия, Пәкстан, Иран, Орта Азия мемлекеттері және Өзіrbайжан бар Аймақтық экономикалық ынтымақтастық ұйымына мүше.

— 1995 жылдың желтоқсанынан 1969 жылы құрылған Ислам конференциясы ұйымына мүше.

— 1996 жылдың мамырынан Қытай, Ресей, Қыргызстан, Тәжікстан мемлекеттерінің қатысуымен құрылған “Шанхай бестігінің” мүшесі (2001 жылдан Шанхай ынтымақтастық ұйымы деп аталып, оған мүшес болып Өзбекстан қосылды). Бұл ұйымның мақсаты Орталық Азия мен Қызыр Шығыста соғыс саласындағы сенімді нығайту болып табылады.

— Қазақстанның Еуропа Одағымен серіктестігі мен ынтымақтастығы туралы келісім 1995 жылдың 23 қаңтарында Брюссельде жасалды, 1999 жылдың жазынан бастап күшіне енді.

— 1992 жылдан Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының жұмысына қатыса бастады.

— Еуропадағы әдеттегі қару-жараптар жөніндегі келісімге және НАТО-ның “Бейбітшілік мақсатындағы әріп-тестік” бағдарламасына қатысада. 1997 жылдан жыл сайынғы өскери жаттығуларға қатысада.

— 1993 жылы Ташкентте Ресей, Қазақстан, Беларусь, Армения, Өзіrbайжан, Грузия, Қыргызстан, Тәжікстан, Өзбекстан басшылары қол қойған Ұжымдық қауіпсіздік шартын ұйымдастырушылардың бірі.

— 1999 жылдан аймақ елдерінің экономикалық және өскери бағыттарын үйлестіру үшін Орталық Азиялық Одағының мүшесі.

1992 жылдың қазанында БҮҮ БА сессиясында сөйлеген сезінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Азияда өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес откізу жөніндегі идеяны көтерді. Қазір оның конференцияларында Азияның 29 мемлекеті қатысып, құрлықтағы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық және өскери-саяси мәселелерді талқылауда.

— Қазақстан БҮҮ, ТМД және басқа да халықаралық ұйымдарға қатысада және қазіргі заманда жалпыға бірдей бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге белсенді араласуда.

— Ресей, Украина, Беларусь, Қазақстан 2003 жылы біркелкі экономикалық аумак құруға кірісіп, оны одан әрі дамытуда.

ТҮРКІ ТІЛДІ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

1993 жылдың сөүірінде Анкарада Әзіrbайжан, Қазақстан, Қыргызстан, Түркменстан, Түркия, Өзбекстан басшыларының бірінші кенесі өтті.

Онда негізгі мазмұны мына жоспарға келіп тірелетін біріккен декларация қабылданды:

— саясат саласында әр мемлекет бір-бірімен қарым-қатынастарын нығайтып, бірыңғай сыртқы саясат үйлестіреді және жүргізеді;

— экономика саласында олар өздерінің экономика мен сауданың әртүрлі салаларындағы табиғи байлықтарды игеруді қоса, ынтымақтастықтарын одан әрі дамытады;

— ол түркі тілді үйымдарды біріктіруге күш жұмысайды, олардың құқықтары мен мұдделерін қорғайды.

1998 жылдың 9 маусымында Астанада түркі тілді мемлекеттер басшыларының V кездесуі болып, онда экономика мен мәдениет саласында ынтымақтастықтың аса маңызды мәселелері қаралды. Сонымен бірге алты мемлекеттің басшылары 1998 жылдың мамыр айында Үндістан мен Пәкстан өткізген ядролық сынаптың зардалтары туралы мәселені талқылады және осы жағдайға байланысты өздерінің аландauшылықтарын білдірді.

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ

МӘДЕНИ ҚҰРЫЛЫС

Қазан төңкерісінің алғашқы күндерінен басталған мәдени құрылыш Азамат соғысының қызын жылдарында да тоқтатылмады. Еңбекшілерді саяси ағарту үшін сауатсыздыққа қарсы құрес өрістетілді, мектепте білім беру, мәдени-ағарту және ғылыми мекемелер жүйесі қальптаса түсті. Бұл жылдары әдебиет, өнер, ғылым салаларындағы алғашқы табыстарға қол жетті.

Азамат соғысы жылдарында саяси плакат өткір қаруға айналды. Өсіреке суретшілер В. И. Дени мен Л. С. Мордышың плакаттары зор табысқа бөленді. Айбынды насихат

жұмыстарына ерекше назар аударылды. Мәдени құрылымдар жұмыстары ақ гвардияшылар мен шетел басқыншыларын женеуге қызмет етті.

**БОАҚ (БҮКІЛОДАҚТЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТИНІҢ)
РЕСЕЙ ҚЕҢЕСТИК ФЕДЕРАТИВТІК СОЦИАЛИСТИК
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІРЕГЕЙ ЕҢБЕК МЕКТЕБІ ТУРАЛЫ
ДЕКРЕТИНЕН ҰЗИНДІ**

Мектептің қайта құрудың басты бағыты РКФСР-де бірегей еңбек мектебі туралы БОАҚ-тің 1918 жылғы 16 қазандығы декретімен бекітілген бірегей еңбек мектебі жөніндегі декларациясында белгіленген болатын. Жастаны 8-ден 13-ке дейінгі және 13-тен 17-ге дейінгі балалар ушін 2 сатыға бөлінген бірегей еңбек мектебі ашылады. Мектептерде оқу ақысыз, саяси-техникалық оқудың қажеттілігі жарияланады.

11-бап. Мектеп жұмысының негізгі бастаулары.

12-бап. Мектеп өмірінің негізі өндірістік еңбек болуы туіс. Ол бүкіл айналадағы өмірді білуге жол аштын оқыту, білім берумен айырылмastaй, тығыз байланыста болуы қажет.

Эпоха социализма (1917—1920 гг.) Выпуск I.
Сб.: документов по истории СССР. 1978. С. 232.

**ТҮРКІСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТИН АШУ ТУРАЛЫ
ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ ҚЕҢЕСІНІҢ ҚАУЛЫСЫ**

Кенес үкіметі ұлт республикасындағы жоғары оқу орындарын дамытуға ерекше көніл бөлді. 1920 жылы 7 қыркүйекте В. И. Ленин Ташкентте Түркістан мемлекеттік университеттің ашу туралы РКФСР Халық комиссарлары қенесінің декретіне қол қойды. Бұл Орта Азиядағы бірінші жоғары оқу орны еді. Университетті құру және оның жұмысын жолға қоюда Ташкентке Мәскеу мен Ленинградтан келген профессорлар мен оқытушылар үлкен көмек көрсетті.

Халық Комиссарларының Кенесі қаулы етті:

1. Ташкент қаласында Мемлекеттік университет ашылсын.

2. Түркістан Мемлекеттік университетті РКФСР Ағарту комиссариатының тікелей қарамағында болады.

3. Университетті ұстауға тиісті қаржылар сол комиссариаттың сметалары бойынша босатылады.

В.И.Ленин. О науке и высшем образовании. М., 1971. С. 339.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БИОЛОГИЯ МЕН ФЫЛЫМИ
МЕДИЦИНАНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

(*B. Могилевскийдің “Илья Ильич Мечников”
атты кітабынан*)

И. И. Мечников (1845—1916) өз еңбектерін аса маңызды организмдердің өмірі мен өлім мәселесіне арнады. Ол иммунитет теориясын тұжырымдады, туберкулез бен тәрбиелеу үрдістерін зерттеу саласында көптеген істер атқарды. Патша үкіметінің құғынына ұшыраған Мечников Ресейден шетелге кетуге мәжбүр болды да, 1888 жылдан өмірінің ақырына дейін Парижде Пастер институтында жұмыс істеді.

Илья Ильич Пастермен бірінші рет Париждің Латын кварталындағы Воклен көшесінде кездесті. Пастер — кішкентай ғана, сақал-шашы аппақ қудай карт кісі — құтыруға қарсы егу жүргізіліп жаткан асығыс салынған үйшіктің қасында отыр. Ол бетін күн шуағына құмарлана тосады. Басында қара тақия, ал қалың қастарының астынан қырагы көгілдір көздері тесіліп қарайды. Пастер жартылай төсекке таңылып қалған-ды, денесінің сол жағы қымылсыз еді.

Ол Илья Ильичті қуана қарсы алды. Өңгіме бірден организмнің микробтармен күресуі мәселелерінің төнірегіне ауысты.

Мечниковтың фылыми еңбектеріне өзінің көзқарастарын айттып, Пастер қонаққа аса жылы шырайлы пейіл көрсетті. Ол Илья Ильичті институт жұмысымен қуана-куана таныстыруды.

Мечников амалсыздан Парижде қалып, осында орыс ғылыминың абыройы үшін күресуге бел байлады. Мечниковтың Пастер институтындағы зертханасы кейінірек реңми емес орыс бактериологиялық институтына айналды. Ондаған, жүзделген орыс фалымдары Парижде Илья Ильичпен жұмыс істеп, орыс ғылыминың туын жоғары көтерді. Дүниежүзілік микробиология тарихында, Мечниковтың орыс микробиологтерінің мектебі ең құрметті орындардың бірін иеленді.

1908 жылды Стокгольмнен күтпеген хабар келіп жетті. Илья Ильич Мечниковке Эрлихпен бірге иммунитет жөніндегі зерттеулері үшін Нобель сыйлығы берілді. Нобель сыйлығы Илья Ильич туындысы фагоцитарлық теорияны дүниежүзілік мойындаудың белгісі деп қабылдады.

*Могилевский Б. Илья Ильич Мечников.
М., 1958. С. 25-26.*

ҰЛЫ ФАЛЫМ. АЗАМАТ. ПАТРИОТ

(Д. А. Бирюковтың “Иван Петрович Павлов”
аттық кітабынан)

И. П. Павлов (1849—1936) — ұлышы фалым, физиолог, жаңуарлар мен адамдардың жоғарғы нерв қызметі туралы материалистік ілімнің негізін қалаушы. Оның шартты рефлекстер туралы ілімі адам психикасының құпияларын — жүйкеде, бас миында өтетін күрделі процестерді ашуға мүмкіндік берді. Өзінің асқорыту процестерін ашқан жаңалықтары үшін И. П. Павлов 1904 жылы Нобель сыйлығын иеленді. И. П. Павлов өзінің бар қүшін орыс ғылыми жетілдіру мен дамытуға арнады, ол ғылымға жантәнімен берілген фалым еді.

“Ойлаудан ләzzат алу — деп жазды ол, — ең өткір, ең терен, нағыз шексіз сезім. Адам үздіксіз оймен жұмыс істейді. Адам өз көзқарасымен дүниенін бір бұрышымен тұйықталып қоймай, оны түгел қамтығысы келеді. Ал бұл — парасатты, сезімге лайық өмірдің және заттарды анағұрлым дұрыс түсінудің қажетті шарты. Табанының астынан артық жерді көре алмайтын адамдарды тіршілік тырбандауды қалай ұрып-соқты кең көзқарасты адамдардың жаңын солай қинауга олардың құдіреті жетпейді” (И. П. Павловтың хаттарынан.) И. П. Павловтың жекебасының нағыз жарқын қасиеттерінің бірі оның Отанына, өз халқына деген шексіз де терен сүйіспеншілігі еді.

Бирюков Д. А. Иван Петрович Павлов.
М., 1949. С. 43-44.

РЕАКТИВТІК ҚОЗҒАЛЫС ЖӘНЕ ПЛАНЕТААРАЛЫҚ ҚАТЫНАС ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

(Н. Усовтың “Жұлдыздарга барап жолда” кітабынан үзінді)

К. Э. Циолковский (1857—1937) — ұлышы қиялшыл және фалым, реактивтік қозғалтқыш теориясын ойладап тапты және ғарышқа ұшу мүмкіндігінің негізін қалады. Ол кеңес ғылыми тамаша табыстарға жеткізді, соның арқасында Кеңес Одағының алғашқы ғарышқа ұшулары жүзеге асырылды.

...Егер планетааралық кеме секундына 8 шақырымнан кем емес жылдамдықпен қозғалатын болса, ол атмосфера-ның шетіне шығады да, Ай сияқты Жердің серігіне

айналады, себебі мұндай жылдамдық кезінде ортадан тепкіш күш жердің тарту күшіне теңеледі. Ал егер қозғалыс жылдамдығы секундына 12 шақырымнан көп болса, онда зымырандық снаряд жердің тарту күшін түбегейлі жеңіп, күн маңындағы кеңістікке кетеді де, планеталар мен метеориттер арасын біраз шарлап, біздің Жер мен Марс сияқты Күннің серігіне айналады. Егер ұшу уақытты мен траекториясын жақсылап есептесе, ондай кеме Марс не Венераға қона алады. Қону? Әңгіме сөзде емес. Адамзат осы формулаларды іске асыруға үйренген кезде қажетті сөз өзінен-өзі-ақ табылады.

Егер жылдамдықты одан да көбейтсе, реактивті кеме Күн жүйесінен де жұлдынып шығып басқа жұлдыздарға кетеді. Мүмкін оны Центавр шоқжұлдыздарының жақын орналасқан жұлдызының біреуіне жіберер. Бәрі де осылай, математиканы білетін кез келген кісі бұл есептермен келіседі. Олар талассыз.

Бірақ ондай жылдамдықтарға қалай қол жетеді, бұл формулаларды қалай жүзеге асыруға болады? Олар мәнгі бақ тек киялшылдардың игілігі ғана болып қалmas па екен?

Жок, олай болып қалмайды! Ал Циолковский егер ол формулаларды сұйық жанармайлар пайдаланатын зымырандарға қолданса, іске асатынын түсінді және дәлелдеді. Ол өзінің төл формуласын, ол арқылы кеме-зымыран қозғалатын теорияны жасады. Бұл іске асады! Міндетті түрде болады! Адамзат бір орында тұрақтап қалмайды, ол әрдайым алға үмтүлады, сондықтан ерте ме, кеш пе оның формуласына келеді.

Зымыран, тек қана зымыран адамды жердің тарту шебінен алыш шығады.

ТЕАТР

XIX және XX ғасырлардың тоғысында театр өнерінің дамуында екі өйгілі театр қайраткерлері және әртістері К. С. Станиславский (1863—1938) мен В. И. Немирович-Данченко (1858—1943) негізін қалаған Мәскеу Қөркем театры үлкен рөл атқарды. Театр өмір шындығын жан-жақты көрсетуге, дүниежүзілік және орыс драматургиясының озық үлгілерінің негізінде көрермендерде эстетикалық талғам төрбиелеуге үмтүлді. Бұған Чеховтың “Шие бағы”, “Апалы-сінлілі үшеу”, “Шағала”; Горькийдің

“Шыңырауда”, “Тоғышарлар”, т.б. пьесаларының қойылымдары өсөр етті.

Музыкалық театр мәдениеті ірі ошактарының бірі Мәскеудің Үлкен театры болды. Бұл театрдың сахнасында атақты әншілер Ф. И. Шаляпин (1873—1939), Л. В. Собинов (1872—1934), А. В. Нежданова (1873—1950) өнер көрсетті.

Жазушы Т. Л. Щепкина-Куперник өзінің естеліктерінде опера өнерінің тамаша шеберлерінің бейнесін көрсетті.

Ф. И. ШАЛЯПИН — ОРЫС САХНАСЫНЫҢ АЛЫБЫ

Шаляпин — орыс сахнасының алыбы, тек қана орыс емес, сонымен қатар дүниежүзілік сахнадағы таңғажайып, әрі зор құбылыс. Оған опера өнерінде жаңа сөз айтуға жазылған екен. Ол әрқайсысы шығармашылықтың өзіне тән саласында осы жаңа сөзді айтып кеткен ұлы өзгертушілердің бірі болды: орыс әдебиетінде Пушкин, орыс музыкасында Глинка, орыс драмасында Щепкин, міне, сондай жасампаздар болған еді.

Оның мәні теренде, жай ғана же зстандай әнші деген атақтан да үлкен. Ол өз мектебін, өзінің әртістік жолын салып кетті. Енді ол жолдан қиғаш кете алмайсыз. Оның ең бастылары — операдағы терең халықтық шындық. Ол сахнадан ескірген үлгілердің кертартпа әдістері мен жалған шабытын сілкіп таstadtы. Оның шын қызметі, өмір ерлігі, міне, осында, сондықтан оның таспаларын толқымай тындау мүмкін емес. Әртісті бүкіл ел біледі әрі құрметтейді; даңғазага толы Мәскеуден мұлтіген Арктикаға дейін оның даусы қалықтауда, одан біз бірде жастық жалынын, бірде терең күрсініс пен мұнды естіміз.

Т. Л. Щепкина-Куперник. Из воспоминаний. М., 1959. С. 316-317.

МАЗМУНЫ

I бөлім. ЕУРОПА ЖӘНЕ АМЕРИКА ЕЛДЕРІ (1914—1939 жж.)

АҚШ	3
Ұлыбритания	6
Франция	9
Германия	10
Кеңестік Ресей. КСРО	15

II бөлім. XX ФАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІ (1918—1945 жж.)

Жапония	31
Кытай	32
Монголия	40
Иран	45
Ауғанстан	48
Түркия	49
Халықаралық қатынастар	52
Екінші дүниежүзілік соғыс (1939—1945 жж.)	63

III бөлім. XX ФАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ — XXI ФАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ЕУРОПА ЖӘНЕ АМЕРИКА ЕЛДЕРІ

АҚШ	82
Ұлыбритания	90
Франция	92
Германия Федеративтік Республикасы	96
Италия	98
Австрия	100
Польша	101
Югославия	102

IV бөлім. XX ФАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ — XXI ФАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІ

Жапония	103
Кытай	105
Монголия	109
Үндістан	111
Ауғанстан	117
Иран	117
Түркия	118
Азиядағы араб елдері	119
Африка елдері	126
Ангола	126
Халықаралық қатынастар	127
Мәдениет және ғылым	161

Учебно-методическое издание

Составители:

**Кожахметұлы Кенесбай
Чупеков Абдугали Абсалямович
Губайдуллина Мара Шаукатовна
Бекиш Раухан Мухамедьяровна**

ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ

Хрестоматия

Учебное пособие для 9 классов
общеобразовательных школ
(на казахском языке)

Третье издание, переработанное

Редакторы *А. Тажидаева*
Көркемдеуші редакторы *Д. Булатов*
Техникалық редакторы *И. Тарапунец*
Корректоры *Г. Тұрмаганбетова*
Компьютерде беттеген *И. Алмабаева*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім жөне ғылым министрлігінің
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы
7 шілдеде берілген

ИБ № 3501

Басуға 26.06.13 қол қойылды. Пішімі 84x108^{1/32}.
Офсеттік қағаз. Қаріп түрі “Школьная”. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 8,82. Шартты бояулы беттаңбасы 9,24.
Есептік баспа табағы 7,71.
Таралымы 13 000 кос. дана. Тапсырыс №

“Мектеп” баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.
Факс.: 8(727) 394-37-58, 394-42-30.

Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34.
E-mail: mekter@mail.ru
Web-site: www.mekter.kz